

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**АКИМАТ ПAVЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**AKIMAT OF PAVLODAR REGION  
TORAIGHYROV UNIVERSITY**

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ХАКІМ АБАЙ – ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ, ПОСВЯЩЕННОЙ 175-ЛЕТИЮ  
АБАЯ КУНАНБАЕВА «ХАКІМ АБАЙ –  
ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ»**

**MATERIALS  
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL  
CONFERENCE DEDICATED TO 175TH ANNIVERSARY  
OF ABAY KUNANBAYEV «ХАКІМ АБАЙ –  
ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ»**

**ПАВЛОДАР  
2020**

ӘОЖ 821.512.122.0(063)  
КБЖ 83.3 (5 Каз)  
А 13

**Редакция алқасының мүшелері:**

Ержанов Н.Т., Бегімтаев Ә.И., Зейнулина А.Ф., Қрыкбаева М.С.

**Жауапты хатшылар:**

Қабдолла М.О., Исенова Б.К.

А 13 Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Хакім Абай – әлемдік өркениет феномені» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Павлодар : Торайғыров университеті, 2020. – 128 б.

ISBN 978-601-345-084-1

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 821.512.122.0(063)  
КБЖ 83.3 (5 каз)

ISBN 978-601-345-084-1

© Торайғыров университеті, 2020

Пленарлық отырыс  
Пленарное заседание

**ОБЩИЕ КОРНИ, ОБЩАЯ ДУХОВНОСТЬ:  
ЛИТЕРАТУРНЫЕ ВЗАИМОСВЯЗИ ТАТАРСКОЙ  
И КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУР В АСПЕКТЕ ДИАЛОГА  
КУЛЬТУР (НА ПРИМЕРЕ ТВОРЧЕСТВА  
АБАЯ КУНАНБАЕВА)**

МИНГАЗОВА Л. И.

д.ф.н., профессор,  
Казанский Федеральный университет Татарстан, Казань, РФ

В свое время о татарах-ногаях Абай писал: «...они и солдатчину переносят, и бедность выдерживают, и горе терпят, и веру почитают. Умеют трудиться в поте лица, знают, как нажать богатство и как жить в роскоши» [Кунанбаев, 2014:12].

Эти слова, нам очень приятны. И гордимся тем, что Абай был знаком со многими татарскими знаменитостями, ознакомился с трудами таких татарских просветителей как, Шигабуди́на Марджани (1818–1839), Каюма Насыри (1825–1902), Хусаина Фаизханова (1828–1866) и других.

Судьба Абая во многом известно татарам благодаря роману-эпосе Мухтара Ауэзова «Путь Абая». Произведение о великом поэте еще при жизни автора в переводе было дважды опубликовано на татарском языке и до сих пор считается одной из любимых книг татарских читателей.

Произведения Абая в переводе, и, сведения о нем начинают появляться в татарских печатных изданиях в конце XIX-начала XX вв. Например, впервые в 1908 году в Оренбурге, в газете «Вақыт» публикуется статья о нем, и, несколько стихотворений Абая [Миннегулов, 2010:73].

Высказывания о великом Абае, о его роли в духовной жизни тюркских народов на татарском языке достаточно много. Но, к сожалению, такие материалы и сведения пока мало исследованы. Известный татарский литературовед Габдрахман Сагди (1889–1956) например, опубликовал ряд статей о нем, татарский поэт Дәрдменд (1859–1921), татаро-башкирский поэт Шаехзаде Бабич (1895–1919), классик татарской литературы, общественный деятель, ученый, автор знаменитого романа «Казакъ кызы»

Галимджан Ибрагимов (1887–1938) и др. писали о нем с великим восхищением [3;4;5].

Анализируя жизнь и творчество поэта классик татарской поэзии Сибгат Хаким писал, «Душа Абая вобрала в себя разбросанные по необъятным казахским степям печали и горести своего народа» [Хәким, 1981:5–10]. Эти слова в полной мере определяют творчество поэта. Так как Абай воспел чувства казахского народа, стал выразителем дум и чаяний своего поколения. Его поэзия, своими корнями уходящая в народную поэзию, поэзия активная, сыгравшая исключительную роль в борьбе в нравственном, идейном, эстетическом воспитании.

В его сочинениях можно увидеть детали, образы, присущий быту, природе, менталитету, образному мышлению казахов [Абай:1947; Абай:1981].

Пути роста художника, формирование его взглядов отражается в его стихах. Он поэт – влюбленный в родные края, в природу. Призывает к овладению науками и знаниями. Его беспокоит судьба родного народа, судьба казахской женщины. И, особа надо отметить, лирические произведения Абая сыграли заметную роль в утверждении принципов реализма не только в казахской литературе, но, и во всем тюркском мире.

Таким образом, Абай – крупное явление в истории национальной литературы казахского народа. Литературно-историческое, общественно– политическое значение его творчество велико. И оно не ограничивается пределами литературы Казахстана.

По этой причине, и на татарском звучат его произведения, переводчиками, которые являются, Ләбиб Хамидуллин, Нури Арсланов, Марс Шабай, Махмут Хусаин и др.

А теперь, позвольте, лирическое отступление, завершить доклад моим любимым стихотворением Абая на татарском:

Яктырмас кара кунлем, ни кылсам да,  
Күк йөзөндә ай-кояш чагылса да,  
Доньяда мина синен кебек яр юк  
Сиңа миннән артык яр табылса да!  
Мескен гашыйк, саргайса, сагынса да  
Яхшы сүзем гел читкә кагылса да,  
Мәхәббәткә түзә ул, риза булып,  
Хурлык вә мәсхәрәгә абынса да!

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Кунанбаев А. Слова назидания. Перевод Сатимжана Санбаева. – Алматы : Библиотека Олжаса, 2014. – 156 с.
- 2 Миннегулов Х. Записи разных лет. Татарская литература: история, поэтика и взаимосвязи. – Казань : Идел-Пресс, 2010. – 407 с.
- 3 Габдрахман Сәгъди. Фәнни-биографик жыентык / Фәнни мөхәррире Миркасыйм Госманов. – Казан : Жыен, 2008. – 416 б.
- 4 Галимжан Ибраһимов. Әсәрләр. Сигез томда. 5 нче том. Казан: Татар, кит. нәшр., 1978. – 625 б.
- 5 Шәйхзадә Бабич. Зәңгәр жырлар. Шигырьләр, поэмалар, мәкаләләр, хатлар / Төзүчесе Галимжан Гыйльманов. – Казан; Татар. кит. нәшр., 1999. – 544 б.
- 6 Сибгат Хәким. Могжизалар тудыра торган жир. Предисловие к книге «Абай...». – Казан : Татар. кит. нәшр., 1981. 212 б.
- 7 Абай. Шигырьләр һәм поэмалар / Мәхмуд Максуд тәржемәсе. – Казан : Татгосиздат, 1947. – 75 б.
- 8 Шигырьләр һәм поэмалар. Хикмәтле сүз / Төзүчесе Л. Хәмидуллин. – Казан : Татар. кит. нәшр., 1981. – 256 б.

## АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ОЙ ЖҮЙЕСІ МЕН МӘН ГАРМОНИЯСЫ

САЛҚЫНБАЙ А. Б.  
ф.ғ.д., профессор,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Тегінде, адамзаттық ақыл-ой бір арнада тоғысады – ол адами болмыстың ізгілікпен өрілуі. Қазақ ойшылы Абай шығармаларының да алтын қазығы – Адам, адам бойындағы ізгілік қасиет пен ізгілікке жеткізер жол. Ойшыл жасаған «толық адам» концепциясының басты құндылығы – жаратушы Алланы сүю, адамзатты сүю ұстанымының да өн бойында осы ізгіліктің сара жолы. «Атымды Адам қойған соң, қайтып надан болайын», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» дейтін ұлы ойшыл сөздерін терең зерделеу қажет [1; 191].

Абайдың «Әуелі бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боларсың елден бөлек» [1; 86] – деген ой тастайды.

«Үш – ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп толық адамның қасиеттерін нақты талдап көрсетеді. «Адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы». Ойшыл ақын адамды атаның емес, адамның баласы болуға насихаттайды. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырыңды» ғибрат етеді. Ой мазмұнында жүйе бар, ішкі гармония бар.

Ия, Абай дүниетанымындағы адами қасиеттің басты үлгісі – «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». М. Әуезов-суреткер былай деп жазған екен: «Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ой-толғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олар үш нәрсе: «надандық, еріншектік, залымдық» [2; 36].

Авторлық бағалаудағы данышпандық таңдау: «Адамды сүю, Алланың хикметін сезу». Сөздердің орынды қолданысы, етістіктердің мағыналық құрылымының түзілген ойдың мағынасын тиянақты бейнелеуі үлкен таланттың ғана емес, дананың ғана қолынан келетін өрнек екенін түсінесіз, мойындайсыз, таңданасыз. Қуанасыз! Бағалайсыз! Қуанатын себебіңіз – қазақи дүниетаныммен, қазақи түсінікте, қазақ тілінде жасалып жатқан адами құндылықты көріп, тамашалап, риясыз көңілден туған ризалық сезімнің сыртқа шығуынан.

*Адамды сүй, Алланың хикметін сез,  
Не қызық бар өмірде одан басқа?!*

Өлең мәтінінің тұжырымы – осы. Бұл жастарға, балаларға арналмаған, көзі көп нәрсеге ашылған, талай жасқа келгендерге арналып айтылған. «Адамды сүю, «Алланың хикметін сезу» деген тіркестердегі «сүю», «сезу» етістіктерінің терең мағыналық құрылымы мен сөз тіркесінің беретін мағынасының арасындағы семантикалық байланыс соншалықты нақты, анық, сәтті. «Адамды сүюден» артық адам баласының қолынан келетін бір жақсылық бар ма? Барлық адамның қолынан келетін жақсылық атаулының негізгісі – сүюден басталып, сүюмен тұйықталмай ма?! Адамды сүю – жақсылық қасиет атаулының басында тұратын тегеріштей. Сүю бар жерде жамандық атаулыға орын жоқ. «Сүю» жалған болса, оның жанынан «қызғаныш» атты қызыл ит қалмай ілеседі де, өзге жаманшылықтарды ілестіре әкеліп өзінше салтанат құрады. Онда «сенімге» орын қалмайды да, сорлайды. Ал «Алланың хикметін сез» тіркесіндегі «сезу» етістігінің келуінің де семантикалық мағынасы ерекше. Алланың хикметін сезу арқылы тіршіліктің мәні туралы түсінігіңіздің өзгеретіні өлеңде анық көрініс тапқан.

Өлең мәтініндегі бағалаудың шындық болмыспен, адами кейіп-болмысымен сәйкес келуі – объективтіліктің көрінісі мен субъектілі көзқарастың нақты бейнеленуінен. Бұл тағы да адами болмыстың ағымдағы нақты жағдайына негізделуінен. «Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы, Боқтан сасық боласың өлсең тағы». Адамның жағдайы осылай, бұл – пенденің физиологиялық ағзасына қатысты; «Мені мен сен тең бе деп мақтанасың, Білімсіздік белгісі – ол баяғы» – адамның психологиялық жағдайы. Тіршіліктің қоңыр күйін тыңдай жүріп, адам баласы кіммен араласпайды, көріспейді, әңгімелесіп сырласпайды дейсіз! Сірә, мақтанбайтын, мақтана алмайтын бір қазақ баласын көрмедім. Абай данышпан қателеспеген, бұл ұлттық ділге еніп кеткен бір пенделік қасиет. Мақтанып, мен далаға қараймын, мақтанып қалаға қараймын, мақтанып зәулім үй саламын, мақтаныш тұтып мешіт саламын, мақтанып ... мақтанамын...

Ия, ендеше, Абай данышпан айтып отырған сөзде жалғандық бар ма, немесе бұл маған қатыссыз деп айта аласыз ба? Бағалаудың басты мазмұнын анықтайтын критерий – күнделікті болған жағдаят пен шындық әрекетке негізделуі. Енді бағалаудың қорытындысы немесе нәтижесіне тағы назар аударалық:

*Адамды сүй, Алланың хикметін сез,  
Не қызық бар өмірде онан басқа?!*

Абай бағалауындағы байлам осы. Таңдау адам баласының пайдасын көздейді. Өлең мәтініне терең бойлап, сүнгіп қарау қажет. Біздіңше, мұнда эпистемологиялы рационалдық бар. Эпистемологиялы рационалдық адам санасында әлем бейнесі мен әлемнің өзінің арасындағы байланысты жақындата түседі, нығайтады. Ақын тұжырымы ілімдік мәнге ие. «Не қызық бар өмірде онан басқа?!» деу арқылы ақын өз тұжырымын, өз байламын түйіп айтады, түйіндеп айтады, өйткені бұл тұжырым ілімге, білімге, тәжірибеге негізделген. Рационалды ойлау арқылы адам өз өмірінде қателікке бой алдырмас еді, айналадағы шындықты орнықты да тиянақты танып, біліп, қабылдап, жағдайды дұрыс анықтаған адам ғана оң ойлап, дұрыс шолып, нақты тұжырым жасай біледі. Абай бағалауында екіұштылық, дүдәмалдық жоқ. Ойды тиянақтап тұратын предикаттық тұлғалар өздерінің көпмағыналық сипатына қарамастан, мәтінде нақты мағына иеленіп, бір ғана тиянақты ойды таңбалайды. Адамды сүй, алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа?! – деген сөйлемдегі «сүй», «сез», «бар» предикаттық тұлғаларының мағыналық құрылымы осы контексте дара мағынасында нақты қолданылған, бұл тіркестегі тұлғаларды екіұшты түсінуге немесе прагматикалық мағынасын басқаша қарап түсіндіру мүмкін болмайды.

Бағалаудың мәнін анықтап, нақтылап тұрған предикаттар негізгі прагматикалық мағынаның қасиетін көрсетеді. Абай көрсеткен адами болмыс шындыққа сәйкес, қолданылған тұлғалардың прагматикалық мағыналары қоғамдағы адамдарға толық түсінікті, әрі олардың әлем болмысы жайындағы дүниетанымымен, өмір туралы көзқарастарымен жақын. Бұлай деуіміздің мәнісі Алланың хикметін сезу мен адамды сүю туралы айтылған толғамды ой тек Абайдан ғана басталмағаны, шығыстық даналықты былай қойғанда, қазаки дүниетаным қалыптастырған әфсаналардан бастап, қазақ мақал-мәтелдері, ақын-жыраулардың шығармалары осындай ойды, осындай бағалауды айтып келе жатқаны, жырлап келгені аян. Абай жаңалығы – Абайша жаңа бағалауында, яғни бұрынғы айтылған білімді, жасалған тілдік тәжірибе мен ойлау жүйесіндегі шұрайлы талғамды сіңіре отырып, жаңа мазмұнда, ерекше формада, жаңа нәтижелермен жеткізуінде. Танымдық тәжірибе негізге алынып, уәжделіп, жаңа сапада халық игілігіне ұсынылуында. Мәтіндегі ойды мүлде жаңа деп айта алмайтынымыз анық, алайда Абайлық бағалаудың маңыздылығы – анықтығында, нақтылығында.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі үш сүю: бірінші сүю – Алланың адамзатты сүюі (махаббатпен жаратқан адамзатты), екіншісі – адамның Алланы сүюі (сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті), үшіншісі – адамның адамзатты сүюі (адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп).

Кей ғалымдар үш сүюдін сипатын бұдан өзгеше таратады: бірінші – адамның Алланы сүюі, екіншісі – адамның адамзатты сүюі, үшіншісі – адамның әділетті сүюі.

Екі пікірдің қайсысы дұрыс не бұрыс деп пікір тарқатудан өзір аулақпыз.

Талас туғызатын бірінші және төртінші жолдар. Бұл жеке ғалымның Абай сөзінің мәнін өзінше түсінуі деп пайымдайық.

Абай өлеңдеріндегі «адам өмірі», «адам өмірінің мәні» сияқты мәселелердің талдауын ХХ ғасырда Еуропада қалыптасқан экзистенциализм қағидаларына жақын деп қарастыруға негіз бар. Экзистенциализм – адамның өзіндік «Менін» тануы, өмір мен өлімнің мәні, еркіндіктің мағынасы, адамгершілік, рақымдылық, сұлулық, әділеттілік пен ақиқат, адамның дүниеге келудегі мақсаты, қоғамдағы орны сияқты көптеген философиялық мәселелерді шешуге ұмтылса, бағамдаған кісіге осы сұрақтардың көпшілігі Абай шығармашылығында өзіндік орын алған. Экзистенциализм бағыты өкілдерінің көзқарасы бойынша: өзіндік Менін түйсіну және өзгемен санасу адамды саналы әрекетке жетелейді. Данышпан Абай *«Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек»* деу арқылы өзін бағалау мен өзгені бағалаудың мәнін, өзгені өзіндей бағалаудың адами артықшылығын, ақылды жанның ісі екенін ерекше көрсетеді. Абай ұлылығы сонда: ол тек өз руының, өз ұлтының жыртысын жыртып, «мен мықтымынға» ешқашан салынбаған.

«Адамзаттың бәрін сүйді» Абайдай айтқан әлемде тағы кім бар екен?

Мүмкін бар болар.

Менің білетінім – Абай.

Демек, осындай ұлық мінез көрсеткен, кісіліктің келбетін, бүтін бітімдік қасиетке жетіп, толық адам болған Абайдай данышпанды әлемдік деңгейде бағалауымыз орынды. Енді отыз сегізінші Қара сөзінен шағын үзінді тыңдаңыз: *«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп*

*болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады. Бұлардың емі, халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, гадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымы құдаға мұқтәди болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұқтәди болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және құдай тағала әрне жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Бәлки, бұларсыз тағат тағат та емес».*

Ақылды адамның ақылдылығы өзіне қажеттіні алумен, табумен емес, өзгені өзіндей бағалауымен өлшенеді. Экзистенциалистер де адамгершілік құндылықтарға бет бұруды өздерінің басты ерекшелігі деп танығаны белгілі. Абай көрсеткен адам баласын қор қылатын нәрселер экзистенциализмнің негізгі өкілдерін идеялық қолдаушылар саналатын Ф. Шеллинг, С. Кьеркогор, А. Шопенгауэр, Ф. М. Достоевский, Ф. Ницше сынды жазушылар мен ғалымдардың зерттеулері мен көркем шығармаларының негізі болған еді. Адамгершілік құндылықтарды адам тіршілігінің баянсыздығы тұрғысынан қарастыру басты тақырыпқа айналған бұл еңбектерді Абай шығармаларымен салыстыру көп нәтиже бермек. Алайда экзистенциализмнің барлық қағидалары Абай қолтаңбасына тән деуден аулақпыз, адам жаны, өзекмәнді іздеудегі негізгі қисындар арасында жақындық бар екенін айтпақпыз, өйткені ақын мақсаты адамды уайымға салып, күйзеліске ұшырату емес, қысқа өмірді мәнді өткізуге қозғау салу, ойландыру, іс-әрекетке жетелеу, надандықтан арылып, адамдық қалыпқа ұмтылдыру, толық адамдыққа жетуге талаптандыру. Абай болмыс мәселесін талдауда ғылыми танымға үлкен көңіл бөлген. *«Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмалық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады»* деп жазады Қара сөзінде.

«Ғылым таппай мақтанба» тақырыбын кеңінен талдап жазған да Абай еді. Хайдеггер адам болмысының негізгі сипаттамаларын талдай отырып, әлемде өмір сүру таным акциясының, заттармен әрекет жасаудың іске асуы ғана емес, әлемнің өзі тандау жасау мен мүмкіншілік, тағдырдың орны мен тарихи жүзеге асуы өтетін нәрсе екенін ерекше ескертеді.

Ф. Есім «Хақим Абай» атты мақаласында: «Поэт стремится определить свое место в этой жизни. Со стороны может показаться, что он не разочарован в жизни, но рассуждая о ее бренности, поэт пишет: «Яд и ад во мне – пусть я с виду иной. В жизни мало успев, кончу путь земной». Эти мысли сходны с рассуждениям западно-европейских экзистенциалистов. Хорошо это или плохо, осуждать нам поэта или восхвалять? Думаю, ни то, ни другое. Ведь суть наших размышлений – в мировоззрении Абая, и эти мысли ценны самой постановкой проблемы – смотреть на мир глазами поэта и посредством этого познать, понять его» деп жазады [6, 14-қазан, 2013].

Сонымен, «адами фактор», «адам өмірінің мәні» мәселесінің мазмұны күрделі, мәні терең. Тіл білімінде «әлем бейнесі», «әлем суреті», «әлем моделі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлемнің концептуалды бейнесі», «әлемнің когнитивті бейнесі» деген ұғымдарды туғызған бұл бағыт терең зерделеуді қажет ететін өзекті ғылыми мәселенің бірі санатында. Абай шығармаларындағы бағалау концептін таразылау барысында әлемнің тілдік бейнесінің көріністерін анықтау арқылы халықтық бағалау жүйесін де саралауға, шамалауға толық негіз бар.

Біздіңше, әркім-ақ, өз заманының жырышысы, жаршысы бола алады. Заманында көргенін, білгенін түйіндеп жазу жай тарихшының да қолынан келмек іс. Ал Абай жазған ақиық ой, ақиқат шындық тек сол замандікі ғана ма? Тек кешегі XIX ғасыр ортасы мен XX ғасыр басында өмір сүрген біз бен сіздің ата-бабаларымыздың уағында «Ар ойлайтын адам азайып, пайда ойлайтын сабырсыз, арсыз, көрсекызар, жалмауыз жандар шықты. Сырттансымақ, қусынбақ, өршілденбек бұлардың ажарын ашатын көрікке айналды. Алашқа сыртынан күліп, ішінде жаулық сақтады, жақынын тіріде андып, өлсе өкіріп жылайтын әдет тапты. Терін сатпай, телміріп көзін сатып, теп-тегіс аларман болды. Ұрлықпен мал табатын, егессе ауыл шабатын құдай атқандар, бойы бұлған, сөзі жылмаңдар, басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, күлкішіл керден надандар қатар түзеді ...» ме? («Абай Адам мен заман туралы», 23 ақпан, 2012 жыл,

Абай институты сайтынан). Осыншама «жамандық» тараған ел арасынан Абай мен Шаһкәрім, Мәшһүр Жүсіп пен Дулат, Бөлтірік пен Сүйінбай, солардың ізін баса Әуезовтер мен Жамбыл бабалар қалай шықты екен? Абай өз заманының ғана жыршысы болса, «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген үн-ұранды айтар ма еді? Пайда ойламай, ар ойлау сол заман үшін ғана қажет болды ма? Немесе «ғылым таппай мақтанба» қазір керек емес пе? Бұл тек қазақ қоғамы үшін ғана орындалатын ақиқат па?

Әсте де ОЛАЙ ЕМЕС!

Абай өз заманының ғана емес, заманалардан асып туған, бір елдің емес, адамзаттың Абайы болған ғұлама. Абай айтқан әлгіндегі ғалымдар санамалаған надандық қай елдің баласында жоқ екен? Немесе қай елдің баласы надандықтан арылып, барлығы толық адам деңгейіне жетіпті. Ел болған соң, оның ішінде еркесі де, серкесі де, тоғышары да, ақылдысы да, наданы да болатыны тіршіліктің өз заңдылығы емес пе? Яғни, Абай данышпан тек қазақ қоғамын айтып отыр деу бекершілік. Ия, негізгі дереккөз қазақ ортасы, қазақ болмысы екені анық. Алайда бұл қасиет адам баласына түгел ортақ қасиет десек қателесеміз бе? Адамзаттық мәселені көтерген ұлы Абайдай данышпанды өз көкжиегінен көру, өз деңгейінде бағалау қажет. Ол жүрек бірді емес, миллиондарды сүйіп, «мыңмен жалғыз алысты», «адамзаттың бәрін сүйге» шақырды.

*«Распенен таласпа му'мин болсаң,*

*Ойла, айттым, адамдық, атын жойма!»* – дейді ғой Абай.

Адамзатқа сөз арнаған Абайдай данышпан бір рудың немесе бір елдің жоғын жоқтап, өзгелердің бәрін қаралап сөз арнады деу – надандық болар еді. Абай заманында сыналған жандар, қазір жоқ деуге келмес, олар қай заманаларда да болған, бар, бола бермек. Бұл карама-қарсылықтың бірлігі мен күресі дейтұғын диалектика заңдылығына сыятын, адам баласының пешенесіне жазылған тіршілік-ғұмырдағы тағдыры. Адамдық пен надандықтың тартысы әлмисақтан бері келе жатыр, тартыс жүре бермек. Қызғаныш, бәсекелесу Адам атаның бел баласынан бастап, бүкіл ұрпағына мирас етілді, бұл да даму үшін болатын қажеттілік, бәлкім.

Өйткені табиғаттың өзі Алланың жаратқан сұлулығы. Одан артық сұлулықты адам баласы қолымен жасамақ емес. Абайдың қарапайымдылығы мен ұлылығы сол – ол әлем болмысын сол қалпында кестелі сөзбен өрнектегені. Ештеңені әсірелемей, «әсемпаз» болмай, өнерпаз болған. Нағыз суреткер табиғатты өз қалпында өзгеріссіз, авторлық интенциямен беру арқылы өзінің хас

шеберлігін де танытқан. Өлеңдегі етістіктің көп кездесуінің мәнісі – табиғи көріністі өзінің ішкі қозғалысында бұзбай көрсету, шын сұлулықты асырып айту емес, өйткені ол мүмкін емес, өз бояуымен, өзінің қозғалыстағы әрекетін таныту арқылы беру. Авторлық кредо «әсемпаздық» емес, өнерпаздық.

Поэтикалық лебіз логикалық терең байланысқа құрылған. Күн мен жердің махаббаты өлеңнің негізгі композициялық жүйесін де, логикалық мәнін де айқындайды. Тіршіліктің негізі – осылар. Ал қалғаны осы ұлы махаббат нәтижесінде, соның себебінен туындайтын салдарлар. *«Жан-жануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер күннің көзі»*. Бұл сурет емес, бұл әлеми болмысты тану. Күн адамзат баласына ортақ, күннің елжіреуі де Адамзат баласының пейілінен! Пейілінен, таңдауынан. Адамзат баласы пейілі түзу болса, күн ата-анадай елжірер. «Елжірер» сөзінің грамматикалық семантикасы мен лексикалық мағынасына көңіл бөлейік. Автор мұнда «елжіреді, елжіреп тұр, елжіреп кетті» деген сияқты осы шақ немесе жедел өткен шақ формаларын қолданбайды, «елжіре» етістігіне -р (-ар, -ер) есімше тұлғасын жалғау арқылы келер шақтық мән үстеп, мүмкіндік семасын үстейді. Яғни «елжірер» семасында келер шақтық, мүмкіндік мағына бар, өйткені бұл адамзаттың өзінің пейіліне, ниетіне, «анталай қарауына» байланысты.

Бүгінгі жазғытұры осындай Күннің елжіреген сәті. Жер масатыдай құлпырып, «қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып» жатыр. Достық пейіл, оң көзқарас, түзу ой – жаз жайлауға шығып, қауымдасқан қазақ баласының таңдауы. Шаруа жасап, мал бағып, егін егіп, тіршілік нәпәкасын жасап жатыр.

*Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,*

*Мейірбандық, дүниеге нұрын төгер.*

*Анамыздай жер иіп емізгенде*

*Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер.*

*Жаз жіберіп, жан берген қара жерге*

*Рахметіне Алланың көңіл сенер.*

Адамзат таңдауы тура жолда болып, түзу ойда болса, Алланың Рахметі, шапағаты мол. Абай жазғытұры шақты тек суреттеп тұрған жоқ, бұл әлеми таным дегенде, айтпағымыз осы өлең жолдарынан анық аңғарылады. Жер жүзін безендіріп тұрған тәңіріден артық «безендіру» кімнің қолынан келмек...

«Жазғытұры» өлең мәтінінде «адамзат» сөзі екі рет қолданылған. Кісі баласына айтылатын өзге сөз емес, «адамзат» сөзінің пайдалануын да кездейсоқ деп тани алмайтынымыз түсінікті. Жазғытұры жайлау қазақ ауылына ұқсап, «түйе боздап, қой қоздап – қорада шу» болып жатқандай көрінгенімен, өлең мәні тереңде. Жазғытұры табиғатта болып жатқан өзгерістерге «Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер» деу арқылы автор ойының астарының тереңде, танымының биікте екенін аңғаруға болар еді. Данышпандық сіңген дархан ой «алысқа сермеп» жүректі тербейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қара сөздер, – Алматы : Атамұра, 2014. – 288 б.
- 2 Әуезов М. А. Құнанбайұлы. Монографиялық зерттеу, – Алматы : Санат, 1995.
- 3 Ұлы дала тұлғалары. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Алматы, 2013.
- 4 Абай. Қалың елім, қазағым. Алматы. Атамұра. 2002. – 224 б.
- 5 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Алматы, Қазақ университеті. XXV том. – 350 б.
- 6 Есім Ф. «Хакім Абай». Интернеттен, 14-қазан, 2013. <https://adebiportal.kz/kz/books/view/2694>

## ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЙІСУЛЕР

ЕРЖАНОВА С. Б.

ф.ғ.д., профессор,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Жұмыстың мақсаты: Әдебиеттануда суреткерлердің ұқсас танымдық ой ағымдарындағы кездесіп жататын типологиялық түйісулер әлі күнге дейін ғылыми айналымда қызығушылық танытып келеді. Бұл типологиялық түйісулер әдебиеттің даму үрдісімен әр түрлі формада әр шығармашылықтың стильдік ерекшелігін танытуға мүмкіндік береді. Әдеби дамуда мұны жалпы ұқсастық және жекелік деп айтуға болады. Мәселен Абай Құнанбаев шығармашылығында кездесетін фарабилік бояулар осының айғағы. Әл-Фараби мен Абайдың шығармаларының уақыт кеңістігін жеңіп, бір рухани кеңістікке айналғанын байқауға болады.

Шығыс пен Абайдың философиялық көзқарастарындағы сабақтастықты орнату – түркі-мұсылман мәдениетінің дамуындағы мыңжылдық лакуна мен «номадизмнің кең жолы» немесе «дала интеллектуализмі» десек те болады.

Біздің талдау Абай көзқарастарының Екінші Ұстаздың философиялық жүйесіне тәуелділігін ғана емес, сондай-ақ Ұлы Отырарлықтың бастапқы экзистенциалды бастауларын да анықтайды.

Сонымен бірге, Абай шығармашылығының Шығыс пен Батыстың көпғасырлық герменевтикалық ойларының рентгені немесе ислам мен көнелікті қамта отырып жарыққа шығуы бізге жалпы әлемдік ойдың дамуы барысында «Семейлік дананың» пайымдарының мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл кез келген философиялық ойдың бастапқыда жалпы әлемдік құбылыс екендігін дәлелдейді. Жергілікті (ұлттық) мәдениет бар, алайда өзінің адалдығына байланысты ой әрқашан жергіліктілікті жеңе алады. Барлық философтардың ұрпақтан – ұрпаққа қайта оқылатын және түзетілетін біртұтас жаһандық мәтіндерді жазуының себебі олардың бірін-бірі түгендеуінен бе?

Дегенмен де біздің алдымызда жүзеге асырылмайтындай міндет тұр: тікелей айғақ пен тарихи дәлел жоқ жерден сабақтастықты анықтау. Бір қарағанда біздің алған тұлғалар салыстыруға да келмейді: біреуі Аристотельден кейінгі екінші адамзат ұстазы деп аталған әлемдік философияның көпшілікке танымал классигі,



ал екіншісі – Семейден ары ешқайда шықпай, Мұхтар Әуезовтің эпопеясынан кейін ғана әлемге аты шыққан дала данышпаны. Расында да, өздеріңіз ойлап қараңыздар, әл-Фараби 870 жылы, ал Абай 1845 жылы дүниеге келген. 1844 жылы одан бір жыл бұрын туған, Ницшенің замандасы болып табылады.

Ендеше, Абай мен әл-Фараби арасында Араб Халифатының гүлденуі мен құлдырауы, Орталық Азиядағы моңғол иелігінің ұзақ дәуірі, Алдын Орданың күйреуі мен Қазақ хандығының пайда болуы, қазақ-жоңғар соғысы мен қазақтардың Ресейге қосылуы жатыр. Бірақ неліктен біз сонда да дала данышпаны Абайдың фарабиандық -перипатетикалық шығу тегі туралы ойларын оқимыз?

Ол өзінің философиялық ой толғамдары жазылған қырық үшінші қара сөзінде былай деп жазады: «Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсиби – оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі» [1]. Бұл жерде әл-Фараби ұстанған әлемді аристотельдің индуктивтік қабылдауы сипатталған.

Абайдың он үшінші қара сөзін қарастырсақ, оның түсінігі бойынша сенудің екі түрі бар – якини иман немесе таклиди иман: «Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел – испат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз» [1].

Мәселен. Бұл әл-Фарабидің «Бақытқа жету туралы» трактатында сипатталған философия мен дін ілімінің арасындағы айырмашылықты еске түсіреді, пайымдама екі түрлі жолмен құралады: не расталған дәлел көмегімен, не нану және сену көмегімен. Егер бар заттарды тану немесе зерттеу кезінде олардың мәнін тікелей түсінсе және олар туралы шынайы дәлелдер арқылы пайымдауларды құралса, онда осы танымдарды камтитын ғылым

философия болып табылады. Олар бір-біріне ұқсас ұқсастықтарды елестету арқылы пайда болған кезде және наным арқылы осы киял туралы пайымдаулар жасалғанда ғана, осы білімді камтитын ежелгі білім «шынайы пікір» деп аталады. Егер бұл танымды заттар өзін-өзі қарастыратын болса және сендіру әдісі арқылы ұғынатын болса, онда мұны «діни ілім» деп атаған жөн. Нәтижесінде философия осының бәрін дәлелдейді, ал «діни ілім» оған сендіреді.

Осылайша, Абай он үшінші қара сөзінде сенімге қатынасты айта отырып, философия мен діннің бір-бірінен айырмашылығын көрсетеді, алайда ол үшін ешқандай айырмашылық жоқ, себебі ол тек діни философияда ойланады. Дегенмен де ол осы ойда да әл-Фарабидің ынталы жалғастырушысы болып табылады. Хатамидың пікірі бойынша, әл-Фараби дәуірінен бері ислам философиясында философия мен діннің бір-біріне қарама-қайшылығы жоқ, себебі философия – болмыстың шынайы мәнінің көрінісі, ал дін бұл ғаламның мәні мен адамның осы өмірдегі орындайтын міндетінің көрінісі.

Сонымен, шынайы дін сөзсіз шынайы философия секілді. Тек философия таңдаулы ақсүйектерге ғана, ал діннің тілі қарапайым халыққа да түсінікті. Алайда бұл пункт Абайдың ұстазымен ойы сәйкес келмейтін тұсы. Ол халықты жалпы және ақсүйектерге бөлмейді. Ол үшін өмір өзімен-өзі шынайы.

Ол өзінің философиялық бағытта жазылған отыз сегізінші қара сөзінде әулиелер мен пайғамбарларды айыптай отырып, келесіні жазады: «Егер де пайғамбарлардың жолы барлығына емес, тек санаулыға тиісті болса, онда жартылай-шынайылықтың бар екендігіне жол беру қажет. Сахиб ниғметке шүкіршілігін жоқ болса, әдепсіздікпенен күнәкәр болмайсың ба? Екінші – бұл жолдағылар қор болып, дүниеде жоқ болып кету де хаупі бар, уә көпірлерге жем болып кету де, қайсыбір сабырсызы жолынан тайып, сабырмен бір қарар тұрамын дегені болып кетселер де керек. Егерде бұл жол жарым-жартыларына ғана айтылған болса, жарым-жарты раст дүниеде бола ма? Рас болса, һәммаға бірдей рас болсын, алапаған рас бола ма, һәм ғадаләт бола ма? Олай болғанда, ол жұртта ғұмыр жоқ болса керек. Ғұмыр өзі – хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ» [1]. Бұл жерде біз Абайдың Ғұлама Ұстаз алдында соқыр сенімнің жоқ екендігін көреміз, керек жерде ол онымен пікір таласа алады және тек онымен ғана емес, бүкіл араб тілдес мұсылман философиясымен де айтысады. Осыдан дала-көшпендісінің табиғатын көруге болады, ол әлемді төзімділікпен

сынай алады және қажет болса барлығына қарсы уәжін де айта алады. Делез бен Гваттари жазғандай, көшпенділер дін үшін жақсы тірек бола алмайды; Абай философиясындағы тәңірді «кияңқылау» мен шындықты білу үшін қойылатын сұрақтарға талаптар өзгеше далалық, номадты сипатты баяндайды. Оның 38 қара сөзі түгелдей ислам ортодоксиясының негізін деконструкциялауға арналған. Абай Алланы асыра мадақтау мен бос әдет-ғұрыптылықтан оның артында Құдай мен адамзатқа деген шынайы махаббат жоқ болса еш мән– мағына көрмейді. «Ғашық-мағшұғлыққа халик бірлән махлұқ ортасы мунәсибәтсіз, алла тағаланың пендесін махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпенен ғана елжіремекті құдаға ғашық болды дейміз. Олай болғанда хикмет құдаға пенде өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хакім ат қойды» [1]. Алланың кеменгерлігін түсінген адамдарды хакім деп атайды. Заманауи терминологияда біз оларды философ деп атаушы едік. Бір қызығы әл-Фараби да бұл сөзді осы мағынада қолданған. Бірақ осымен бірге ол үшін мұсылмандардың басшысы – имам, ал заң шығарушы – факих болып табылады. Бұл жерде ол әрине Платонның ізін қуалайды, яғни әлемді философтар басқаруы қажет, алайда оның назарын араб тілінің стихиясы аударған секілді, себебі «хикма» сөзі шешім, билік пен даналықты да білдіреді, ал мұның бәрі бойында табылатын адамды хакім – даналық билеушісі немесе философ деп атайды. Бұл сөздің Абайға осы мағынада жеткендігі таңқаларлық, өйткені ол ғалым мен хакім терминдерін айқын ажырата алған. Ол үшін ғалымдарымыздың арасындағы бұл айырмашылық, біз қазір тар бейінді маман және философтың айтатынындай, болмыс пен әлемді танудың шекті мәселелеріне қатысты сұрақтарға жауап табуды өз парызы деп санайтындардың кесірінен қалыптасқан. Және сол үшін хакімдерді асыра мақтауды жалғастырушыларға біздің теолог былай жауап қатады: «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым» [1].

Оның бұл тұжырымдамасы әл-Фарабидің философ – заң шығарушы, рухани басшы және бір тұлға ретінде зияткерлік көсем екендігі туралы жоғарыда келтірілген ережесімен үндеседі. Яғни, бұл құдайдың және адамның ақиқатын түсіну барысындағы шекті ұғым. Абай да осылай қабылдайды, бірақ 19 ғасырдың өкілі ретінде одан терең ой түйіндейді, ол басқа сенімнің өкілдері немесе зайырлы білімнің ұстаушыларын хакім ретінде қабылдауға дайын. «Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып,

адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрияны тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уахсусан адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмалық үйреткендігі – баршасы нафиғлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жоқ» [1]. Осы тұста Абай өз заманының ғылыми-техникалық революциясы туралы жазады, яғни, әл-Фарабидің болжағыштығына қарамастан оның түсіне кіріп шықпайтын нәрселерді жазады. Дегенмен Хайдеггердің атом бомбасы Парменид бар кездегі зерттеулердің өзінде жарылғандығын жазғандай, Абай да барлық нәрсенің шын және жалған екендігін ажырату қажеттілігі туғаннан кейін басталғаны және соңғысы тек адамдарға игілік әкелетіндігін түсінген. Ең қызығы Абайдың өзін қасиетті исламның жақтаушысы қылып тәрбиелей отырып, тек онымен шектелмей, сонау үлкен далада жалғыз өзі білім нәрін сусындауға асығып, исламның рұқсат етілген шегінен шығатын әлемнің еуропалық картинасына дейін меңгере алғандығы болып табылады.

Абайға батыс-еуропалық философияның бұл дәстүрі Л. Н. Толстой арқылы, атап айтқанда, оның халыққа арналған кітапшалары арқылы жетті. Соның ішінде 1887 жылы қаңтарда «Посредник» баспасы шығарған «Оқу шеңбері» атты жұмыс күнделігіне айналған «1887 жылға арналған мақалдары бар күнтізбесі» бар. М. О. Әуезовтің айтуынша, Абай 1890–1898 ж. аралығында өзінің прозасын жазған. Демек, ол өзіне өте пайдалы болған Толстойдың «Календарь» – ын пайдалана алған, сондай-ақ Абайдан 27 қара сөзінде қолданылған көне ойлар осының дәлелі, себебі онда Аристотель-Сократ диалогы сөзбе – сөз мысал ретінде келтірілген.

Бірақ бұл жағдайда бізді Толстой емес, Ксенофонт емес немесе олардың Абаймен байланысы емес, оның философиясының соқраттық ирониямен және майевтикамен тереңдетілген соңғы көне моделі қызықтырады. Абайдың прозалық мәтіндердегі «сөздерін» қарастырсақ, айқын заттарды шексіз регламенттейтін шығыс үлгілерімен емес, батыстық үлгіні басшылыққа алып отырып жазғандығын байқауға болады. Мысалы «Кавус-наме» – XII ғасырдың ескерткіші немесе Юсуф Баласағұнның «Құтадғу білігін» алайық. Олардың барлығы алдыңғысынан бұрын немесе одан кейін дайындалуы керек, онда Аллах Тағаланы құрметтей

отырып, автор өзін-өзі мадақтайды және олардың мәні барлық жаңа және дәстүрлі емес діндерді теріске шығару болып табылады.

Абайды қарастыратын болсақ, XIX ғасырдың прогрессивті ағымдарын қамтыған оған мұсылман ортодоксиясының шеңбері тар көрінді, сондықтан ол форманы іздеуде еркін және ашық хат мәнеріне қарады, өйткені бұл мәнерде қай жерде не туралы және қандай да бір бағытта еркін ойлануға болатын еді. Алайда, бұл өзінің рухани негізінен бас тартуды білдірмейді. Ол мұнда феноменологиялық редукция жасап, исламның көне бастауларына, аристотельдік-платондық рационализмге қайта оралды. Дегенмен, Абайдың қара сөздерін таза философиялық шығарма деп атауға болмайды. Бұл – интеллектуалды публицистика, әдеп пен теология, мәдениеттану, философия түгелдей қамтитын түйдек-түйдек ойлар. Себебі эссеистика – бұл әрдайым негізделген ойлар, бұл қазіргі заманның терең қайнайтын ағыны, кейде жанр түсінігін жоққа шығаратын сын жанры.

Абай қара сөздерін жазбас бұрын өз жағдайын жақсы түсінді, халқын жете зерттеп үлгерді. Дамымаған ортада кез келген өркениетті қызмет мағынасыз болып көрінеді. «Ғылым бағу? Жок, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұндасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтағұғын күйік» [1]. Сәйкесінше, Абай ешкімге ғибрат айтқысы келмеді. Бұл ең алдымен өзінмен және Құдаймен сырласу, яғни, бұл ойды жалғыз дауыстап айту немесе батыс-еуропалық дәстүрде айтқанда монологтар. Бір қарағанда Августиннің «Монологын» немесе Марке Аврелияның «Ой толғауын» еске түсіреді. Өйткені, сол кездерде олардың басында да Абайға ұқсас жағдайлар болды, үш данышпан үшін де өз сенімдері бәрінен жоғары болды. Олар өздерін дамытып немесе өз ойларын тереңдету мақсатында жамағаттан жан – тәнімен бас тартуға дайын болды. Бірақ Абай адаспайды, дұрыс жол табады. Соңында: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», – деген ой айтады [1]. Мұндай жалғыздықта қалу бұл өзін шексіз ойларға айналдырған монологиялық шығармашылыққа бөлеу дегенді білдіреді; күндіз-түні бір нәрсені ғана тарататын логостың рөлін өз

еркімен ойнауды білдіреді. Тек мұндай сергектілікте ғана мәдениет құрылады, одан басқа рецепт жоқ. Осы мағынада Абай көшпенді халықтар үшін дәстүрлі ойлау мен сенімнің жолына қойған билікті қолмен тоғысқан Сократтың рөлін ойнады. Сол заманда Абайға байланысты мүмкіндіктің казактарда болғаны айтарлықтай қуантады.

Қара сөздер жинағында Абай орыс жолына тоқтамай, шығыс дәстүрлі ойдан тікелей бас тартып, Батыстың рухани тәжірибесіне жүгінеді және көне немесе нақтырақ айтқанда грек моделін сұрастырып білу арқылы ислам теофилософиясы мен ортодоксиясының көптеген мәселелерін қайта қарастыруға тырысады. Жалпы алғанда, Абайдың «ой толғаулары» – бұл мәдени шығарма, мұнда XIX ғасырдың қазақтарын этнографиялық, тарихи, діни, менталдық және басқа да халықтармен салыстырулардың кең аясында қарастырылған, бұл авторға оларды ұлтқа бөлмей және шовинистік тендециозсыз қарауға мүмкіндік береді. Бұл әлемдік әдебиетте табу қиын болатын суық, саркастикалық зерттеу. Егер бұл құнды мұра салыстыруға келетін болса, онда тек әл-Фарабидің бірегей туындысы «Мемлекет қайраткерінің афоризмдерімен» ғана.

Оларды тек жанр ғана емес, сонымен қатар қазіргі замандастардың ішкі әлемін қайта құру жолымен қоршаған әлемді қайта құруға арналған бағдар біріктіреді.

Философиялық өзгешелікке келетін болсақ, 13 қара сөзде жан жақта шашылып жатқан түйін ойлар бір жерге жиналып, шоғырланады. Өйткені, олар ислам еркінділігінің қандай да бір мәселелеріне арналған және сондықтан арнайы түсініктемені талап етеді. Әрине, олардың ішіндегі ең маңыздысы – отыз сегізінші қара сөз. Ол бұрын бөлек жазылып, «Ғақлиқат тасдиқат» атауымен қолдан-қолға таралған, 38-қарасөзі араб тілінен «сенімнің нығаюы» деп аударылады. Бұл жерде шын мәнінде Абай жаңа ештеңе ашпайды, ол тек бұрынғы суфиялық философиямен жазылған мәтіндердегі мәселелерді көтереді. Одан соң, мутазалиттан кейін ол адам нәпсісінің бостандығы туралы (жиырма сегізінші қара сөз) және Алланы оның атрибуттары арқылы тану туралы (отыз сегізінші қара сөз) ережемен бөліседі. Сопылық теоретиктерінен кейін ол адами қасиеттердің құдайға тән қасиеттерге ұқсастығы туралы пікір айтады, бұл оны иранның джувонмард ілімінің рухани ақсүйектерімен байланыстыратын «кемел адам» түсінігінің қалыптасуына әкеледі. Біз айтқандай, Абайдың мәтіндерінде фарабиандық бояулар немесе шығыс перипатетизм идеологиясы

басымырақ. Алайда, фарабиандыққа тән дуализм Абайдың кейбір дүниетанымдық қондырғыларына да әсер етті. Сонымен, отыз сегізінші қара сөзінде ол зайырлы білімді жақсы көретін хәкімдердің, діннен бейхабар екендігіне өкінеді. Демек, ол үшін идеал – бұл білімі мен сенімі бар, оларды біріктіріп, өзара салыстыратын адамдар. Ерік, ақыл және жүрек өзара пікір таласатын қара сөзде (он жетінші) ақын жүрекке артықшылық береді. Негізінде бүкіл Абайдың шығармашылығы жүрекке табынумен байланысты. Бірақ бұл да сопылықпен одан әрі дамытылған және Абайдан жан-жақты қолдау тапқан Фараби элементі.

Сондай-ақ, әділдік пен ар – ождан туралы әңгімелеу қызықты болар еді. Өйткені бұл табынушылық – Қазтуған (15 ғасыр) және Бұхарулардан (18 ғасыр) бастау алады. Қазақ мәдениетінің зияткерлік бренді деп атауға болатын бұл табынушылық Мұхаммед Хайдар Дулати, Ғұмар Қараш, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығында да, түркі тілдес Көшпенділердің әлемдік философиялық ой-сананың қазынасына ерекше этикалық үлес қосып келеді.

Осылайша, әл-Фараби мен Абай – қазақтардың «дүние жүзілік ілтипатшылығының» дәлелі, уақыт кеңістікті жеңіп, оны рухани кеңістікке айналдырады және ол жалпыға ақылмен келген олардың «болмыстарының қыр-сырын» есту. Сонымен қатар, оларды сараланған және мамандандырылған бола алмайтын «дала білімі» өкілдерінің тұтастығы жақындастырады, ол адамды толығымен талап етеді, одан әмбебап етеді. Батыста көптен бері далалықтар – туа біткен философтар деп саналады, өйткені олар мен әлем арасында ешқандай теориялар мен шектеулер жоқ, оларға әлем тікелей және барынша кең қабылданады. Егер әл-Фараби ойшылдық пен іс-әрекеттің, заң мен концептуалды өзін-өзі анықтаудағы философтың сипатын түсінсе, онда бұл оның кез-келген жағдайда әлемді игеруге бағытталған көшпелі әмбебаптылығының арқасы. Әсіресе, әл-Фарабидің оның музыкаға деген махаббаты ерекше көзге түседі. Осыған байланысты Абай да еске алынады: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен» [2]. «Егер әл-Фараби өзінің маңызды шығармаларының бірі болып табылатын «Музыка туралы үлкен трактат» жазумен қоса, домбырада ойнап, күйлердің қайталанбас өз нұсқасын ойлап шығарды. Сондықтан музыканың алғашқы дыбыстары Фарабта естілген» [3]. Тыныш жерде есту қабілеті де дамиды. Біздің жастарымыз көбінесе олардың әлемнен алыстағанына, провинциялық қозғалысқа ұшырағанына

және тек қана әлемдік мәдениет және ғылым орталықтарында нағыз танымалдық пен табысты мансап болуы мүмкін екендігіне шағымданады. Алайда, әл-Фараби мен Абайдың үлгісі кез келген ортада және кез келген жағдайда орын алуға болатынын көрсетеді. Білім алуға ықылас пен шынайы махаббат ғана жеткілікті.

Әл-Фарабидің мирасы қалайша Абайға жетті? Абай мен әл-Фарабидің бір-бірімен тікелей таныс болғандығының дәлелін біздің табуымыз екіталай, алайда мәтіндік түйісулер – қаншама. Бұл әл-Фарабидің философиялық мұрасы Абайға анонимді түрде түрк-мұсылмандардың үлкен мирасы ретінде, яғни Екінші Ұстаздың толық есімі – Абу Наср ат-Тархан әл-Фараби өт-Түркиден жеткендігін көрсетеді. Ал бұл-енді жеке зерттеудің тақырыбы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://abai.kz/post/6>
- 2 [https://kk.m.wikibooks.org/wiki/Абай\\_өлеңдері](https://kk.m.wikibooks.org/wiki/Абай_өлеңдері)
- 3 <https://www.google.kz/amp/s/sputniknews.kz/amp/spravka/20191123/12106699/AI-Farabi-qazaq.html>

## «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ИДЕЯСЫ

АБИТОВА Ж. С.

докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж. Н.

ғылыми жетекші, п.ғ.д., профессор,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

XXI ғасыр – алапат асығыс, технократтық ғасыр. Бұрынғы қалыптасқан құндылықтарды ығыстырып, жаңа бейне, таным, түсініктер жылдам пайда болып, лезде артта қалып жатыр. Дүниежүзінің ұстаздары мен гуманистері алдына қойылып отырған басты сұрақ: «XXI ғасырдағы білім қандай болуы керек? Не оқылуы тиіс? Оқушыларға реал мен виртуалдың ара жігін ашып берудің тәсілі бар ма? Адамзаттың ерекшелігін танытудың, қоғамға бейімдеудің жолы қандай?» сынды болып отырғаны анық.

Еліміздегі білім беру жүйесінде жыл сайын түрлі себептерге байланысты өзгерістер мен толықтырулар жасалынып келеді. Оған наразылар да, жақтаушылар да табылады. Қалай дегенмен, бұл өзгерістердің басты мақсаты – жас буынды, ел болашағын қоғамның қай саласынан болсын жалтақтамайтын, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Міне, осы жолда ұрпаққа функционалдық сауаттылықтың тигізер пайдасы ұшан-теңіз болмақ. Баға үшін ғана жаттап келіп, білім алу – өзін де, өзгелерді де алдау ғана. Оқушы қай пәннен болмасын алған білімді күнделікті өмірде қолдана алмаса, оқыған мәліметтер сырына үніліп – ой қорытпаса, сыни көзқараспен өзінше тұжырым іздеу қалыптаспаса – ондай білімнің керегі не? Жас ұрпақтың өмір-кемесіне желкен болып, дұрыс бағыт ұсынып, білімді өмірде кәдеге асыруды үйретер ұстаздарымыз көп болса, ел болашағы да жарқын болары анық.

«Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына сай бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналып отыр. Өйткені сананы жаңғырту арқылы XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда, Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы... Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты» [1].

Абай қаламынан төгілген теңіздей терең, мұхиттай алып бар қазынаны, оның рухани мұрасын жүйелі зерттеп, оны қоғамның

барлық саласына пайдалана алатындай жүйелеп, маңызын ашу мәселесінің орны ерекше. Қазірге дейін Абайтану ғылымындағы зерттеу еңбектердің саны төрт мыңға жетіп жығылатындығы – ұлы данамызды тану, зерделеудің толастамайтынын, болашақ ұрпағымызды да тура жолдан тайдырмайтын күретамыр екендігін дәлелдеп тұрса керек.

«Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай өз заманында жеткізген. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда, біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ» [2].

Абай туған халқының әр баласын адамгершілік, әдеп, ақыл-ой тәрбиелерімен ұштастыра отырып, ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Келешек ел тұтқаларының көзі ашық, көкірегі ояу болсын десек, парасатты патриотизм мектебі – Абай ілімін оқудан, сүюден жалықпаған жөн. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі.

Ақын «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Біліміден шыққан сөз», «Ғалымнан надан артпас ұққанменен», «Мен боламын демендер», «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезген», «Түбінде баянды еңбек егін салған», т.б. өлеңдерінде жас буынды білім-ғылымға үндеп, дамудың, ел болудың бірден бір жолы деп көрсетеді. Абай қазақ қоғамындағы дерттің бірі – уақытты күр өткізу, босқа жоғалту деп анықтап берді. Ұланғайыр ақыл-ой мен білім иесі өзіне аса қатал сынмен қарап, «Жасымда ғылым бар деп, ескермедім» дейді. Бұл нағыз сыни көзқарасты жанның өзі туралы толғанысы.

«Жасымда ғылым бар деп, ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ержеткен соң, түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,

Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?» [3, 43 б.].

Өз басынан өткен өмір жолындағы өкіншіті мысал ете отырып, білімнің қадіріне жете алмай жүргендерге ескерту жасап, ең басты байлық – білімсіз қалмауға шақырады. Уақытты өткізіп алған соң, басынды тауға да, тасқа да ұрсаң да қайран жоқ. Білім мен ғылымның адам бойына сәуле боп құйылатын шағы – жастық. Сонымен қатар, жастық – қызық пен думанның да салтанат құратын

шағы. Абай өлеңінің мәніне терең бойлата білсек, жас өрен осы екеуінің іштей тартысында, білімге құмарлықты жеңіске жеткізе алатынына сенім мол.

«Адамның адам болып өмір сүруі үшін екі түрлі азық – тән азығы мен жан азығы керек. Абайша айтсақ, «Адам ұғылы екі нәрседен: бірі тән, бірі – жан» тұрады. Мұндағы тән азығы адамның биологиялық тіршілігін қамтамасыз етіп отыратын азық-түлік пен ыстық-суықтан қорғайтын киім-кешек болса, жан азығы дегеніміз – оның қоғамдағы қарым-қатынастарын, өмірлік мақсаттарын айқындап отыратын өмір сүрудің адамгершілік нормалары». [4; 6 б.].

Осы екі азықты да бойға сіңіру үшін – еңбек ету керек. ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамының, қазақ жастарының кемел көрсеткіштерінің бірі – еңбексүйгіштік. Адам баласына рухани, материалдық кедейлік екеуін де толтыратын, байытатын мүмкіндік берілген. Ол мүмкіндікті пайдаланбаған адамның басы бәледен арылмай, көштен қалумен болады.

...Бақпен асқан патшадан.  
Мимен асқан қара артық.  
Сақалын сатқан кәріден,  
Еңбегін сатқан бала артық... [3, 101],  
немесе,

Түбінде баянды еңбек – егін салған,  
Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, – [3, 143] деп еңбектің қай түрін болсын бағалап, әсіресе ой еңбегін жоғары қояды.

Білім-ғылымды, өнерді, еңбекті насихаттаудағы Абайдың педагогикалық ой-пікірлер жүйесінің өміршеңдігі – дәлелдеуді қажет етпейді. Адамның өзін-өзі жетілдіру, еңбек ету, қоғамдық өмірге белсене араласу, туындаған сұрақтарды шешуге дағдылану арқылы басқарушылық күзиреті қалыптасқан жеке тұлға болып шыңдалу мәселесімен астасып жатыр.

Абайдың шарықтаған шабыты тудырған өлең-сөздердің ішкі сыртқы, сұлулығы бірге біткен. Ақын өлеңдерін талдау арқылы оқушылар өте әсерлі сезімге бөленеді, толғанады, ойланады. Өз тұжырымдарын, айтуға ынтызарлық пайда болып, кеңінен тыныстап, сөйлеуге ашылады. Адам жанын тәрбиелеудегі Абай поэзиясының әсерінің күштілігіне осылай көз жеткізудеміз. Өйткені ақын өлеңнің күдіретін таныған, ақындықтың азабы мен ғажабын толық түсінген.

«Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы... [3, 120], – деп, поэзия өзінің тәрбиелік қызметін өтеу үшін эстетикалық әсемдікпен қатар, кез келген адамға түсінікті болып жазылу керектігін нақтылап өтеді.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңілінің көзі ашық, сергек үшін...» [3, 130], – деген Абай поэзияның тылсым күштерінің әсерін ерекше танып білген. Өлең оны жазған адамның қабілет-қарымын ғана, ақыл-ойын ғана көрсетпейді, ол тыңдаушыға да сол жазған адамның деңгейінде әсер ете алады. Сондықтан Абайдың ұстаздық күдіретінің арқасында өз заманында-ақ «Абай мектебі» қалыптасты. Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Әсет, Әріп, Халиолла, Кәкітай, Мұхамеджан, Бейсембай, Тұрағұл сынды жастарды жанына жиып, өзі игерген орасан білім мен өнерді елге тарату үшін еңбек етті. Өлеңге қойған биік өлшемдерін шәкірттерінен де талап етті. Поэзия мен өнердің міндетін Абайдан меңгерген бұл топтың мұрасы көптеген қуғын-сүргінге ұшырағаны әрине, оны толмас өкініш. Биыл 175 жылдығын тойлап отырған дара алыбымызға қатысты Зейнолла Қабдоловтың айтқан «Абай – ақындардың ақыны» деген қағида әлі сол мызғымаған күйінде. Одан бөлек, Алаш арыстары мен ХХ ғасыр басындағы зиялы жастың қай-қайсысы болсын, ұлы ақынды өзіне ұстаз етті. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған сөзінде: «Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелділікке, суреткерлік саликалыққа, стильдік әр алуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұндас бола алатындай әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі: шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспаса еді. Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердиев лирикасында, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Сералиндердің саяси-ғылыми көсемсөздерінде, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларында бар бітімімен көрінген бұл мектеп Абай жүйелеген жаңа ұлттық

эстетикалық әлемнің қаншалықты сындарлы екендігін айқын танытты», – деп атап өткен еді [1].

Абайдың рухани әлемі – әлі қанша ізденіске арқау болатын тылсым дүние. Сол тылсымның ішінде ақынның басты зерттеу нысаны – адам. Адамның «толық адам» боп қалыптасуына қажет үш негізді атап көрсетеді: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек. «Малға достың мұны жол малдан басқа» өлеңінде:

«Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [3; 64], деген тұжырым адам баласы іштей арпалысатын көп мәселенің шешімі екені даусыз.

«Алланың өзі де рас, сөзі рас» деген өлеңінің түйінін ақын:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл...» [3; 84] – деп жеткізді.

Яғни, адам махаббатсыз, сезімсіз «толық» болмайтынын негіздеп, үш сүюді – Алланы, адамзатты, әділетті – мирас етті.

Ұлы ақынның «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңін кім білмейді? Мектеп оқулығынан жаттап, қанша буын тәрбиеленіп жатыр. Бірақ, бес асылдың мәнін толық ұғындыра алып жатырмыз ба?

«Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз» [3; 22] – әр нәрсенің түбін, ақиқатын білмекке ынтығып, шыңына ұмтылу осы асылдарсыз мүмкін емес.

Байыбына барсақ, үш негіз, үш сүю, бес асыл іс – Абай жасаған «толық адамның» формуласы. Бізге қалғаны осы өлшем негізінде жас ұрпақ бойына адами болмыс-бітім қалыптастырып, өмірінің мәні түсініп, арман-мақсаттарға бағыт нұсқау болып табылады. Өйткені, Абай өлшемімен шыққан «толық адам» жалпыадамзаттың мұратына, игілігіне қызмет ете алатын тұлға. Абайдың әлемін зерттеуші Ш. Әбдірайымов екіге бөлді: «біріншісі – адамтану, екіншісі – қоғамтану». Қазақ халқының болашағын ойлап, мың сан сауалына жауап іздеген Абай қазақ халқын өзге ілім-білімі дамыған елдер қатарынан көруді, «жұрт қатарына», «өрістерлік күнге» жеткізуді армандады» [5, 215].

Адамның жанына, сезімі мен түйсігіне, эстетикалық, этикалық бет пернесіне, арман-мақсатына, болмысына терең тебіренген ұлы ойшыл шынында да қоғамнан сырт қала алмады. Қоғамда болып жатқан өзгерістерден қалыспауға үндеді. Орын алған жағымсыз, мән-мағынасыз әрекеттерден түнілді, сынады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңінде:

«Қолдан келе бере ме жұрт менгермек,

Адалдық, арамдықты кім теңгермек?

Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,

Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек» [3, 205], – адамдықтан аулақ кеткен данғойлықпен, дарақылықпен өмір кешкен топтың ақымақтығын әшкерелейді.

«Болыс болдым мінеки,

Бар малымды шығындап.

Түйеде қом, атта жал

Қалмады елге тығындап.

Сөйтсе-дағы елімді

Ұстай алмадым мығымдап.

Күштілерім сөз айтса,

Бас изеймін шыбындап» [3, 85].

Жоғарыдағы ойдың жалғасы. Қандай мәселені болмасын Абай барынша жан-жақты айқындап, айшықты етіп түсіндіргісі келеді. Мәселелі тақырыпқа бір рет емес, бірнеше рет айналып соғып, отыруы сондықтан. Білім алу, еңбек ету, халыққа пайдасын тигізу емес, болыс болып, ел басқару сол заманның малды, дәулеттілерінің арманы болды. Бұл тар түсінік әлі де адамзатпен бірге әлі келе жатқаны, өкінішті. Осы тектес надандықтарды қайта-қайта әшкере жасаудағы ойшылдың түпкі ойы – одан құтылу жолдары. Осылайша, оқушыларды Абай өлеңдеріндегі жасырынған негізгі ойды тани алу деңгейіне жеткізсек, Абай сақтандырған «қашық болатын нәрселерге» олар алдағы өмір жолдарында еш уақытта жоламасы анық.

Оқу-тәрбие процесінде әсіресе функционалдық сауаттылықты арттыру барысында Абай мұрасына тереңдеп ене алған оқушылар сөзсіз:

– «ой кеселінен қашық»;

– қиындыққа тап болса «қайрат пен ақыл тапқан жолға» түседі;

– «жанбай жатып сөнуден» аулақ жүруге;

– «қолдарын мезгілінен кеш сермемеуге»;

– үш негіз, үш сүю, бес асыл іс – өлшемімен қабілеттерін шындай отырып, өзін-өзі тәрбиелеу, шындау жолына түседі. Осы

жолға дұрыс бағыт пен бағдар беру ұстаздармен қатар отбасындағы үлкендерге де қатысты болады. «Ұлы Абайдың даналық сөздерін жас ұрпақ зердесіне жеткізіп, олардың бойында ұлылықтың қадір-қасиетін бағалай білуді, адамгершілік, ізгілік, сыйластық қасиеттерді дарыту аға буын алдына үлкен міндеттер жүктейді» [6, 107].

«Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу», – дейді Абай. Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол – рухани жетілу, яғни, жанды жетілдіру деп көрсетеді. Сондықтан оқушылар Абай өлеңдеріне әдеби-теориялық жалаң талдау жасап қана қоймай, концептуальдық лексика-семантикалық талдау жұмыстары арқылы Абай философиясын өз тұрмысында пайдаланып дағдылануы тиіс. Сонда ғана оқушының бойында біз мақсат еткен азаматтық келбет, адами қасиет қалыптасады.

Абай мұрасының функционалдық сауаттылықты арттырудағы әлеуетінің орасан зор күшке ие екендігін бағамдай келе ұсынылатын тұжырымдар:

– Абай өлеңдерімен жас ұрпақ балабақшадан таныс болу үшін, балабақша бағдарламаларына енгізу;

– мектеп бағдарламасында оқытылатын әр пәнге кіріктірілген сабақ үлгісінде Абай минутын енгізу (мысалы, физика пәнінде: Абай өлеңдеріндегі физикалық заңдылықтар т.б.);

– типтік оқу жоспарында Абай философиясына негізделген «Толық адам» пәнін енгізу. Сабақ үдерісінде ақын-жазушы шығармаларын танытуда жалаң талдаумен шектелмей, әр талдау жұмысы арқылы оқушының жеке тәжірибесінде қажетіне жарар білім ұсыну.

Қазіргі білімі беру жүйесіндегі басты ұстаным функционалдық сауаттылық негізі – оқушылардың мектепте алған білімін өмірде тиімді қолдана алуы. Бүгінгі жаһандану мен ақпараттандыру заманы адамдардан әрдайым өзін жетілдіріп, толқыннан қалмай, бейімделуді талап етеді. Осы ретте әр оқушы қоғамның «кетігін тауып қаланатын кірпіш» екендігін – адам туралы ілімнің біртұтас жинақталған энциклопедиясына парапар Абай шығармашылығы арқылы бойына сіңіре алады.

Қорыта келе, айтарымыз, мазмұндық сипаты жағынан көп мәнді, рухани ұлы құндылығымыз, тәрбие құралы Абай мұрасы

жас ұрпақтың өмірде табысты болуы үшін өлшеусіз қызмет ете алады. Сондықтан данышпан ақынымыздың шығармаларын игерту арқылы өскін ұрпақтан «толық адам» тәрбиелеп шығару біз тәрізді мұғалімдердің, ұстаздардың басты міндеті деп есептеймін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті. № 5 (29734) қаңтар, 2020.

2 Назарбаев Н. Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. // Ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығына арналған онлайн-энциклопедия. <https://abaialemi.kz/post/view?id=104>

3 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең – сөздің патшасы (Шығармаларының бір томдық жинағы). – Алматы : Жидебай, 2006. – 568.

4 Ысқақұлы Д. Абайдың ойшылдығы. // «Лингвистика және әдебиеттану мыңжылдықтар тоғысында» атты Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдарының жинағы. – Атырау : Х. Досмұамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 27 сәуір. 2020. – 356.

5 Әбдірайымов Ш. Абай жұмбақтығы – философиялық мәселе. Бірінші кітабы. – Астана, 2015. – 344.

6 Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы, 1993.



ШАБАЖАНОВА С. Қ.  
директор, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

**Қайырлы күн, құрметті Әбілқайыр Бактыбайұлы,  
кадірменді конференция қатысушылары!**

Ұлы ақынның мерейлі мерейтойы баршамыз үшін құтты болсын! Абыз Абай, алып Абай мұрасы – адамзат игілігі үшін маңызды мұра. Сол мұраның мәңгілік болуының алғашқы негізі мектептен бастау алады. Ендеше, ақын есімін иеленген бүгінгі мектептердің тынысы мен беталысы туралы Сіздермен ой бөлісуге рұқсат етіңіздер.

Кешегі Абай мектебі қаладағы 80 жылдық тарихы бар қазақ мектебінің қара шаңырағы болып, 20 жыл дарынды балаларды оқытып, техникалық бағыттағы болашақ мамандарды даярлайтын білім ошағы болса, бүгінгі Абай мектебі – 1 қыркүйектен бастап мәртбесі өзгерген, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беретін гимназия дәрежесіндегі, ізгілік пен адамдықты негіз етіп қалайтын, іскер де алғыр буынды қалыптастыратын заманауи мектеп.

Заманауи мектеп атауына қол жеткізу үшін республикалық және облыстық бюджеттен 134 млн. 128 мың теңге қаражат бөлініп, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалынып жатқан даму үстіндегі білім ордасы. Абай мектебі оқу жылын өз оқушыларына көптен күткен 180 орындық акт залымен, заманауи форматта жабдықталған оқу кабинеттерімен, кітапхана, оқу залымен біріктірілген коворкинг орталығымен, спорт алаңы, спорт залы жайлы жаңа келбетімен қарсы алатын болады.

Абай мектебі – облысымызда ұлы ақынның есімін иеленген 7 ауыл мектебінің басын қосып біріктіретін, әдістемелік тұрғыда жетекшілік пен қолдау көрсететін желінің орталығы.

Абай мектебі – қазақ тілі мен әдебиетінен облыстық оқу-әдістемелік жаттықтыру орталығы болып, тіл мен әдебиетті оқытудың заманауи форматын жасайтын, ғалымдар мен мұғалімдерді бір бағытта байланыстырып жаңа межеге көтеретін жүйе.

Бүгінгі ақынның мерейтойына біз де өз дайындығымызбен келдік, Керекудей парасты мен ақылы асқақ өңірдің өз байрақты бояуымен қадам бастық. Ең алдымен, «Абайдың рухани әлемі» оқу кабинетін жабдықтадық. Болашақта Абай дәлізін ашамыз. Көптен күткен акт залының құрылысын ашу кезінде «Абай шығармалары Абай мектебі оқушыларының көзімен» атты кәсіби көрме өткізу

жоспарланып отыр. Мектеп оқушылары үшін таңдау мүмкіндігін беретін «Абай кітабы менің үйімнің төрінде», «Абай әндерін шырқау», «Абайға арнау», «Абай қарасөздерін оқу», «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін» Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу сияқты бірқатар ауқымды жобаларды жыл бойы жүргізіп келеміз.

Жуырда «Абай әлемі – таңғажайып әлем» атты өңіріміздің ЖОО-ның ғалымдарының тағылымды сабақтарының тізбесін ұсындық. Болашақта бұл тізбеге отандық абайтанушы ғалымдарды да қосу ойымызда бар. Қазір осы бағытта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл тағылым сабақтары тек біздің мектебіміздің оқушылары ғана емес, барлық мектеп оқушылары үшін қолжетімді болады.

Ақын ағамыздың 175 жылдығына 175 ер баладан құрылған хор ұйымдастырған едік. Болашақта бұл жобамызды да көпшілік назарына ұсынатын боламыз.

Шекспирдің артында ағылшын мемлекеті, Науаидің артында өзбек, Рудакидің артында парсы мемлекеті тұрса, Абайдың артында қазақ мемлекеті тұр. Абай – мұхит.

Абайды түсіндіретін уақыт өтті, Абайды түсінетін кезең келіп жетті. Ендігі беталысымыз – Абайды түсіну, Абайды түйсіну. Абай мектебіне келген оқушы Абай деп келіп, қазақ тәуелсіз мемлекет деп кететін болады.

Абай есімі – абырой ғана емес, ол – жауапкершілік.

«Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия» өңіріміздің рухани дамуына үлкен серпін беретін заманауи білім ордасына айналады. Біз, осы қадірлі істе облыс басшылығы қолдауына сүйене отырып, қажырымыз біліміміздің жемісі Алаштың ардағы Абайды келер ұрпақтың Рух Досы жасауға пәрменіміз жетеді деп сендіреміз!

Назарларыңызға үлкен рақмет!

## АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМТАНУ СӨЗ ТАБИҒАТЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ИБРАЕВА А. Т.

PhD докторанты, филология мамандығы, 2 курс,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Абайдың рухани әлемі дүниетанымы ерекше бір тылсым, таптырмайтын құндылық. Оның ойшыл – дана ретіндегі философиялық орталық мәселесі адам. Абай өзінің азаматтық парызын түсініп, саналы түрде жаңа ізденістер мен ерекше әрекеттер жасап, адамтану адам болу ілімінде көп жаңалықтар ашты. Абай философиясының басты мақсаты адамды барынша жоғары деңгейге жеткізіп, кемелдіктің онтологиялық-аксиологиялық мәнін ашумен ерекшеленеді.

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жанғырып, жаңа өріс алып тұр, – деп заңғар жазушы, Абайтанушы Мұхтар Әуезов айтқандай Хакім Абайдың шығармашылығы осы ғасырдың, келер өмірдің данышпандық түпқазығы.

Адам мәселесі – ғылым саласында толық шешімін таппаған іргелі тақырып. Абай: «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» атты қанатты сөз қалдырған. Адам мәселесі және оның тарихи дамуы, философиялық тұжырымдар мен толғамдар қазақ ойшылдарын да бей-жай қалдырған емес. Абай өзінің азаматтық парызын түсініп, саналы түрде жаңа ізденістер мен ерекше әрекеттер жасап, адамтану адам болу ілімінде көп жаңалықтар ашты. Бүкіл өміріне азық етіп басқаларға да шарапатын тигізу. Міне, осы адамтану мәселесінде оның басты қаруы – көркем, саналы сөз болды. Сөздің құдіреті арқылы «Адам табиғатының» қыр – сырына баға берді.

М. Әуезов Абайдың: «...ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамдарды жаманшылдықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп өзгертпек болады», – дейді. [2, 11 б.]. Бұл тұжырым Абайдың адамгершілік тәрбиеге, оның негізі болатын мораль философиясына орала беретін себебін ашып көрсетеді. Абай қазақтардың өткені мен бүгінін, болашағын, салт-дәстүрі мен рухани мәдениетін жетілдіру, жастарға адамгершілік тәрбие беру жолдарын тынымсыз ойлаумен өтті.

Бүгінгі уақыттың талабына сай ой түйіндейтін болсақ, хакімнің ойлау мәдениеті қазақтың менталитеті, болмыс бітімі қандай, оған тән кемшіліктерді қалай жоюға болады, деген сауалдар төңірегінде өрбіді. Ол өзінің бүкіл болмысын, білімі мен өмірлік тәжірибесін, поэзия мен прозасын, ой-толғанысы мен философиясын адам бойынан таба білді. Ол кісілік қасиеті, білімі мен парасатын елдің қамын ғана емес, адамзаттың мақсат-мүддесін ойлайтын, дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын адамды тәрбиелеуге жұмсады.

Ұлы данышпанды адам өмірінің мәні, тұрмыс тіршілігі мен болмысы, ар-намысы сияқты мәселелер ерекше толғандырды. Ол былай дейді: Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес, «мені» мен «менікінің» айрылғанын, «өлді» деп ат қойыпты өнкей білмес. Өйткені, қоғамдағы құбылыстар мен өзгерістердің өзегі адам болмысы болып табылады. Бұл жерде «мен» деген не, «менікі» деген не, сауалдарға жауапты Абайдың өзінен табамыз. «Мен» дегеніміз ақыл мен жан. Екеуі де рухани түп негіз. «Менікі» деп сөзді төнге қатысты айтып отыр. Абай адам баласының жаман-жақсы қасиеттеріне терең мән беріп, философиялық ой толғауларында атап көрсетеді. Отыз сегізінші сөзінде Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек дейді. Әуелі надандық, екінші еріншектік, үшіншісі зұлымдық. Үш – ақ нәрсе адамның жақсы қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» – осы әдемі метафоралық тіркес тек сөз көркемдігін ғана көрсетіп қоймайды, адамның сана-сезіміне, жан дүниесіне бірден күш – қуат беретін руханияттық құрал екеніне еш дауымыз жоқ! Осы үш қасиет адам баласының мәдениетті, білімді, парасатты болуына қозғаушы күш екенін бүгін өмір дәлелдеп отыр. Осы сөз құдіреті арқылы адамға тиісті қазынаңды жоғалтпа деген байлам жасатады.

Адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын ғылым деген қорытындыға келеді. Ол ғылымды үйреткенде, бақталастық, атак – данқ үшін емес, айқын мақсатпен, білмек үшін үйрену керектігін баса айтады. Өйткені қай қоғамда болмасын, бақталастық адамды жаман жолға жетелейтіні рас. Абайдың пікірі бойынша адамгершілік нормалары мен принциптерін күнделікті өмір сүру тәсіліне айналдырған адамды ғана нағыз адам деп есептеуге болады. Сондықтан: «адам болам десеңіз, оған қайғы жесеңіз...Бес нәрседен қашық бол. (Бес дұшпан – Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ) Бес асыл іс – Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рақым)».

Бұл өлеңде Абай «адам болу» қағидасын ұсынады. Бекер даурығып, өтірік айтып, жалқау болудың орнына өнер – білімнің арқасында өзінің орнында тап дейді. Адам өміріне мән беретін, негізгі нәрсе өзінің бойындағы адамшылдықты жоймау. Бүкіл өмір бойында адамға лайықты өмір сүру. Бұл дүниеге адам болып келген соң, адам болып кету керек. Қандай жағдай болмасын адамдық қасиетті жоғалтып алмау, адамның басқа адамдар алдындағы жауапкершілігі. Ол адам тарапынан ерік-жігерді, қайратты қажет етеді. Отыз алтыншы қара сөзінде: «Ұяты күшті адамдар ұйқыдан тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін – өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіс қылған қысымның аты», – дейді.

Ұлы ойшыл, адам бойындағы ұят пен иман мәселесін қозғайды. Бұл екі ұғым адам мен хайуанның ара жігін ажыратады. Адам хайуаннан, ақ жүректігімен адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленеді. Ұяты бар адам – иманды. Ойшыл Абай адамдық танымдағы ұяттың басымдығын сөз етіп тұр. Жиырма бесінші қара сөзінде: «Қарыны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап – ішуге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уа әртүрлі бөлеге ұрлық зорлық, қулық сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатын нәрсе» деп ой түйіндейді.

«Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» – деп жазған Абай «Адам өлмес» дегеннің мағынасы өзі өлсе де, кейінгіге сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге саяды. Абай «Өлең сөздің патшасы» өлеңінде «сөз түзелді, тындаушы сен де түзел!» – деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті. Жаңа танымның баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын әрбір адамның тани алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім артқысы келеді.

Абайдың өмір құбылыстары сөзбен мүсіндеп, жанды бейнеге айналдырып сипаттауда алдына жан салмайтын суреткер ақын екеніне ден қоямыз... «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса», тағы сондай туындыларға қарап нағыз сықақшыл. өткір мысқылға шебер ақын осындай-ақ болар десек. «Мәз болады болысың» атты өлеңді еске түсіріп, әжуалап келемеждеудің мұндай да өте нәзік, өтімді түрі болатынына тәнті боламыз.

«Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдердің қазақ поэзиясында қалыптасқан насихат, өсиет үлгісіндегі нұсқалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мүлдем өзгеше екені көңіл аударарды. Ал «Сен мені не етесің», «Ем таба алмай», «Қор болды жаным» секілді нәзік лирикалық туындылар қазақ поэзиясында бұрын орын теппеген сыршыл лириканың жаңа үлгілеріне екені айқын аңғарылады.

Абайдың әр өлеңінде оның осындай ақындық тұлғасына жаңа бір қырынан танытатын өзгешілігі болады десек, олар іштей астасып жатқан сипат, қасиеттер екенін де айтуымыз керек. «Сегіз аяқты» оқығанда мұнда терең сыршылдық, ғиратты насихатшылдық, бейнелеп суреттеуге, тіпті өлең өрнегін өзгеше өрнектеуге шеберлік те бәрі ұштасып келетіні анық көрінеді. Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жаңа, даралық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілерді қайталамайды. Осының өзі-ақ оның поэзиясына жаңашылдық, сипат дарытады. Ол қазақ поэзиясының мазмұндық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер туғызды. Халықтың сөйлеу тілінің қазақтың ауызекі ақындық және ән өнерінің байлығын кен пайдалана отырып, ол өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, өлеңдік өлшемінің интонациялық-ритмикалық, байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің образдылық-бейнелеу, стилистикалық мүмкіндіктерін молықтырды. Қазақтың ақындық тілін әдеби тілін ұстартып жетілдірді, әдеби тілді биік жаңа сапаға көтеріп, жаңа үлгіле қалыптастырды.

Адамгершілік туралы ілімді дамыта отырып, адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынан жетілдіру принциптерін, ұлттық эстетика мәселелерін алға тартты. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеуметтік рөлі туралы, адамтану мәселелерін көтерді.

Даналықтың өлшемі бола білген философ – ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде, қазақ халқының зерделі ойы мен өмірі тұрғысындағы энциклопедия секілді. Абайды танып, белсенді игере отырып, сол кездегі қазақ қоғамының экономикалық, саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени-тарихи, моральдық хал-жайынан айқын да толық мағлұматтар алуға болады.

Ақын шығармалары сусындаған негізгі үш қайнар көзді айтатын болсақ, ол ең алдымен Абай қазақ елінің ұлттық рухы мен менталитетін, оның көкейтесті арманы мен даналық ойларын

абыздық көрегенділікпен, өлеңмен өрнектеуді қазақ эпосынан үйренді. Ал қазақ фольклористикасының нар маржаны Абай қолданысында одан да жоғары жарқырай түсті.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік-гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын [3, 25 б.] даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық алты бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

Абайдың қара сөздерінен, таусылмас рухани қазынасынан, оның адамның өмір сүру философиясын бес бағытта қарастырылған аңғартатынымыз. Біріншісі, жеке адамдардың тұрмыс тіршілігі. Екіншісі, әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орны, мінез-кұлқы, менталитеті, психологиясы; Үшіншісі, ұлттың ата-бабалардан мұраланған өзіндік өмір салтын, дәстүрлі мәдениетіне бейімделген мұрат-мақсаттарын болмыстың жаңа сұраныстарына байланысты жаңартып, жаңғырту жолдары. Төртіншісі, адамзат тарихында қалыптасқан моральдық құндылыққа сай келетін үрдістердің өркениетпен сабақтасу жолдары. Бесіншісі, имандылық жолымен Алла болмысын тану.

Абайдың ойлау жүйесі, адам өмір сүруінің философиясы мен табиғатына, адамзат болашағына зор сенім негізінде қалыптасқан. Сонымен біз өскелең ұрпақ адамды Абайша түсінудің тұжырымдарын, құндылықтарын түсінуге бет бұруымыз қажет. Бұл әр адамнан парасат пен ерікті, ақыл мен сезімді жұмылдыруды талап етеді.

Хакім Абайдың қара сөздеріндегі қазақ ұлтына арнап айтылған ойлары бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. Біразына көңіл аударайық. «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды...

...Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.

...Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзін өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?

Абай әркімді де толғандыратын терең сырлы сұрақтарға жауап іздейді. Адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын ғылым деген қорытындыға келеді. Ол ғылымды үйреткенде, бақталастық, атақ – данқ үшін емес, айқын мақсатпен, білмек үшін үйрену керектігін баса айтады. Сөйтіп, көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының мінезі мен әлемдік, адамзаттық Адамтану пәлсапасының концепциясын құрайды.

Абай өз шығармаларында жетілу жолдарын, олардың түрлі белестерін көрсетеді. Әрбір адам осы жетілу жолдарынан өте отырып өзінің қай деңгейде тұрғанын және өмірінің келесі белесін анықтай алады.

«Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу», – дейді Абай. Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол – рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді. Мәні терең ашылып, келешегі айқындалғанда ғана адам өмірі маңызды болмақ. Абай ілімі осылай әркімнің өмірінің мәнін ашып, оның келешектің жарқын жолына шығуына мүмкіндік береді.

Адамды сүйіп, адамды құрметтеуге үндеген кемеңгер акын поэзиясының түпкі негізі-адам, толық адам. Абай армандаған толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек. Ал махаббат пен сүю, адамды сүю, Алланы сүю, әділетті сүю – Хакім Абай шығармаларының биік мұраты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай Құнанбаев өлеңдер жинағы. Алматы, «Жазушы» 1976. 147 б.
- 2 Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы : «Раритет», 2008. – 384 б.
- 3 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы : «Ғылым», 1975. – 419 б.
- М. Әуезов. А. Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер. А-ты, 1967, 13–15 б.
- 4 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы : «Атамұра», 2011.
- 5 Мұхамеджанұлы Қ. Абайдың акын шәкірттері. – Алматы : «Дәуір», 1993.
- 6 Фабдуллин Б. Абай және Сократ / «Абай тағылымы», Алматы : «Жазушы», 1986. 159–171.

## АБАЙДЫҢ РУХАНИ ЖАН ДҮНИЕСІНІҢ ҚҰЛДЫРАУЫ МЕН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ

АБИШЕВ Д. Ж.

тарих магистрі, оқытушы, Павлодар педагогикалық университеті,  
М. Қананиянов атындағы жоғары колледжі

Баршамызға мәлім Мұхтар Омарханұлының жазып қалдырған әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясының бас кейіпкері – Абай. Хакім шығыс пен батысты зерделеп, өз халқының кемшілігін қатты сынаса да, мұраты – адамды рухани кемелдендіру арқылы қазақты төрге жетілдіруді, елді ілгері дамыған мәдениетті мемлекеттер қатарына қосу. Сөзсіз, Абай – тума талант, данышпан, гений, қазақтың идеалы деп айтып келеміз. Абайдың адам, азамат, акын ретінде қалыптасуы сол жарты ғасыр ішіндегі қазақ қоғамының барлық саласындағы өмірдің барлық ойы-қыры, қия-қалтарысымен өріле суреттеледі [1, б. 152]. Хакім Абайдан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін акын болған жоқ» деген Ахмет Байтұрсынұлының сөзі Абайтанумен мәңгі жалғасып келеді. Міржақыптың сөзімен айтқанда «Абай сынды акынның қадірін білмеу – қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды». Абайдың асыл мұрасын аман сақтап, бүкіл халыққа таралуына Алаштың көсемі болған Әлихан Бөкейхановтың зор қатысы бар.

Абай дүниеге келген уақыт қазақ халқы үшін қайғылы XIX ғасыр болатын. Қайғысы сол, бұл ғасырда орыс патшасының жарлығысымен қазақ хандықтары келмеске кеткен. Халық өзін-өзі басқару құқысынан айырылған болатын. Алаш жұрты бодандық саясатының тұтқынына айналған. Хандар, билер орнына елді орыс әкімдері басқарды. Патшалық ресей халықты тоз-тоз етіп бірнеше губернияларға бөліп, «бөліп алда билей бер» саясатын ұстанды. Итке тастаған сүйектей қазақтарға болыс болу ғана қалған кезең еді. Есі кеткен ел соған да тәубә деп болыстыққа таласып, мазақ болған. Ұлы данышпан бейнесі арқылы сол уақыт тұсындағы болған бүкіл халық тіршілігін, оның көп бұралаң тағдырын, ой-арманын, мақсат-мүддесін, күрес-тартысын... бәр-бәрін түгел шарлап өтеміз.

«Ұлттық код» дегенде, осы бір ұғымның негізінде ұлттың әдет-ғұрпы, тілі ғана емес, ұлттық рухы жататыны сөзсіз. Демек, «Абай жолында» қазақтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы, тілі, діні ғана емес, күллі рухы сайрап білініп тұр. М. Әуезов роман бойында Абай мен Құнанбайды қарама-қайшы бейне ретінде көрсетеді. Мұның себебін автор былай түсіндіреді: «...Қазақ даласында күні өтіп бара

жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні Құнанбай образына жинақтадым. Ал, оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңашылдық бар. Сондықтан, ақын Абайдың қалыптасуын көрсету арқылы үлкен қоғамдық шындықты – ескі мен жаңаның диалектикалық қарама-қарсылығын, күрес нәтижесінде ескіні жаңа жеңуін ашуға тиіс болдым» [1, б. 156]. Мұның барлығы қазақ халқының ұлы ойшылы Абай айналасына топтап өмір шындығына терең бойлайды. XIX ғасырдағы қазақ халқының қоғам өзгерістерін жаңа мен ескінің күресін бүгінгі заманның мүдделерімен үйлестіріп бере білген жазушы Құнанбайды жөн-жосықсыз қараламай, Абайды асқақтата дәріптемейді қоғамның даму сатысымен ескі мен жаңаның ара жігін ашып, жаңаша сипат беруді мақсат тұтқан.

Жалпы, «Абай жолы» романына енбей қалған көптеген оқиғалар болған ғой. Соның біріне құлақ асайық. Бауыржан Момышұлының естелігінен:

Бірде Мизәмил деген (фамилиясын ұмыттым) соғыс ардагерімен әңгімелескенім бар. Өзі семейлік әрі профессор Бейсембай Кенжебаевпен бажа екен. Кенжебаевтың әкесі Абаймен қарым-қатынаста болған көрінеді. Сол Бейсембай Кенжебаевтың әкесі Абайға:

– Сен әкеннен артықсың, – депті. – Жоқ, мен әкемнен артық емеспін, – деп Абай төмендегі оқиғаны айтып беріпті.

Бір күні Құнанбай Абайды оңаша шақырып алып:

– Мырзажігіт (Құнанбай Абайды Мырзажігіт, ал әкесін Абай тәте дейді екен), үйіңде жақсы аттар бар ма? – дейді. Абай әкесінің ойын түсініп: – Бар, тәте, – дейді.

Үйіне келген соң, ойланып отырып, Құнанбай: – Үйірден жеті байталды бөліп алуың және бір жақсы айғыр табуың керек, – деп шешеді. Бір адамның үш рет бәйгеден келген құнанын Абай жүз қойға сатып ап, жеті байтал тобына қосады. Арада жыл өтеді. Құнанбай мен Абайдың үйлері де, жылқылары да бөлек көшіп жүреді екен. Таңертеңгі мезгілде:

– Тәтең өз жігіттерімен келе жатыр, – деген хабар жетеді. Абай әкесінің мінезін біледі. Үй төңірегін тазалап, аттарын ерттеп, жігіттерін дайындап тұрады.

Құнанбай жақындағанда Абай алдынан жүгіріп шығып, қос қолын кеудесіне қойып сәлем беріп, аттан түсіріп алады. Қолтығынан сүйегеннен-ақ Құнанбай:

– Мырзажігіт, көңіліңді қалдырмайын, түсейін. Тек үйде отырмаймыз, шай-пай ішпейміз, шұғыл аттанамыз, – деп ескертеді.

Қазақтың көшпелі өмір тәртібі біздің әскер тәртібінен бір де кем емес. Кермеден аттар үзілмейді, кейбірі ерттеліп, жорыққа дайын тұрады. Құнанбай: «Ал, Мырзажігіт, кеттік» – дегендей салмақ сала қараған сәтте, Абайдың басына: «Ә, бұл кісі жылқыға барып, баяғы жеті байтал мен құнанды көрмек екен ғой» деген ой сап ете түседі.

Қыстың күні, қар қалың. Жылқылар Ақшатау тауын қыстап жатқан. Жолда Құнанбай әңгіме айтқансып, Абайды алыстан қармап келеді. Төрт-бес сағат жүріп, жылқыға да жетеді.

– Тәтемнің артықтығын сонда білдім. Жылқының ішінен мен сатып алған бөтен құнанды айтқызбай таныды. Танып тұрды да:

– Мырзажігіт, мына құнанды ұстаттыршы, – деді. Жылқышы құнанды әп-сәтте-ақ ұстап әкелді.

– Жүр, енді ана үйірді аралайық, – деп тәтем басқа шоғырға бастады.

– Ана құнанды ұстандар! – Жылқышылар үйірді алты айналдырып жүріп, өрең ұстады.

– Ал енді осы екеуін жарыстырып көрейік, Мырзажігіт.

Қар белуардан асады. Көз көрім жерден екі ат бірінен бірі оза алмай қатар келе жатыр. Жақындағанда тәтем:

– Мырзажігіт, қазір құнаның қалай болар екен, құлап қалмас па екен? – деп күлді. Езуін жиып алғанша болған жоқ, жүз қойға сатып алған жүйрігім етпетінен түсті. Анау тұсымыздан күйғытып өте шықты.

Тәтем: – Ал, Мырзажігіт, сау бол, – деді де, атын бұрып ап, өз жігіттерімен жүрді де кетті. Мен әкемнен артық болсам, өз жылқымның ішінен жүйрік құнанды таңдай білмес пе едім? Халық мені ақылды, әкесінен артық дейді. Ақылдылығым қайда? Мұны мен қалайынша байқамадым? Бала қандай ақылды болса да, әкесінен бір басқыш төмен болады екен деген түйінге келдім, – деген екен Абай...

Алғашқы жазылған кітапта адам, азамат ретінде қалыптасқан Абай кейінгі кітаптарда ақын, қайраткер ретінде қиян-қилы қимыл-әрекеттерге көшеді. Осы желінің ұзына бойында оның тарам-тарам өсу, даму жолдары, белес-белес өрістеу, шарықтау биіктері жатыр. Қаһарман іштей түлеп өседі. Демек, рухани мағынасында Абай, бір жағынан, сыр мен сезімнен, ой мен санадан құйылып жасалған терең психологиялық тұлға. Бас кейіпкердің парасат пен философияға толы болмыс-бітіміндегі қайталанбас қадыр-қасиетте осында жатыр. Абай – кең құлашты, мол тынысты эпикалық тұлға. Бұл

тұлғаны автор эпопеяның басынан аяғына дейін өрмек тоқығандай, бір де бір тінін үзбестен тартып, асықпай өріп шығады. Көл-көсір нақты да затты деталь, ұшан-теңіз психологиялық анализ, сан-сала іс-әрекет, қимыл-харекет – осылардың бәрі Абай тұлғасын сомдауға қызмет етеді [2, б. 121]. Осылардың бәрінде де автор өз қаһарманының «жан диалектикасын» бойлап, ілгерілейді де отырады. Абай тұлғасы оқырманның көз алдында көктей өсіп, автордың өзі айтқандай, күз-жартасты жарып шығып жапырақ жайған шынарға – символ бейнеге айналады. Эпопеяның басында Абай өзін қоршаған дүниеге кіршіксіз сәби сезіммен, күнәсіз бала көзімен қарайды. Семей қаласынан Шыңғыс баурайындағы аулына қайтып келе жатып, өзі туған өлкені жан жүректен «жабыса, сағына сүйеді!». Бұл кең жазирада мейірбандық пен туыскандықтан басқа, елдік пен ерліктен өзге оғаш мінез бар деп білмейді, қанішер қаталдық, жауыз жендеттік болады деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмейді. «Есенбай жырасында ұры жатады» дегенге сенбейді де мән бермейді, қайта қасындағы Байтас пен жорға Жұмабайды өзі «ұры» боп қорқытады. Жас Абайдың туған дала туралы осынау уыз ұғымы өз әкесі Құнанбай өктемдігінен құрбан болған Қодар өлімін көргенде төңкеріліп түседі. Өзгеріс осыдан басталады. Енді ол Құнанбай мен құнанбайшылдар ісіне күдікпен, іштей қарсылықпен қарай бастайды. Бұған қосымша өз басындағы хал де осы ортадан түбінде түңілуге сайғандай. Өлгі бір Қарашоқыдағы қанды оқиғадан ауруға шалдығып, төсек тартты; Бөжей үйінде тірі жетім ғып әкесі «ит жемеге тастатқан» кішкене мүскін Камшат тағдыры мұның жанын жегідей жейді: аяулы ғашығы Тоғжанға қосыла алмай, тағы да әке шешімімен өзі сүймеген Ділдаға үйленуі...

Осылардың бәрі Абайдың о бастағы мөлдір тұнығын сел басқандай лайлай береді.

Ал әкесі Құнанбай болса, Абайдан өзіне ізбасар дайындамақ. Сол оймен баласын әр іске бір салып, өз қарамағындағы ру басыларға жұмсап, сынап та көрді. Тумысынан зерек, қабілетті, өнерлі жігіт оттай жанып, шоқтай маздап, әке сынынан сүрінбей өтеді. Барған ауылдарында Абай туралы ұнамды ұғым, жақсы атак, кейде тіпті әжептәуір аңыз қалып отырады. Тоғжанның махаббаты да тұңғыш рет Абай Сүйіндік үйіне барғанда – жас қонақпен әкесінің әңгіме-насихатының үстінде тұтанғандай... Абайдың ел ішіндегі есті жас Ерболмен достығы да осындай, азаматтың ат үстінде жүрген шақтарында тапқан рухани олжасы. Абайдың өз басы, ой-санасы, ұғым-нанымы, жалпы ішкі дүниесі де, әрине, бір

орында тұрып қалған жоқ. Үздіксіз өзгеру, өрбу, жаңғыру, жаңару үстінде болатын. Ру аралық жанжалдар, таластар, олардың өршіп, асқынып барып ұласқан жері – Токпамбеттегі, Мұса құлдағы қарулы қақтығыстар – Абайдың өзі өмір сүріп, өсіп келе жатқан ортаға әлеуметтік көзқарасын қалыптастырады. Бара-бара жас азамат өз жөнін іздеп, бағытын бағдарлайды. Осы жайлардың қай-қайсысында болмасын, осынау өмір қоршауына автор Абай көзімен қараса, Абай өз бойындағы асыл қасиет – өнер көзімен қарайды, дәлірек айтқанда, Абай ақиқатты ақын көзімен таниды. Құнанбайдың қанды қол қатыгездігі, одан туындайтын жолсыз жаза мен жауыздық, ұлып табысқан бөрілер секілді ұйлыққан қырық рудың қырық көкжалы – жұмылған қырық жұдырық, тағылықпен лақтырылған қырық тас кесек; осы көріністердің жан түңілтер жыртқыштық мәні; осындай «жаны ашымастың қасында басы ауырғандар» – жұтқа ұшыраған жарлы-жақыбайлар, қира кезік құл-құтандар, басында билігі жоқ әйелдер қауымы, еріксіз ұзатылған қыздар, қалың малға түскен келіндер, түрліше өлу-тірілулер, өшу-жанулар, осылар қалыптастырған салт-сана, әдет-ғұрыптар... Осылардың бәрін Абай сырттай бақыламайды, осылардың бәріне бейтарап қарай алмайды, қалыс қалмайды, әр құбылысқа өзінің қарым-қатысын белгілейді, не құптайды, не қарсы болады, сол ретпен белсенділік қимылдар жасайды. Адамдардың арақатынасы ғана емес-ау, тіпті табиғат құбылыстарының өзін Абай статикалық халде емес, динамикалық күйде анық ақындық түйсікпен тура тірілтіп түсінеді. Айталық, қырдағы кеш, қоңыр іңір «бұның бір ұғымсыз өміршісі, сүйсіндіре мүлгіткен зор мұңдасы тәрізді»; кеше ғана өзара жауыққан рулар бір-біріне сойыл сермеп, шоқпар сілтеп, бір-бірін соққыға жыққан тау бөктерінен «соққан салқын ызғар қатал мінездердің ызғырығы тәрізді»; енді бірде «Абай біртүрлі сейіліп, іштей серпіліп алып, тау жотасынан биіктеп, аспанға қарады. Толық ай ашық көкті қалқып, сызып келіп бір топ шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де қызық күйге түсті. Абай соған қарап өзге жайдың бәрін ұмытып, аңырап телміре қалды». Абайдың ақындық бітімі, ішкі дүниесі осылайша нәзік және терең ашылады. Дәл осы тәсілмен эпопея авторы бас кейіпкердің іштей түлеуін, өзгеруі мен өсуін көрсетеді. Кітап басында қаладан келе жатқан Абайға жерұйық боп көрінген көктем көркіндегі кербез дала кітаптың аяғында ақ қар астында ақ кебінге оранған өлік секілденеді. Бұл – әшейін көзге көрінген сурет қана емес, көңілге ұялаған шындық. Бұл шындыққа енді Абайдың көзқарасы да басқаша... Әке мен баланың арасындағы жол

айырығы осы тұста біржола белгіленеді. Бұл бұрылысқа әкелген романның өн бойындағы психологиялық дәлелдің күші сондай – оқырман Абайдың әр қылығы мен қимылын дәл өз қимылы мен қылығындай қалтқысыз қабылдап, татаусыз түйсінеді. Сондықтан ол әке мен баланың ажырасу себебіне сенеді. 1-кітаптың аяғында әке мен бала бір-біріне бетпе-бет келіп, ой, пікір, ұғым сайысына түскенде оқырман Абай жағында болады. Абай, сөйтіп, өз өмірінің биік қиясына қарай адымдап, өрлеп келе жатады: «Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бір күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді» [3, б. 46]. 1-кітапта Абай осылайша азамат ретінде қалыптасса, екінші кітаптан былай қарай енді өнер адамы – ақын Абай, шын мәніндегі азамат-ақын көрінеді. Абай ақындығының арғы тамыры өзінің туған топырағындағы төл әдебиетте – халық өнерінде – өзін сәби кезінен қиял-ғажайып ертегілермен әлдилеген Зере-әжеде, мұншыл жырау Барласта, сыншыл жыршы Шөжеде... жатса, бергі бұтағы мен жасыл жапырағы орыс әдебиетінде – Е. П. Михаэлис секілді орыс достары арқылы қолы жеткен А. С. Пушкинде, М. Ю. Лермонтовта... жатыр [4, б. 54]. Романда осы сыр терең және жан-жақты толғамын табады. Таланты мен танымы, ұғымы мен білімі, жалпы ой-санасы, ақыл-парасаты осындай қос арнадан қоректенген азамат ақынның рухани дамуы, қайраткер ретінде өсуі одан әрі жалғасады. Мыс., алғашқы кітаптарда Абай өз келесіндегі келенсіздікті, өз ортасындағы әділетсіздікті сынаушы ретінде көрінеді. Роман бойындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздіктер мен күрес тақырыбы соңғы кітаптың күллі идеялық мазмұнын кеулеп, сюжеттік арқауына айналып кеткен. Жаңа мен ескінің тартысы енді осы арнада жүреді. Бұл тайталастар бұрын ауыл аясында болса, енді қала тіршілігін де қамтиды. Қараңғы қазақ даласында рауандаған таң жарығындай Абай ағартушылығынан тараған осынау күрес сәулесі бұрын даладағы Дәркембайлар мен Базаралылар үстіне түссе, енді қаладағы Әбендер мен Әбділер, Сейіттер мен Сейілдер маңын нұрландырады. «Абайдың» 2-кітабы мына сөздермен аяқталған еді: «Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз... бір қуаты, бір үміті бар... Қуаты – ақындық, үміті – халық» [5, б. 430]. «Абай жолының» екі кітабында осынау негізгі идея көркемдік жағынан жан-жақты жинақталады. 4-кітаптың

аяғында қым-қуат арпалысқа, күрес, тартысқа толы өмірден әбден жалыққан, түңілген Абай дүниеден кетеді. Осылайша роман басынан аяғына дейін Абайдың рухани болмысының даму, өсу кезеңдері тізбектеліп беріледі.

Түйінге келе, автор романдағы қаһарманның рухани болмысының құлдырау, өрлеу кезеңдерін тартыс арқылы берген. Бұл ру аралық тартыс қана емес, Абайдың ішкі тартысы, ішкі соғысы. Қазақ елін отарлау саясатының нәтижесінде халық өзінің жерінен, ұлттық болмысынан айырыла жаздады. Ұлттық код, рухани құндылықтардың тарылуы салдарынан рухани болмысының талан-таражға салынуы, бұнын барлығы сол ұлт өкілдерінің өзара қарама-қайшылығына, күрес, тартыспен өмір сүруіне әкелді. Абай да сол тартысты бастан кешірді. Хәкім өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан – елдік мұраттың айнымас темірқазығы. Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Абайды Алаштың баласы тегіс танып, тегіс білуі керек».

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. – А., 1970, –164 б.
- 2 Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – А., 1968.
- 3 Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. Төртінші кітап. – Алматы : Жазушы.
- 4 Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі. – А., 1986.
- 5 Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы : Жазушы, 2007.

#### АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ

АХАТ Н. А.

ф.ғ.к., Қазақстан ПФА корреспондент мүшесі, «Ы. Алтынсарин», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерінің, «Құрмет» орденінің иегері, Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің директоры,

Қазақтың рухы туралы аз айтылған жоқ. Айтылып та жатыр. «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» дейді Абай Хәкім. Қазақтың осы данышпан қара шалының ХІХ ғасырда айтып кеткен рух туралы бар ақылын осы күнде де таласып талдап келеміз.



Ұланғайыр сайын даланы аманат етіп кеткен Ұлы Көшпенділердің ұрпағымыз. Ұлы өркениетті Еуразия материгі ғана емес, жұмыр жерге жасап кеткен, алты материкке адам жайлатқан көшпенділердің арқытымыз. Варягтар мен славяндар былай тұрсын, Еуропаның өзіне қолына шанышқы ұстатып, етті пісіріп жеуді үйретіп, бұтына шалбар (шаровар) кигізіп, ұятын жаптырған варварлардың (аттылы адам) бүгінгі ұрпағымыз. Осы ата-бабаларымызбен мақтанғанда ешкімге бой бермей кетеміз, тіпті алғашқы неандерталец атамызға ұқсап әлі күнге дейін кеуде соғуда ешкімге дес бермейміз. Ал, олардың күретамыр (бұл ұлттық код) арқылы қанымызға сіңіріп, жан бойымызға таратып, миымызға дарытып кеткен рухын қайда қоямыз. Ол қайда кетті?!

Сол рух біздің күретамырымызда! Тек өркениет күнбатысқа көшкен тұста, ренессанстық орта ғасырлардан бастап XX ғасырдың соңына дейінгі ассимиляциялаудан кейін оны көлеңкеге түсіріп алдық. Дәлдігінде, қазақтың арына өзіміз көлеңке түсірдік. Содан ұлттың рухы әлсіреді. Бірақ, солай! Себебі, ассимиляциялаудың қасіреті бізге өтіп кеткен. Әлі күнге дейін аспанға қарап, біреуден жақсылық күтіп отыратын «кұлдық» психологиямыз бар. Еркін дем алып, тәуелсіздікте отыз жылға жуық уақыт өмір сүрсек те, сол кейіптен арылғымыз келмейді.

Абай Хакімнің айтуындағы:

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,

Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.

Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,

Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі,

– дегені – жалпы адамзаттық гуманизмнің көрінісі, әлемдегі барлық ұлт пен ұлыстар үшін ортақ қағида, кез келген Homo Elegiens (человек ритора) үшін кредо ереже.

Рухтың ішкі табиғи тылсым дүниесін немістің классикалық философиясы көп зерттеді. Әсіресе, И. Фихте, Г. Гегель көп шиырлады. Идеалист Г. Гегель «рух тек басқа денелік қауызға өтіп қана қоймай және оның күлге айналған алғашқы денелік формасынан жаңарған түрде қайта пайда болып, бірақ ол жетіле және өзгере отырып, одан да таза рух ретінде туындайды», – дейді. Түсіндірме сөздігіміздің рух туралы екінші ауыспалы мағынасындағы анықтамаға жақындау келеді неміс идеалистінің пікірі. Қазақ та рухты адамның физикалық дене күші, қуатынан гөрі өзінен тысқары, бағынбайтын тылсым көздің қуатына жатқызады.

Абай Хакім айтады: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді. Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі», – деп. Қазағын қатты сынағанымен де, ұлттың жүрегі туралы айшықты анықтамасы бар. Абай Хакім қарасөздерінің өн бойында адам жаны, рухы қашанда болсын бар, бірақ Хакім оны өз заманының адамына, өз қоғамының қазағына қарата айтқан. Қырық үшінші қара сөзінде «Жан қуаты дейтұғын қуат – бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды. Бірақ, әрбір өнердің тыстан тауып алып ішке салғанын, соның тамырын берік ұстап тұруға жараушы еді», – дей келе, Абай осы жан қуатының ішіндегі артық үш қуат туралы айтып өтеді.

Меніңше, Абай Хакімнің жан қуаты – бұл рух деп есептеген жөн. Жанға қуат не болуы мүмкін?! Тек қана рух. Абай ол бек көп нәрсе және оның тамырын берік ұстауды талап етеді, ол да жоғала бастайтынын ескертеді. Шындығында, өмірдің әр түрлі себептеріне, тіршіліктің ауыртпашылық сындарына байланысты рух әлсірейді. Одан әрі «Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зінһар соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам ұғымы хайуан болды, адамшылықтан шықты» – дейді. Абайдағы ұлы қуат, рухтағы үш қуатқа жататындар:

1 «Подвижный элемент» (Абайша). Өмірде алған білім-білігін, жинақтаған тәжірибен саған не жақсылық береді, соны біліп, бәрін ақылыңмен дер уақытыңда таразылауды ұсынады. Кеш қалдың, уақытыңды еш қылдың, онда оқудың да керегі жоқтығын ескертеді. (Ақыл)

2 «Сила притягательная однородного» (Абайша). Алған қуатыңның (есту, көру, хошсыну және оны тексеру) бәрін тандап, ойлап, білмеген жерін толықтырып, білгеннен сұрап, оқып, басқадан үйреніп барып бірақ тынышталу (Қайрат).

3 «Впечатлительность сердца» (Абайша). Өзіңнің ішкі қуатына төрт жаман әдетті – мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттықты жолатпа дейді. Жүректі таза ұстауды өтінеді. (Жүрек)

Абай Хакімнің даналығында шек жоқ. Жан қуатына қажетті үш артық қуат туралы тәптіштеп отыр. Осы үш артық қуат қосылса, жан қуатын – ұлы рухқа қызмет еткізеді. Абай Хакім тіпті одан әрі кетеді.

«Һәм ақыл, һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуат мұнан салсаң онан шығатын

– бір жорға атпен тен», – дейді. Шындығында арлы адамның рухында ақыл мен қайрат жүрекке тәуелді болуы, гармониялық үйлесімде болуы қажет сияқты. Бұл Абай Хакімнің де қарасөзінде көрініс тапқан адам жанының азығы – рухы деп тұжырымдаған дұрыс.

Абайдың рух бағытындағы барша категориялық пайымдаулары жапон ұлтының философиялық бағыттарымен де салыстыруға әбден болады. Жапонның моральдық философиясындағы «Сингаку» синкреттік ілімінің негізіне жүректі жану ғылымы жатады. Оның негізін салушы Исида Байганның (17 ғасыр) кредосына адамзаттың жүрегін тану, сол арқылы гуманистік моральдық биікке шығу насихатталады. Абай заманының тағы бір ірі жапондық ғұламасы НитобэИнадзоның «Жапония жаны Бусидо» трактатында мораль мен этика бағытындағы ойларын айта кетуге болады.

Сонымен қатар Сетоку Тайсидің (6–7 ғ.) «Он жеті бантағы қағидаттар», Айдзаве Сэйскай (18 ғ.) мен Фудзита Токонның (19 ғ.) (бұлар Токугава негізін салған «Мито» мектебінің шәкірттері) «конкутай» яғни жапондық ұлттық құндылықтарды дамыту идеясы бойынша Абай қарасөздеріндегі ұлттық Рух, тіл, сенім, дін мәселелерін салыстыра зерттейтін мезгіл келген сияқты. Себебі бүгінгі Жапонияның әлемдік дамудағы зор жетістіктерге жетуінің бір қыры оның өзіндік ұлттық рухын сақтай білуінде жатыр.

Біз виртуалды әлем, яғни кибер өркениеттің адам рухына қалай әсер ететінін білеміз. Тағы да қайталаймыз. Абай Хакімнің үш қуаты арқылы да бүгінгі қоғамның қазағына осыны ескерткіміз келеді. Тәрбиесіз берген білім өте қауіпті екенін алдыңғы даналарымыз айтып өтті. Енді одан сабақ алудың жолын қарастыру парыз.

Қазақ рухының түзелуіне, қалыптасуына қашанда болсын тұлға үлкен әсер еткен. Бесіктен белі шыққан сәбиінен еңкейіп еңкіш тартқан қариясына дейін зияткер тұлға – ең зор қорғаушы күш. Рухтың түзелуіне тұлғаның әсер етуі, дамытушы, әсерлендіруші, жігерлендіруші энергия көзі ретінде әрқашанда негізгі фактор ретінде қаралады.

Ар–рух–тұлға формуласы бір-бірін толықтырады. Рухы берік, биік адам арлы, ал арлы адамнан тұлға туады. Алаштың кемеңгерлері – арлы тұлға биіктігіне көтерілген данышпандар. Себебі, өмірде рух жоғары болды. (Ә. Бөкейханов мысалы, бүгінгі Мұхтар Жәкішев). Бүгінгі жас қазақ осы мәселені өз дүниетанымында қалыптастыруы қажет.

Қазақ рухына тұлғадан кейінгі әсер беретін, ықпал ететін – кісілік категориясы. «Нағыз адамдықтың белгісі – кісілік», – дейді

шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұни. Ұлт философиясында, даналық дариясында кісілік дүние-танымы ерекше бағаланады.

Кісілік қалай қалыптасады?! Абайға жүгінелік. «Адам ұғымы екі нәрседен бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибиілі, қайсысы кәсіби оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибиілі, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың басы да жибиілі. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсіби», – дейді ұлы дана өзінің қырық үшінші сөзінде. Мұндағы ақыл, ғылым – кәсіби дүние, осы кісіліктің қалыптасуына әсер ететін.

Ел билігінде, қазақтың сот жүйесінде, бұқараны басқаруда билердің атқарған рөлі тарихта белгілі. Билердің билік айту, дауды шешу, әділетті шешім жасау жүйесі дала заңдарына сай жүргізілді. Әділеттілікті көксеу, кесіп айту, қайта оралып қарамас үшін турашылықпен шешуде билерде орасан зор көрегендік, білгірлік, данышпандық қасиеттер болған. Осының бәрі кісілік категориясы арқылы үлкен гуманистік принципшілдікті ішкі жан дүниесінде қалыптастырудың арқасында іске асырылған. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген, яғни, олар бүгінгі күнгі заң саласындағы юриспруденцияның ең негізгі қағидасы – әділеттілікті орнатқан.

Қазақтың рух категориясындағы тағы бір ұғым – тектілік (Благородство рода). Әр халықтың даму, өсу сатысы әр қилы. Тіпті көшпенділердің тайпалық өмір сүруінде де біркелкілік болмаған. Халықтарды тарихтың өзі сұрыптаудан өткізген. Мықтылары, иә, рухы мықтылары суырылып алға шыққан, арийлік дәрежеге көтерілген, айрықша шенге, атаққа ие болған, оларға шексіз билік берілген. Ал, әлсіздері, әлжуаздары бар үлестен шет қалған, билік иерархиясынан аластатылған, біртіндеп жойылған.

Біздің ұлтымыздың негізін құраған ежелгі тайпа-рулардың да осындай тарихи миссиясы болды. Қарт тарихтың толқынындағы әр дәуір, әр кезеңдеріндегі олардың атқарған рөлі туралы бәрімізде білеміз. Көшпенділердің, одан кейін түркілердің құрамындағы негізгі халықтардың бүгінгі әлемде алдыңғы сапында қазақ ұлты тұрғанын төрткүл дүние танып отыр. Ұлтымыздың ХХІ ғасырда осындай дәрежеге жетуіне, осындай абыройлы болуына үлкен үлес қосқан қазақ рухындағы тектілік деп түсінген дұрыс.

Қазақ өз ұрпағының қаны таза болуын ойлап, ежелден асабір жауапкершілікпен қарады. Ол үшін тек ерекше қасиетті ұғым саналды. Бұл жерде қазір жиі айтылып жүргені «ұлттық

код» мәселесін айта кету абзал. Соңғы кездері ақпараттық кеністікте, соның ішінде, саяси бағытта «қазақ ұлт ретінде толық қалыптаспаған, ұлттық коды жетілмеген» деген сынайлы түрлі пікірлер тоғысы жиі айтылып келеді. Мұның бәрі – абсурд нәрсе. Шала саясатсымақтардың ойлап тапқан айласы, дәл осындай арандатушылыққа сеніп қалмау парыз. Қазақтың тектілік ұғымындағы осы «ұлттық код» турасында айтылған теріс пікірге тіпті ана тілінде сөйлей білмейтіндердің өзі өре түрегелуі мүмкін. Бұған Ж. Жақыповтың «Шала қазақ» деген кітабындағы: «Вне всякого сомнения шала қазақ ощущают себя казахами. Спросите любого шала казаха: хочетли он быть русским, американцем или турком? Со стопроцентной вероятностью прозвучит отрицательный ответ». Это при том, что данный шала қазақ, возможно, толком и одного предложения не скажет на родном языке, не испытывает особого интереса к национальной культуре и плохо знает историю своего народа. Тем не менее в нем сидит глубокое осознание того, что он является казахом, и это «казахское состояние» соответствует его личностному «Я». Через понимание данного феномена я прихожу к осмыслению глубинности казахского цивилизационного кода» деген анықтамасымен дәлелдеуге болады.

Тіл категориясы жайында одан әрі ойымызды жалғастырсақ, бүгінгі күннің тағы бір мәселесі – шала қазақтар туралы. Бұл сөз тіркесін мен ойлап тапқан жоқпын, әйтсе де тіл турасында ұлттың маргиналданған бөлігінің ашық тұрған үлкен мәселесі бар. Оны айтпасақ тағы да болмайды.

«Жүректің сөзін сөйле, тіл – жалғаны жоқ бояма» «Говори сердцем, кристально чистый мой язык», – деген Абай Хакімнің даналығында жүрек-тіл арақатынасы жатыр. Бірақ, мемлекетіміздегі тіл саясатының екі ұштылау бағытының салдарынан ана тілінің тағдыры әлі де мәз емес. Мемлекеттік тіл ретінде статусы болғанымен, әл күнге есіктен сығалаған қалпында. Абай Хакімнің айтуындағы «Жүрек тілі» бола алмады.

Қорыта айтқанда Абай мұрасы бүгінгі жаһанданудың ең қауіпті апокалипсисі адам рухының жоғала бастауына қарсы қоятын ең қажетті кредо.

Абай жалпы адамзаттық даналық тұлғаға айналған адам.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ф. Есім. Абай туралы философиялық трактат. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 36 б.

2 Ауезов М. О. Абай Құнанбаев. Статьи и исследования (на рус. и каз. языках). – Алма-Ата : Гылым, 1967.

3 Кенжеғалиев К. К. Психология «Слов назидания» Абая Құнанбаева – казахского просветителя конца XIX и начала XX веков. // Фундаментальные исследования, 2013. № 10 (часть 3). – С. 659–664.

4 Абай. Қара сөздері. – Алматы : Өнер, 2006. – 124 б.

5 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013. – 500 б.

6 Абай. Қалың елім, қазағым... Өлендер. – Алматы : Атамұра, 2002. – 224 б.

### АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚИТУ ӘДИСТЕМЕСІ

БАЙСЕИТОВА С. Х.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Жылбек Ағаділов атындағы ЖОББМ,  
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы

Хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», деген болатын. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр.

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту мектепте әдебиетті оқыту принциптерімен тығыз байланысты. Абай шығармалары сөз өнерінің биік үлгісі ретінде әдебиетті оқытудың мақсат-мүддесіне толық жауап береді. Мектепте оқытылатын пәндер қатарында әдебиеттің де пән ретіндегі оқытылу мақсаты оқушының білім алуына, білік дағдысын, таным, түсінігін қалыптастыруға, тәрбиелуге бағытталады.

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту бастауыш сыныптардан басталып, орта буында, жоғары сыныптарда түгел қамтылады. Абай шығармаларын төменгі сыныптарда немесе орта буынның 5, 6 – сыныптарында оқытқанда, оқушылардың ассоциациялық ойлауы мен қиялын дамытатын әдіс-тәсілдер пайдалану орынды деп есептейміз.

Тақырыбы: А. Құнанбайұлы – дана ақын, дара ақын.

1-тапсырма: Абай Құнанбайұлы туралы мәлімет беріңіз.



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2-тапсырма: берілген кестені толтырыңыз.



2                    3                    4                    5

Тақырыбы: Абай туып-өскен орта

Тапсырма: Мәтінді оқып, Ұлы ақынның ата – тегін тірек-сызба арқылы көрсетіңіз.

Абай – Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Ақынның арғы бабасы – Олжай батыр. Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді үш ұрпақ тарайды. Айдостың Айпара деген әйелінен Ырғызбай, Көтібак, Топай, Торғай туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған.

Ортасынан оза шауып, ел басқарған Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай туады. Құнанбай мен Ұлжаннан Абай туған.



Тақырыбы: Абай-лирик ақын

1-тапсырма:

Абай өлеңдерінің бір алуаны – табиғат лирикасы. Табиғат адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Абай асқан шеберлікпен жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазды. «Жазғытұры», «Қыс», «Жаз», «Күз» атты өлеңдерінде табиғаттың тылсым құбылыстарын шынайы өмірмен астастыра суреттейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін, не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзін көріп тұрғандай боласын. Абайдың өлеңдерінде күнделікті өмір, адамдардың күнкөрісі мен іс-әрекеті және өзінің де көңіл-күйі де анық көрінеді.

Жаңа сөздерді қолдана отырып, мәтіннің мазмұнын ашатын тірек сөздерді белгілеңіз.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Абай қандай ақын?

Ол өлеңдерінде нені жырлайды?

Ақынның табиғат туралы қандай өлеңдері бар?


Ақын табиғатты қалай суреттейді?

2-тапсырма: Жыл мезгілдерінің бейнелі суреттерін сол мезгілде болатын табиғат құбылыстарын кесте арқылы анықтаңыз.

Сөйлем	Күз	Қыс	Көктем	Жаз
Құстар жылы жаққа кетеді.				
Шық түседі				
Жапырақтар сарғаяды.				
Боран соғып, аяз болады.				

Тақырыбы: «Қыс» өлеңі  
 1-тапсырма.  
 Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып көріңіз.  
 Ақ киімді, денелі, .....  
 Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
 Үсті-басы ақ кырау, түсі .....  
 Басқан жері ....., келіп қалды.  
 Дем алысы – үскірік, ..... бен .....  
 ..... құдан – қыс келіп, әлек салды.  
 Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
 Аязбенен қызарып ажарланды.  
 Бұлттай қасы жауып .....,  
 Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.  
 Борандай ..... етіп долданғанда,  
 Алты қанат ақ орда үй шайқалды.  
 Әуес көріп жүгірген ..... балалар,  
 Беті-қолы домбығып, ..... шалды.  
 Шидем мен тон қабаттап киген .....  
 Бет карауға шыдамай теріс айналды.

2-тапсырма: Суреттерді қолданып, «Қыс» тақырыбында әңгіме құрастырыңыз.



Тақырыбы: Әлеуметтік-саяси лирикасы «Қалың елім, қазағым» өлеңі

1-тапсырма:

қалың елім	жұртым	бірлік	ағайын	Береке
Берілген сөздер мен сөз тіркестерін не байланыстырады?				

2-тапсырма:

«ПОПС» формуласы бойынша ой-толғаныс жазыңыз.



Бірінші сөйлем «Менің ойымша...»

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім.

Тақырыбы: «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңдері

1-тапсырма: Өлең жолдарының мағынасын ашып түсіндіріңіз.

Ақынның ойы	Менің ойым
Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсен қызар, жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін, Алты бақан алауыз. Өзін-өзі күндейді, Жақынын жалған міндейді Ол – арсыздық белгісі. Ұятсынбай, ойланбай, Қой дегенге тіл алмай, Іс қылмай ма үлгісі?	

2-тапсырма: Кестені толтырыңыз.

Қазақ балаларының бұрынғы жағдайы	Қазақ балаларының қазіргі таңдағы жағдайы

Тақырыбы: Абай-аудармашы. Абай және Пушкин

1 тапсырма:

Бос орындарға тиісті сөздерді қойып сөйлемдерді дұрыс құра.

- 1) Абайды әкесі он екі жасында Семейге \_\_\_ жібереді.
- 2) Абай \_\_\_ медресесінде оқыды.
- 3) Медреседе дін сабақтарынан басқа \_\_\_ жақсы меңгереді.
- 4) Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Толстойдың \_\_\_ оқиды.
- 5) Абайдың көп өлеңдері \_\_\_ арналған.
- 6) Ақын Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын \_\_\_ аударған.

Қажетті сөздер:

- 1) а) окумен б) окуға с) оқуды
- 2) а) Ахмет Ризаның б) Ахмет Ризамен с) Ахмет Ризада
- 3) а) араб, парсы тілдерінен б) араб, парсы тілдерін с) араб, парсы тілдерінің
- 4) а) шығармаларымен б) шығармаларына с) шығармаларын
- 5) а) Мәдениет пен білімге б) Мәдениет пен білімнен
- с) Мәдениет пен білім
- 6) а) қазақ тілімен б) қазақ тіліне с) қазақ тілін

2 тапсырма:

Абай және Пушкин

Орыс әдебиетіне зер салғанда, Абайдың назары алдымен Пушкинге ауғаны тегін емес. Пушкин орыс әдебиетіндегі жаңа дәуірдің, қоғамдық мазмұны, тақырып-идеялары мен көркемдік сапасы мүлде жаңа классикалық әдебиеттің басы болды. 1886 жылдан бастап Абай Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аударады. Сол Пушкин арқылы Батыс Еуропаның басқа да классиктерін танып білді. Орысша аудармалар арқылы ол ежелгі әдебиетпен де танысты. Абай Пушкиннің ең таңдаулы туындысы «Евгений Онегинді» аса жоғары бағалады, оның жеке үзінділерін бұдан бір ғасырға таяу уақыт бұрын асқан көркемдік шеберлікпен қазақшалап берді. Абай қазақ тіліне аударып, арнайы ән шығарған «Татьяна хаты» халық арасында өткен ғасырдың аяқ кезінде өте кең тарап, ең сүйікті өлеңдердің біріне айналуы орыс ақынының ерте кезден-ақ қазақ халқына етене жақын болып кеткенінің айқын дәлелі.

Татьянаның тағдырын қыр елі қазақ қызының, әйелінің тағдырына орайлас сезінді. Татьянаның еркіндік сүйгіштігі мен парасаттылығы, сабырлылығы қазақ жастарын да тебірентті. Пушкиннің ұлылығын сол заманда, сол ортада отырып тани, бағалай білгендігі – Абайдың ұлылығының бір жарқын көрінісі. А. С. Пушкиннің аса кесек көркем туындыларының бірі «Евгений Онегин» – шын мағынасында халықтық шығарма болды. Онегинге Татьянаның махаббат сезімін білдіріп хат жазатыны – романның сюжетіндегі ең бір түйінді жері. Пушкин тексінің жалпы мағынасын дұрыс береді. Аудармада Татьяна бейнесі, орысша түпнұсқасының басты ерекшеліктері сақталып, шебер суреттелген.

Мәтін бойынша келесі кестені толтырыңыз.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

«Абай ата» деген тақырыпқа эссе жазыңыз.

**Эссе жазудың талаптары**

Тақырыпты мұқият ойлаып таңдаңыз.

 Дәлелдерді, ақпараттарды жинаңыз.

 Идеялар тізімін жазып шығыңыз.

 Реттілікті сақтай отырып жоспарлаңыз.

 Кіріспе бөлімін жазыңыз, тезис ойлап табыңыз.

 Негізгі бөлімді бірнеше абзацқа бөліңіз.

 Абзацтарды байланыстырушы сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс қолданыңыз.

 Қорытынды бөлімін жазыңыз.

 Жазғаныңызды оқыңыз, қателеріңізді түзетіңіз.

 Тақырыптан ауытқымаңыз!

Оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін үйлесімді етіп таңдап ала білуге байланысты. Себебі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Ал сабақтың мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық, шығармашылық еңбегі, сондай-ақ сабақта оқыту мен тәрбиенің міндеттері, мақсаттары жүзеге

асырылады, оқушылардың ой – өрісі кеңіп, қабілеті шындала түседі, өмірге деген көзқарасы қалыптасады.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың лирикалық шығармаларын 5–8 сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге творчестволықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүние танымына, дүниеге көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Каримов И. А Юксак маънавият енгилмас куч. Тошкент. 2008.
- 2 Әділханов Т. Абай өлеңдерінің білімдік, тәрбиелік мәні. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994.
- 3 Бадырақов Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі. Алматы. 1987.
- 4 Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы. 1995.
- 5 Бөкейханов Ә. Абай Құнанбаев. Абайды оқы, таңырқа. А. 1993.
- 6 Есенжолова А. Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістемелері. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1993 ж.

#### АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ

БАКРАДЕНОВА А. Б.

п.ғ.к., қауымд. профессор,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Ұлы Абайдың әдебиеттегі дәстүрін жалғастырушы, философ әрі реалист ақын Ш. Құдайбердиев «Жастарға» деген өлеңін 1879 жылы жиырма бір жасында жазған. Бұл көлемі мен мазмұны жағынан кең ауқымды, белгілі бір тарихи кезеңнің қоғамдық ой-пікірін сипаттаған шығарманың тақырыбы – мәңгі жырланатын жастар өмірі. Туындының өзіндік жазылу ерекшелігі ақынның «мен» атынан жастарға тіл қатуы, олардың қоғамға жат қылықтарын

жеткізіп қана қоймай, өзіндік ой-толғамдармен жастық шақта дұрыс өмір сүрудің формулаларын сипаттайтындығында. «Бозбалалықты күнде күйлей бермей, Абайға баралық, сол кісіден білім іздейік!» деген идея –89 шумақты көлемді өлеңнің негізгі идеясы.

«Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,  
Замандасы болмады сөз ұғарлық.  
Амалы жоқ айналды енді бізге,  
Күн туды етегіне жабысарлық.

Мидағы ой-тамырға жол салалық  
Жүрекке оймен сынап апаралық!  
Ақ жүректің ғадалат қылған ісін,  
Қабылдауға қызығып қозғалалық!» [6, 12 б.].

Жастарды өнерге, мәдениетке, білім алуға Абай алдымен шақырған үгіт-насихат үлгісіндегі өлеңді Шәкәрім әрі қарай жалғастырған. Жүректері таза, өмірдің ащы жақтарын әлі тата қоймаған, ішкен-жегенге мәз жастарға ақын Абайша ақыл айтады. Өлеңде ақын жүректегі таза ойдың мида тамыр жаятынын насихаттап, жас адам әр уақыт өзін бақылап жүруі керектігін ескертеді. Өзінен бір мүшел үлкендігі бар Абайды басшы деп қабылдап, ақын одан ақыл алып, жетіліп келе жатқан өз тұрғыластарымен бірлесе кірісетін іс-шараларды түгелдей тізіп шыққан. Бұл үгіт өлеңнің стильдік ерекшелігі жас буын бейнесін ашқан мәнерлеуші құралдарымен ғана емес, олардың кимыл-әрекеттерінің етістіктің бірнеше тұлғаларымен берілуінен көрінеді. Бұл әдіс – ұлы Абайға тән әдіс. Жастарға тән көзсіз армандау-қиялдау, небір кимыл әрекеттерге бару екі ақында да бірінен бірі үдетіле көрсетілген жеке бір тұлғалар арқылы беріледі. Мысалы, Абайдың сұлу қыз бен жұрт мақтаған жігітті суреттеуінде есімше тұлғасындағы етістікті эпитеттер арқылы тойғанға «мас» жастар бейнесі жеткізілген.

«Бұлардың кейбірінің мінездері:

Ешнәрсе көрмегенсіп, бұртақтаған.

Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,

Орынсыз адамдармен жыртақтаған» делініп келетін шумақпен қыздың бейнесі етістіктермен салынған, әрі қарай негізгі ой авторлық ойталқымен:

«Әуелден сұлу жайы бізге мәлім:

Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған» деп берілген,

ал күндерін күр ойын-

сауықпен өткізіп жүрген жігіт жайын  
Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,  
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған,  
Орынды іске жүріп, ой таппаған,

Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған», – деп суреттеген.

Осылайша мысқылмен сипатталған қыз бен жігіт суретінде «Көрмегенсу, бұртақтау, жыртақтау, ұятсынбау, тыртақтау, ой таппау, мал таппау» сөздері қандай адамның бейнесін жасап тұр?» деген сұрақ қояр болсақ, «Бойында міні көп, нашар адамның бейнесі тұр» деген жауап алуға болады. Негізі етістіктік тұлғасынан тұратын әрбір сөздің экспрессивті сипаты бар. Абай әр сөзімен жастар мінезіне сын айтып отыр.

Өліне қарамай әлек болған Күлембайдың болыс болған кездегі жат қылықтарын жеткізу үшін ақын «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңінде де ақын басынан аяғына дейін осы өлеңдегідей экспрессивті-эмоционалды мәнді етістіктерді қолданған. Абай стилін алғаш зерттеуші ғалым Р. Сыздықованың: «Бұл өлеңде сырт қарағанда поэзия тілінен гөрі қарапайым ауызекі сөйлеу тіліне тән лепілдеп, діңкілдеп, дүмпілдеп, далпылдап, шартылдап, бартылдап деген сөздер қолданылған. Бұлар, сөз жок, әдейі қолданылған. Семантикалық бояуы жағынан да, тұлғасы жағынан да өлеңнің сатиралық жанрына сай келетін сөздер: лепілдеп, бүпілдеп, дікілдеп, дегендерде динамика күшті сезімге, соңғы таркылдап, қаркылдап, баркылдап, шаңкылдап, шартылдап дегендерде жағымсыз қылықтарды білдіретін экспрессивтілік бояу мықты сезіледі. Бұл шығарма тілінің ұлы, ызалы екені соншалық – осыны білдіруде ақын тұрпайы сөздерді де жатсынбайды. Халықтың сөзімен тілімізде айтылатын ..... тым тұрпайы қолданыстарды Абай сияқты ақын өзге сөз таба алмай айтып отырған жоқ, аса зілді мысқыл үшін олардың экспрессивті бояуының қалыңдығын пайдаланып, әдейі қолданып отыр» деп жазуы ақынның портрет жасауда етістіктерді стильдік мақсатта қолданғанын көрсетеді [5, 42 б.].

Керітартпа әлеуметтік ортадан көңілі құлазыған уақытта ұлы ақынның жастарға иек артқаны шындық. «Абайдың Шәкәрім ақынға ағайын болуы, оның шәкірт достарымен бірлесе ағасын пір тұтуға, соңына еруге әкелді» [1, 209 б.]. Қырыққа енді аяқ басқан шағында-ақ Абай сөзі (тілі) әрқашан халықтың көкейіне жақын сөз болды. Сондықтан да ақынның шәкірттері де, кейінгі поэзияға жол тартақан қаламгердің әрбірі Абай тіліне, өрнек сөзіне тәнті болды. «...басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы

сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасын. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Дегенмен, ойды ақын есті көңіл ден қойса жатсынбай, құп аларлықтай тіл орамымен, тіркес дестесімен береді. Көзіннің алдынан көптің көкейінде бар жатық ой жүлгесі жүні жылтырап, қарға неше аунап әбден құлпырған сөз түлкісі боп құйрығын бұландатып, көзінмен көңілінді қоса елең еткізіп өтіп бара жатқанда осы еңбектің иесіне (авторға) айызын қанып, еріксіз тәнті боласын!» деп жазады Абай өлеңдері туралы осы заман көзімен Абай танымы бойынша ізденіс жасап жүрген журналист Оразбек Сапархан [4]. Жас ізденушінің Абайтануда жаңаша қарымын таныта: «Абайдың айнасына қараған әр қазақ өзін, жасап жатқан қоғамын көреді» деуі – бүгінгі оқырманға Абай туындыларын дәл қазіргі кезеңде тереңнен тере, зерттей оқудың қажеттігін зерделеуі.

Дара Абайға, дана Абайға жүгінбеген талант иесі кемде кем. Ақындық ынтық жүрекпен, ақын лирикасына алғаш рет филологиялық талдау жасаған «поэзия Құлагері» – Илияс Жансүгіров. 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналына жариялаған мақаласын «Абайдың сөз өрнегі» деп атаған. Қазақ жазба әдебиетін негізін қалаушы ретінде ұлы ақын өлеңдерінің тақырыбын, жанрлық, тілдік артықшылықтарын талдай келе, І. Жансүгіров: «Абайдың ақындық ауданы кен. Ол ақындық өнерінен бір-ақ мазмұнды, бір-ақ түрлі саласын қуып отырған емес. Абай ақындықты тіл өнеріне, ақындықтың әр жағына жұмсайды. Бірақ саланың бәрінде Абай ақылшы, үгітші. Не айтса да, не жазса да, әлеуметтің өміріне тірей, әлеумет өмірінен бастап отырады. Әрине, бұл үгіт-насихаттын, ақылдың барлығында. Абай жаңашылданған, ақсүйек ақын» деп көрсетті [3].

«Абайдан кейінгі әдебиеттегі екінші ақын» деген атаққа ие болған сол кезеңдегі ҚазАПП-тың тұңғыш председателі ұлы ақынның шығармашылығын арабтың, парсының шұбар тілінен арашалап, ұлы Абайдың әдеби тілдің негізін салғандығын, қазақ қоғамының қайраткері, қазақ жастарының жолбасшысы екендігін дәлелдеді.

Ұлы ұстазынан бойындағы барын алған, поэтикалық стилінің түрлеріне еліктеп, соңына еріп «Жастарға» атты үгіт-насихат өлең жазған Шәкәрім шығармасының Абай стиліне тілдік ұқсастықтарына бойлау үшін, өлеңге әрі қарай лингвистикалық-стилистикалық талдау жасап көрелік. Мұндағы мақсат: Абай мен Шәкәрім заманындағы жастарды қазіргі жастар бейнесімен



салыстыру, үлгі ету. Әрине, салыстыруға келмейді, дегенмен 20–25 жастың қай ғасырда болсын, ыстық жалыны бірдей деп есептеуге болады. Ғасыр басқа, әлеуметтік орта басқа болғанмен, адам өмірінің ұр да жық кезеңі өз мағынасында қала бермек. Осы кезең аралығында ақыл тоқтату – адамның өз болашағын өзі жасауының басты амалы. Абай да, Шәкәрім де жастарға осыны ұсынған.

Шәкәрімнің жастық мінезді сипаттаған өлеңінің идеясы бастапқы он екі шумағында біркелкі формада: мақсатты келер шақтың көпше түрінде қолданылған етістік тұлғалы баяндауыштары арқылы жақсы ашылған. «Абайға жүр, баралық», «білімді ...ізденелік», «күлкі болмалық, жөнделелік», «шынға өлелік», «жатқа алалық», «ұмтылалық», «кел, ойлалық», «ақылмен жол табалық» делініп келген өлең тармақтарындағы тіркестерді жеке алып оқысаңыз, мазмұндық динамикалық реңкті (үдемелілік) байқайсыз, ал мұндай тұлғадағы әртүрлі етістіктердің жалпы саны – 93. Бастапқыда жалыну, алдаусырату, наздану мәніндегі (жол табалық, мал табалық, данышпан жан табалық, күйлей бермелік...) тіркестер орта шенінде насихаттық (жалықпалық, талықпалық, сақ болалық, анықталық, т.б.) сияқты үгіттеу сөздеріне ауысады.

Шәкәрім өлең мазмұнында Абайдың жастарды қатты сынағанын, олардың болашағынан үміт күтпейтінін жеткізіп, өз сөзімен айтқанда, «шиқанымды жарғандай» халде қалғанын айтады. Жастықтың жалынын басып, қоғамға қозғау салу үшін, қайратына мініп, жастарда пайдалы іске күш жұмсауға үгіттейді. Ш. Құдайбердиев оларды уақытты босқа өткізбей, ақылмен іс жасауға үндейді. Қай істі болмасын, «өзіміз жасалық», «мінімізге қарасалық», «тура айтысалық», «айланы тастасалық», «білмегенді анықталық» сияқты жиырма шақты ортақ етісті түрлерін қолданып, 89 шумақты өлеңің 36 шумағында автор жанына тыныштық бермеген қимыл-әрекеттерді суреттеген. Ол әрекеттер, жастарды ғана емес, ұйқыдағы қалың тобырды да соңына ілестіріп кететіндей, серпінді, қуатты берілген: «жалыну», «алдаусырату» сөздері бар бояуы қанық тіркестер соңына таман қарсы мәнді болымсыз етістік тұлғаларына ауысады. Өзіне ілесетін жастар легі бар ма, жоқ па, ақын көңілі алаңдағандай:

«Өз әніміз айтса да ұнамалық,  
Ағамыздың сөзі деп тындамадық.  
Үйреткені өнер ме, әрекет пе,  
Өзіміз ортамызда сынға алалық»

Ғалым көрсек – әр істі сұрасалық,  
Ондайға басымызды құрасалық.  
Өстіп істеп өзіміз қамданбасақ,

Бізге ақыл үйрете алмас мына халық», – дей келіп, автор тура жолдан, нақты аныққа шығару жолынан таймауды тікелей айтады. «Біреуге жалынбау», «наданға бағынбау» «бұртандап тырыспау», «құр өсек қылыспау», «іздеуге жалықпау», «тарығып талықпау» – міне, осындай қимылдық, әрі сындық мәнді етістіктерді баяндауыш қызметінде жұмсаған ақын – тындаушыларға педагог, ақылшы. Өлең басында ақын – қарапайым ортада ақыл айтатын, бағыт беретін үйретуші ұстаз. «Өз міндетінді күнделікті жөнде», «Кәсіп іздесең ақтан тап»... сияқты бірін-бірі қайталамайтын жүздеген қам-қарекет, амал-тәсілдерді жеткізген етістік-баяндауыштар жалпы халықтық тіліміздің байлығына бір тамсандырса, автордың әр сөзді ретімен бере білген шеберлігіне қызықтырады. «Табылған несібемізді жеп көрелік» делініп келетін күрделі синтаксистік құрылымдар, «мақтан кір табу», «күлкі күйлеу», «жүректі адалдықпен жуу», «көңілмен сырласу» сияқты сөйлем арасында, мәтінде ғана ұғынықты окказионал тіркестер – ақынның өзіндік стильдік ерекшеліктері.

Бастапқыда ұйқыда жүргендерді сергітуге бағытталған бірліктер өлең соңына қарай лирикалық геройды талаптың көк тұлпарына мінгізеді:

«Ойладым қайратыма мінейін деп  
Білімдінің қадірін білейін деп.  
Ақыл сөзбен арқама күнде ұрғызып,  
Талаппен түзу жолға кірейін деп» [6].

Бұл жерде Шәкәрім «білімді» деп Абайды бейнелеп отыр. Дені етістіктерден тұратын өлең мәтіні сыдыртып оқып шығуды қаламайды. Бір жағынан алғанда өлең бір сарынды, шұбаланқы, сөздері тым қарапайым сияқты. Ал әрбір қимыл-әрекетті беретін алуан түрлі етістік баяндауыштарды назар аудара оқысаңыз, ақынның шарқ ұрып ізденген, қиналған, өз өзіне басу айтқан, ақылмен өзін тоқтатқан жан-жақты тебіренісін жайып салады. Өлең басындағы жас Шәкәрім кейбір шумақтарда толысқан қария Шәкәрімге айналып кетеді де, идеясы философиялық тереңдік қырынан танылады. «Білімдіге күнә-жат», «Арамды әдет еткен дене дозаққа өзі шығады», «ку жалған дүние-ай» деуі, «Айлакерлікпен жүру – кесектеген түлкідей қиындықта қалмақ» деген ой-тұжырымдары – жастарға айналаны, өмірді тереннен таныта білуі.

Жоғарыдағы шумақтағы «Ақыл сөзбен арқаға күнде ұрғызып» тіркесін Абайды күнде оқу, Абайға талпыну, Абайша іздену деген ұғымды жеткізген перифраздар деп түсіну керек. Шәкәрім осы өлеңде өз ұстазы Абайдың жылдар өткен сайын жас оқырмандарына күн нұрындай жылу беретін, өлмейтін данышпандық ғибраттарын жеткізген. «Жастар Абайға ілесуі керек» деген мұратты меңзеген. «Өзінің алғашқы шығармаларының бірі – «Жастарға» атты өлеңінде ақын өзіне де, өзгеге де Абайды бағыт сілтеуші, жолбасшы ретінде ұсынды.

Албырт шақта жас шәкірттерінің қателікке бой алдырып қалмауы туралы ұлы Абай толысқан шағында көп толғанған. «Бір дәурен кемде күнге – бозбалалық» деп басталатын өлеңін ақын 1886 жылы 41 жасында жазыпты. Шәкәрім Абайды 34 жасында жастар арқа сүйейтін басшы тұлғасында сипаттаса, аралықтағы сегіз жыл ішінде білімі толысқан, елдегі билікке араласа бастаған Абай осы өлеңін Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңіне жауап түрінде жазғандай. Өлеңнің бірінші жолының өзі өлең идеясын ашып тұр. «Кемді күнге бір дәурен» перифразасы жастық шак, яғни бозбалалық сөзінің сипатын береді.

Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,  
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.  
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,  
Дейміз бе ешнәрседен құр қалалық.

Бар ойы – өлең айтып, ән салалық,  
Біреуді қалжың қылып қолға алалық,  
Қызды ауылға қырындап үйір болса –  
Көңіліне зор қуаныш, бір бадалық... [2, 35 б.].

Көлемі 10 шумақтан тұратын осы сыни тұрғыда жазылған өлеңде «күлкі күйлеп, тонын тоздырып, қадірін кетіріп» жүргенше, «өнер ізделік, еңбекпен мал табалық», «алдында шошынарлық уайым көп, жарлылық, жалынышты, жалтаң көздікке, сүйкімі, икемі жоқ, шалдуарлыққа салынбандар» деген ақыл айтып, ұлы Абай бозбалалық дәуренін «бес күндік майданға» теңейді. Шәкәрімнің жастар туралы философиясына шешім шығарған ой данасы:

Уайым – ер қорғаны, есі барлық,  
Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық.  
«Еһе-еһеге» елірме, бозбалалар,  
Бұл – бес күндік бір майдан ер сынарлық» деп түсіндіреді.  
Мақаламыздың соңында айтарымыз: жастар тақырыбы

– мәңгілік тақырып. Әр кезеңнің қойнауында болып жататын әлеуметтік қиын мәселелерде алдыңғы толқын ағалармен қатар жалынды жастар жүретіні аян. Сондықтан, Шәкәрім Құдайбердиев қазақтың бай-мырзасын басып ұстаған заманда «Абайға баралық» деді, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Абайды оқы!» деп өз тұрғыластары – жас жандарға жар салды. Классик ақындар жастар тақырыбының жасампаздығын танытқан, олардың әрбірінің әділ де ақылды, білімді де білгір, сын сағатта шешім шығара алатын тұлға болып жетілуіне сенім білдірген. Ұлы Абайдың ұлағаттары жастарымыздың жадына жаттала берсін. Ақындар жанынан шыққан әрбір сөздің мағынасын лингводидактикалық, стилистикалық тұрғыда зерттеу, зерделеу оқырмандар талғамын артырып, жастарымызды жаңаша бастамаларға именбей баруына жол сілтейді деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абайдың ақын шәкірттері. Дайындаған: Қ. Мұхамедханұлы 1-кітап. – Алматы. «Дәуір», 224 б.
- 2 Абай. Шығармалар. «МӨР», Алматы, 1994.
- 3 «Әдебиет майданы» журналы, 1934 жыл. №-11,12.
- 4 Оразбек Сапархан: Абайдың парасы. [abai.alemi.kz/post/view?id=1207](http://abai.alemi.kz/post/view?id=1207)
- 5 Өнер алды – қызыл тіл. Жинақ. Алматы, 1986, 80 б.
- 6 Шәкәрім шығармалары. 2-кітап, 560б. Алматы : «Жазушы», 1988.

#### АБАЙ КУНАНБАЕВ О ПРОБЛЕМЕ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ

БЕКСУЛТАНОВА А. Б.  
студент, Торайғыров университет, г. Павлодар

Каждый народ имеет духовные и нравственные опоры. Одной из таких фундаментальных опор в сознании казахского народа является творческое наследие выдающегося просветителя Абая Кунанбаева. В его произведениях максимально отражены традиции народного творчества и осмысление проблем общества. Абай – один из величайших гуманистов прошлого. Воздействовать на умы и чувства людей, обновлять общество средством поэтического слова,

глубокое уважение к достоинству человека – вот что характерно для Абая-гуманиста.

«Не для забавы я слагаю стих, Не выдумками наполняю стих, Для чутких слухом, сердцем и душой. Для молодых я свой рождаю стих», – так сам Абай определил предмет своего творчества [1]. Да, именно к молодёжи – к будущему своего народа, а в его светлое будущее, несмотря ни на какие сложности своего времени, великий мыслитель, поэт просветитель-демократ не терял своей веры, утверждая: «Кто не испытывал зла? Теряет надежду лишь безвольный... Ведь истина, что в мире нет ничего постоянного, значит, и зло не вечно... Разве после суровой многоснежной зимы не приходит весна цветущая, многоводная, прекрасная?!». Одно из «Слов» он заканчивает мыслью «И думаю, что может быть, и хорошо жить так, устремляя взор надежды на будущее» [1].

Толкование просвещения Абая считалось средством улучшения человека и общества. Осваивая мир культуры, человек воспринимает определенные идеи и идеалы, языки и нормы поведения. Для великого поэта, мыслителя, гуманиста, выразителя сокровенных мыслей казахстанского народа Абая Кунанбаева самое главное – человечность, ценность человеческого существования, найти свое место в жизни. Обращение к руководству и моральным принципам Абая может иметь большое значение, помогая нам преодолеть наши собственные моральные недостатки, особенно в воспитании молодого поколения. Выдвиньте свой моральный принцип «Адам бол!» в цикле моралистических поэтических произведений Абай разрабатывает целый кодекс этики дружбы и товарищества, любви в браке, долга и совести, мужества и красоты человеческих отношений и т.д. В этом плане характерны такие работы:

«О, джигиты, дорог смех, не шутовство», «В интернате учиться» и многие другие. Если в одних стихотворениях Абай учит, что надо делать, чтобы быть человеком, то в других учит, чего не следует делать, чтобы стать человеком. Например, «Не щеголяй вещами», «Измучен, обманут я всем вокруг» и другие.

Высоко оценивая роль образования в изменении нравов людей, Абай определяет нравственные цели воспитания и образования. Высшая цель воспитания, по словам Абая, – сделать из ребенка рабочего и патриота, а цель обучения – познать мироздание, получить знания, получить образование и профессию.

Главными средствами нравственного воспитания Абай считает труд и просвещение народа. У него нет почти ни одного произведения, где не говорилось бы о значении труда в жизни человека. Абай воспевает труд как жизненную потребность человека и как основу его нравственности. Человек труда – есть истинный носитель добродетели. Что касается науки, просвещения, то их Абай считает универсальными средствами для разрешения всех нравственных проблем, то есть воспитание в молодом человеке стремления к знанию, к разумности. Абай стремится доказать необходимость сделать этику научной, а науку – этичной, нравственной. Один из путей достижения этого идеального соотношения Абая видится в благоразумно и умеренности – «канағат ету» [5].

Умеренность Абая в потребностях, а тем более в поступках, выступает как единственная нравственная категория, заповедь. Знать меру всего и вся – это большое дело.

«Не запутывайся в мыслях, одевании, не лишайся здравого рассудка. В еде, в питье, в схеме, в одевании, в объятиях, в поцелуях, в страсти к богатству, даже карьеризму и хитрости – во всём имеется мера. Всё, что сверх меры – зло» [1].

А меру человека должна подсказывать совесть, которая является нравственным регулятором действий и поведения. Сознательный человек чувствует свою моральную ответственность перед окружающими людьми, так как совесть – это самооценка его действий. Чтобы со временем воздерживаться от аморальных поступков, Абай постоянно дает самооценку своей совести.

Таким образом, Абаем формулируются в его поэзии и прозе наиболее общие нравственные принципы его высшего этического идеала «Адам бол!». Во-первых, это трудолюбие, во-вторых, стремление к знанию, разумности, в-третьих, умеренность, в-четвёртых, совестливость и, в-пятых, самоконтроль, самовоспитание, самодисциплина [5].

Можно утверждать, что моральные нормы, которые провозгласил Абай в прошлом веке, осуждают, с одной стороны, подлость, нечестность, распутство, а с другой – трудолюбие, самоотверженную борьбу за интересы народа, честность, правдивость, настойчивость в отношениях с людьми. Изучая науку, его высший этический идеал, поднимите «Адам Бол!» не только не утратили своего значения в наше время, но и приобрели новую силу звука и требуют самого внимательного изучения и усвоения каждым.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы : Көркем әдебиет, 2002. – 368 б.
- 2 Абай Кунанбаев. Избранное. Серия «Мудрость веков». – М. : Русский раритет, – 426 с.
- 3 Құнанбаев А. Книга слов / Пер. с каз. Р. Сейсенбаева. – Семипалатинск, 2001. – 218 с.
- 4 Орынбеков М. С. Философские воззрения Абая. – Алматы : Гылым, – 334 с.
- 5 Мамырбекова А. С. Нравственный оптимизм Абая // Мысль. – 2007. – № 8. – 116 с.

## ҚАЗАҚ ЭПОСТАҢУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ С. ҚАСҚАБАСОВ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ШАХАЖАНОВА Г. К.

PhD докторанты, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ фольклорындағы көлемді жанр – эпикалық шығармалар. Эпикалық шығармалар – әдеби көркемдігімен ғана емес, тарихи, әлеуметтік, танымдық, шаруашылық маңызы жағынан да мол талдауға алынған жанрлар. «Ел әңгімесі, ел қиялы тарихтың пәлен жылмен, пәлен жыл арасындағы уақиға деп санайтын өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отырады, тарихқа дәл болып өткен мезгілді ел әңгімесінің кейде білмей шатастыратыны да болады. Кейде әдейі біле тұра бір сүйген мезгіліне, не есінде ұмытылмастық болып нық орнап қалған тарихи уақиғаның тұсына ертеде болған уақиғаны, кейінгі заманда болған уақиғаны да түгелімен алып келіп, бір жерге басын қосып, үйіп-төгіп қоятыны да болады» [41, 67].

«Манас» бір дәуірдің туындысы емес. Ол көп заманның оқиғаларын, талай ғасырдың аңыздарын, эпикалық сарындарын тұтастырып айтқан ғаламат эпопея» [18, 115].

«Біздің ойымызша, эпос оқиғаның ыстық ізімен емес, көбіне сол оқиғаның ізі суып, екінші бір таусыншақ күн туған кезде пайда болады» [60, 72].

Ғалым эпостық жанрларды жіктеуде бірнеше үлгіні алады. Оны жоғары оқу орны студенттеріне арнап жазған оқулықта «поэзиялық жанрлар» деп алса [83, 179], фольклор туралы зерттеуінде «эпика түрлері» [59, 224], – деп береді.

А. Байтұрсынов эпосты ертегі жыр, тарихи жыр деп екіге жіктейді [84, 236–239].

Х. Досмұхамедұлы батырлық жырлар, тарихи өлеңдер, тұрмыстық жырлар деген түрлерге бөледі [85, 26–27].

М. Әуезов 1927 жылы «Әдебиет тарихында» үш топқа жіктеп талдайды: батырлар әңгімесі, ел поэмалары, тарихи өлеңдер [41], десе кейінгі зерттеулерінде батырлары жыры, ғашықтық жырлар, тарихи жырлар деп берілген [86, 207].

С. Сейфуллин батырлық және ғашықтық деп ұсынады [87, 336 – 419]. В. В. Радлов Оңтүстік Сібірдегі түркі тілдес тайпаларының жырларында лиризм басым болса, қазақ жырларында эпикалық

белгі молырақ екендігін жазады. «Ер Тарғын» жырында жазба тілдің сипаты көп екендігін айтады [25, 11].

Эпосты кең көлемде түрге жіктеген ғалымдардың бірі – Ә. Қоңыратбаев. Он түрін жіктеуде олардың тарихи-сюжеттік тұстарына назар аударады [66, 133].

Кейінгі кездегі мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарында батырлық жыр, лиро-эпостық жыр деп бөлу қалыптасқан. Бұл жіктелік Қ. Жұмалиевтің [88] батырлық жыр, лиро-эпостық, тарихи жыр деп бөлген 1958 жылғы жіктеуіне келеді. Р. Бердібай эпикалық жырларды төрт топқа: көне, қаһармандық, ғашықтық және тарихи жырлар деп топтастырады [89].

Қазақ фольклорындағы эпос жайындағы зерттеулерді негізге ала отырып [90], ғалым олардың әлемдік фольклортанудағы сипаттарына да назар аударады.

«Эпос показывает, кого народ считает героем и за какие заслуги. Определение, изучение характера, внутреннего содержания героичности и составляет главную задачу науки по отношению к эпосу. Это содержание перед нами раскроется постепенно, пока же достаточно будет указать, что содержанием эпоса всегда является борьба и победа. Во имя чего ведется борьба, это и должно быть определено наукой» [93, 5].

Батырлық эпос мифологиялық және квазитарихтағы өзгеше жағдайлар мен оқиғаларды суреттейтін ауызша және кітаби сөз өнерінің үлгісі деп те анықтама береді [94].

Эпостық жанрлардың басты сипаттары деп ғалым С. Қасқабасов зерттеулерінен келесі белгілер анықталады

1 Эпостық жанрлар ертегілермен тарихи жағынан туыстас.

2 Ертегімен эпос туыстығы: сюжетімен, жанрлық жақындығымен, көркемдік және образдылығымен ұқсас.

3 Эпоста ру-тайпалық сарын халықтық сарынға айналған.

4 Сюжет бір ата, бір рудың жайын баяндаудан бастап, қалық елдің, жұрттың жайна жалғасып кетеді.

5 Эпостарды шығу тегіне қарай, көтерер жүгіне қарай, мақсат-мүддесіне, мазмұнына қарай бөледі: көне эпос, батырлық эпос, ғашықтық эпос, тарихи эпос, дастандық эпос, ғашықтық дастандар, қаһармандық дастандар, діни дастандар, әлеуметтік сүйіспеншілік дастандар, ертегілік дастандар, балладалық жыр.

Ғалым эпостың тектік сипаттарын анықтауда батырдың рулық-тайпалық мақсаттардан мемлекеттік мақсаттарға дейінгі аралығына мән береді. Эпостардың алғашқы үлгілері хикаялардан басталады.

Фольклордың эпостан кіші үлгілерінде кездесетін табиғаттың дүлей күштеріне, тылсым әлеммен, құпия мақұлықтармен кездесіп, оларды жеңіп, елге тыныштық әперетін батыр, не жұртты асыраушы аңшы-саятшы болып келеді. Бұндай сюжеттер әлемнің барлық халықтары фольклорында бар деуге болады. Тек бірінде сол қалпында сақталса, бірінде үлкен көлемді жырлардың ішінде жүр. Сол үлкен жырлардағы сюжеттерді көлемі эпостық шығармалардың кейіпкерлерінің бозбала, жасөспірім кездегі ерлігі, алғашқы сынағы деп қабылданады. Бұндай шығармаларды кей тұста «мифтік эпос» деп атау қалыптасқан.

Қазақ фольклорында көне сюжеттер эпос құрамында да бар. Сонымен бірге өз алдына бөлек хикая құрайтыны да кездеседі. Бұған мысалы ретінде Қамбардың жолбарыспен шайқасуын, Өтегеннің айдаһармен алысуын алуға болады. Батырдың мұндай ерліктері – кейіпкерді көтеру, оның бейнесін көркемдеу мен типтендіру жемісі.

Жаугершілік кезінде батырлық пен ерлік тақырыбында жырлар мен хикаялар, әңгімелер мол айтылады. Ел есіндегі қаһармандық, батырлық туралы сюжеттер қайта жаңғырады. Оны сол қоғамның ыңғайына қарай өңдеуден өткізеді. Осы арқылы сюжеттер сақталуға мүмкіндік алып қана қоймай, жаңа оқиғалармен, тың мазмұндармен өңделі түседі. Осы сюжеттер негізінде жаңа жырлар туады. Фольклор тарихта бар оқиғаны жаңғыртады. Өткеннің оқиғасы қайта еске түседі. Ерлік жасаған қаһарманның да бейнесі кейінгі кезеңдердің кейіпкерлеріне көшеді. Әрі кейінгі кезеңдегі артық, сонымен бірге өзгеше болып суреттеледі. Бұл тұтастану тек кейіпкер үшін ғана емес, тұтасымен эпос сюжеті бойымен жүреді. Эпостағы бас қаһарманның қасындағы өзге де кейіпкерлер, мінген аты, руы мен тайпасы, жер-су аттары да араласады.

Қазақтың рулақ қоғамы эпостарында да өз ізін қалдырған. Сондықтан жалпы халықтық үлгіге айналған эпостарда рулар мен тайпалар тек сақталып қоймай, рулық-тайпалық сарын жалпыхалықтық сарынға айналады. Оқиға бір ру мен тайпаның маңында шығып, осының негізінде өрбігенімен де, кейінгі кеңеюі жалпыхалықтық сипат алады. Батырдың мақсаты – тек өз ру-тайпасын қорғау емес, қалың елдің, барша жұрттың тілегімен қабысып кетеді. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларында ел мүддесі алға шықса, «Ер Тарғын», «Едіге» жырларында мемлекет мүддесі негізге алынады. Соңғы «Ер Тарғын», «Едіге» жырлары мемлекеттік болу мақсатын қойған, қазақ хандығы тұсында пайда болған жыр болғандықтан да тарихи жыр аталатыны орныққаны айтылады.

Эпостық жанрлар тегі жағынан ертегілермен туыстасады. С. Қасқабасов ертегі мен эпос арасындағы сабақтастық туралы «Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы» атты мақаласында айтады. Ғалым ертегі мен эпостың байланысын:

- сюжеттік;
- жанрлық;
- көркемдік;
- образдық деңгейде көрсетеді.

Әлемдік фольклортануда, сонымен бірге 1920-жылдардан басталып, 1960-жылдардың соңына дейінгі басты ұстаным болған В. Я. Пропптың тарихи-салыстырмалы әдісін атап өтеді. Аталған еңбектерде ертегі композициясының біртектестігі тарих және этнография қалпында зерттейді. Дегенмен ғалым бұл әдісті сол қалпында қайталамайды. Ертегі құрылысын негіз етіп алады. Ертегі кейіпкерінің өмірі мен бастан кешкен оқиғаларын ұстаным болады.

Ертегі құрылысының қалпын көрсетеді.

Хан, бай, кемпір-шалдың ұзақ жылдар баласыз күн кешуі. Бір себептермен дүниеге бала келеді. Бала дүниеге келерде хан, бай далада анда, жорықта т.б. болады.

Баланың ерекше болып өсуі. Күші елден асқан, өзі ақылды, елін қорғап ерлік істеуге дайындығы бар.

Қалыңдық іздеуі. Бұл жолда түрлі қиындықтар мен бөгеттерге жолығуы, дүлей күштермен соғысып, оларды жеңуі, достарының болуы.

Сүйгенінің еліне келуі, тазша, малшы бала болып киінуі, түрлі тапсырмаларды орындауы. Қалыңдығын алып, еліне оралуы.

Ертегі уақыт өте көркемделіп, батырлық ертегілік қалыпқа енеді. Батырлық ертегінің өзінің қаңқасы осылай болып келгенімен, кейде, бір эпизодтың ішінде екінші эпизодтар да болуы мүмкін. Бұл көркемдікті күшейтеді. Батырлық ертегі алдыңғы ертегі қалыбын бұзбайды. Жаңа сарын, эпизодтар қосылады да, ол қоғам қажетіне қарай дамиды. Мысалы, баланың батыр болып тууы, ерекше болып өсуі. Осы белгілері ертегіде де бар, кейіннен эпостың элементі ретінде де қызмет еткен. Бұл бөліктер барлық елдердің туындыларында бар. Әрі оны эпоста қабылдаған. Ғалым осы екі мәселеге назар салады. С. Қасқабасов әр елдер ертегілеріндегі осы сюжеттердің эпос жасаудағы орнын анықтауға көңіл қояды. Сонымен бірге түркі-монғол халықтары емес, туыстығы жоқ, Еуропа елдерімен салыстыруды қалайды. Бір-біріне туыстық

қатысы жоқ елдерде тарихи-типологиялық әдіспен зерттеудің мәні қаншалықты қажет дегенді ашуды мақсат етеді.

1 Ертектердегі өзгермейтін сюжеттерді алу. Сол халықтардың ертегілеріндегі мәнін көрсету.

2 Эпостағы көріністерін анықтау.

Бұл әлем елдері фольклорындағы ұқсас сюжеттердің қай кезендерде туып, қалыптасқандығын тануға мүмкіндік береді деген ойды айтады. Ғалым әр елдердің қоғамдық даму қатынастарын аша отырып, сюжеттегі ұқсастықтар тек халықтардың туыстығымен анықтала бермейді. Әр қоғамдық қатынастар өзіне қажет сарындар мен сюжеттерді жасаған. Бұл эпостың ұқсастығы деген ойға әкелмесі анық.

С. Қасқабасов эпостың сюжеттік схемасына назар салады.

1. Перзент сүйе алмаған әке-шешенің жайы.

2. Ғажайыппен дүниеге келген бала.

а) тотем-бабаның аянымен, қолдауымен;

ә) аруақтар жебеуімен;

б) әулие-әнбиелерден сұрап алған;

в) ерекше жағдайда дүниеге келуі.

3. Асқан күш иесі болуы.

а) алып бала;

ә) күшін маңайының көруі, әрекеттері;

б) ерліктерін көрсете бастауы;

4. Жар іздеуі.

а) қалыңдығын табуы;

ә) жол үстінде түрлі жайларды бастан кешуі, дүлей күштермен соғысып жеңуі, достары;

5. Қалыңдығын табуы.

а) өзін жасырып келуі;

ә) жауларынан үстем болуы;

б) қалыңдығын алып еліне келуі.

6. Елін қорғауы, ерліктері.

а) жұртын жаудың шабуы;

ә) жаумен соғысы;

б) жеңіспен жұртына оралуы.

7. Үлкен қуаныш тойы. Батырдың ұлды болуы.

8. Баласының ерліктері.

Ғалым ертегі мен эпос сюжеттерін салыстыра бірнеше өзгешеліктерді анықтайды. Бұл ертегідегі баласыз жүрген жай шаруа, қарапайым адам болуы мүмкін. Ал эпоста патша, хан, ірі

бай болады. Бұл эпостың ертегіден кейін туғандығын дәлелеумен бірге, сол кезең үшін бала тілеген ата-ана сарынан өзгеше назар салуында. Ғалым мұны психологиялық сарындағы көркемдік тәсіл дейді. Болашақ ер, батырдың жай болуынан тілеп алған, көп күткен бала болуы әлдеқайда көркем әрі әсері де күшті. Сондай-ақ оның атат-анасының қартайған көрген баласы болуы, ата-анасының текті жерден екендігі де эпос қаһарманының қасиеттерін күшейте түседі. С. Қасқабасов бұл психологиялық тәсілдер деп атайды. Баланың неге ерекше болатындығын түсіндіруді мақсат етеді. Тыңдаушыларға тумай жатып, кереметтігін, ғажайыбын көрсетеді.

Эпос қаһарманының келесі бір ерекшелігі – ғайыптан тууы. Бұны «партегенезис», «чудесное зачатие» деп те атайды [27, 413].

Ғайыптан туу әлем халықтарының фольклорының барлығында дерлік бар. Мифтерде, аңыздарда, әңгіме-ертегілерде, батырлық, ғашықтық жырларда кездеседі. Академик А. Н. Веселовский жемістен, күн сәулесінен, жұпар иістен, шаштан, жүректен, күлден, судан, дымнан т.б. пайда болатын мысалдарды келтіреді [95], М. О. Косвен [96] оны тотемизммен байланыстырады. В. Пропп тотемизммен ғана байланысты емес, матриархаттық қоғамның әсері деген пікірді айтады [97].

В. Пропптың пікірінше, ғайыптан пайда болу алғашқыда матриархалдық қоғам танымы еді. Құлиеленуші қоғамда ғайыптан патшалар мен құдайлар жаратылатын. Құлиеленуші қоғамды бастан кешіргендер үшін халықтың сүйген ұлдары, қайраткерлері туады.

Өмірбаяндық циклдену халық батырына деген тыңдаушының қызығушылығын оятуды мақсат етуімен байланысты. Дүниеге келуі, балалық шағы, алғашқы ерлігі (ескі француз эпостарындағы «enfances») т.б. Бұл ретімен жүреді: эпикалық өмірбаян тууы, алғашқы ерлігі, жорықтары, үйленуі, қайшылық, қарсылықтар болып өрбитінін айта келіп В. Жирмунский: «Такой биографический характер имеют в настоящее время многие казахские былины, рассказывающие о последовательном ряде боевых приключений героя, частично с участием тех же действующих лиц, его боевых товарищей или противников («Кобланды-батыр», «Ер-Таргын», «Ер-Саин»)), – [98, 36] – деп А. Н. Жирмунский атап өтеді.

Патриархалды қоғамда ғайыптан пайда болу некесіздік, тексіздік деп алынып, оның мәні жойылып қана қоймаған, жазалау да болған. Мысалы, Шыңғыс хан жайындағы ертегіде Шыңғысты анасы ғайыптан көтереді. Ағалары масқаралық деп, баласымен қуғынға салады. Шыңғыс өсіп, садағын сағымға ілгенде ғана оның



ғажайыптан туғандығына сенеді. Бұл көркемдік тәсіл кейіпкерді көтеру, дәріптеу, мадақтау үшін қолданылған.

Ғалым ғайыптан пайда болуы сарынына тотем әсер етеді деген пікірді қуаттайды. Патриархалды қазақ қоғамында тотемді ата аруағы алмастырады. Бұл қазақ эпосында бар. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы ақ шалма бейнесі Баянның тілегін қабыл етеді, үш күндік өмір береді. Қазақ эпосында ежелгі тотемизм, шаманизм танымдары мен кейінгі исламның қасиетті бейнелері қатар жүреді.

Ғайыптан пайда болу сарынын кейіннен патриархалды дәуірде бала дүниеге келерде әкесінің жорыққа, алыс сапарға, аңға т.б. шығуы ауыстырады. Бұл белгі эпос жанрларында анық байқалады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы күткен балалары дүниеге келер алдында аңға шыққан Сарыбай мен Қарабай кездеседі. Буаз маралды атып Сарыбай өледі. Ғалым бұл сарынды дүниеге келер алдындағы өзгеше оқиғалармен байланыстыру деп алады. Осындай сюжеттік сарындар – эпикалық жырларға тән қасиет. «Тристан мен Изольда» жырында, «Эдда» сағасында да осындай сарындар бар деп мысалға келтіреді. Кейіпкердің өміріндегі бірнеше төтенше оқиғаларды келтіреді. Ғайыптан жаралу, дүниеге келеріндегі ата әрекеті, тағдыры, өміріндегі өзгерісі, ата-анасының қиындық көруі, қуғынға түсуі т.б. Ғалым эпос пен ертегідегі сюжеттік сабақтастықтар арқылы келесі ойларды түйеді.

1 Эпикалық туындыдағы батырды дәріптеу үшін көне матриархалдық замандағы сарындарды қоғаммен сабақтастырып пайдаланған.

2 Патриархалдық заман сарынынан тотемдік атадан туатын сюжет қосылады. Қаһарманның жай адам емес, жебеушісі бар, қолдаушысы өзгеше күш иесі екендігін танытады. Батырдың ерекше күші мен қуаты тотем мен ататлар аруағынан деген ойға әкеледі.

3 Батырдың өмірге келуіне қатысы бар жебеушісі қашанда қорғаушысы болады.

4 Патриархалды қоғамда бұл өзгереді. Бір құдайлық сенім ғайыптан туу сарынын басқа қалыпқа түсіреді. Бұл патшалар мен құдайларға ғана тән деген түсінік орнығады. Батырдың ата тегі қадірлі болады.

5 Батырдың анасы ерекше күшті аңның бауырына, өтіне жерік болады.

6 Батырдың дүниеге келуімен бірге бір өзгеше елге әсері күшті оқиға қатар жүреді. Әкесі үйінде жоқ кезде дүниеге келеді. Не болмаса, әке-шешесі қуғын көреді.

7 Жебеуші, қолдаушы, пірлерінің орнын әулие-әнбиелер басады.

Фольклорлық шығармалардың басты ерекшелегі – кейіпкерлерінің ұқсастығы. Бұны ғалым В. Жирмунскийдің пікірін қолдай отырып, фольклорлық тұтастану туралы тұжырымдарында айтады [99, 440–442].

1 Сюжеттік тұтастану: батырдың ерлігі жайындағы өлеңге өзге қаһармандық бейнелерге қатысты сюжеттер жалғанып, бірігуі.

2 Ғұмырнамалық тұтастану: эпос батырдың туғанынан дүниеден өлгеніне дейінгі өмірін суреттеуі.

3 Шежірелік (генеологиялық): батыр ғана емес, оның ұрпақтарының істері, ерліктеріне жалғасуы.

4 Бір орталыққа топтасу, ұлы батырдың бірнеше батырының болуы. Бұған мысал ретінде «Қарадөң батыр мен оның ұрпақтары» жырын келтірген С. Садырбаев [100] пікірін қостайды.

5 Тарихи тұтастану: өткен заманның оқиғаларын фольклорлық шығармадағы сюжетпен байланыстыру.

6 Географиялық тұтастану: кейіпкер белгілі ретпен бірнеше жерлерді аралайды.

Әлемдік фольклортану ғылымында эпос жанрының табиғатын тануға арналған зерттеулер көп. Бұл еңбектерде эпосты халық тарихымен бірге ала қарастырады. Сондықтан да тарихи оқиға мен көркемдік арасындағы сипаттарды анықтауда ғалым С. Қасқабасов сюжетке назар аударады. Сюжеттің фольклордың басқа жанрларымен байланысы, халық тұрмысымен сабақтастығы, қоғамның іздері тұрғысынан зерттеуге көңіл аударады. Бұндай мазмұндағы зерттеулер қазақ фольклортану ғылымындағы жаңа тұжырым, көзқарастарымен өзгешеленгені анық.

Қорыта келгенде, ғалым қазақ эпостарының табиғатын ертегілермен тарихи жағынан туыстастығын сюжеті, жанрлық жақындығы, көркемдігі және образдылығы арқылы анықталатындығын көрсетеді. Эпоста ежелге ру-тайпалық сарын халықтық сарынға айналған. Сюжет бір ата, бір рудың жайын баяндаудан бастап, қалық елдің, жұрттың жайына жалғасып кетеді.

Эпостарды шығу тегіне қарай, көтерер жүгіне қарай, мақсат-мүддесіне, мазмұнына қарай бөледі: көне эпос, батырлық эпос, ғашықтық эпос, тарихи эпос, дастандық эпос, ғашықтық дастандар, қаһармандық дастандар, діни дастандар, әлеуметтік сүйіспеншілік дастандар, ертегілік дастандар, балладалық жыр деп бөледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қасқабасов С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы // Қазақ фольклористикасының тарихы – Алматы : Ғылым, 1988.
- 2 Қасқабасов С. Ойөріс – Астана : Фолиант, 2009.
- 3 Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана : Фолиант, 2014 Т.1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – 320 б.
- 4 Каскабасов С. А. Казахская волшебная сказка. Дисс. на соиск. уч. степ. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1969.
- 5 Әуезов М. Ертегілер // Кітапта: Қазақ халық әдбиеті: Көп томдық / ҚазССР Ғылым акад. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 6 Ертегілер. Т. I (Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар: Т. Алпысбаев (жауапты шығарушы), Б. Әзібаева, С. Қасқабасов, Қ. Қабдолова, Е. Тұрсынов – Алматы: Жазушы, 1988. – 288 бет, суретті.
- 7 Бердібаев Р. Қазақ эпосы – Алматы : Ғылым, 1982. – 275 б.
- 8 Жирмунский В. М. Народный геройский эпос. Сравнительно-исторические очерки. – Москва-Ленинград: Государственное художественное издательство, 1962. – 436 с.
- 9 Пропп В. М. Поэтика фольклора. (Собрание трудов В. Я. Проппа.) – Москва : Лабиринт, 1998. – 352 с.
- 10 Әуезов М. Шығармалар. – Алматы : Жазушы, 1969 Т. 11. – 385 б.
- 11 Сейфуллин С. Шығармалар. – Алматы : Жазушы, 1964. Т. 6. – 420 б.

**ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ, БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТУІ ТИІС ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ**

КАЛИЕВА Д. А.  
кітапханашы, № 3 балалар кітапханасы, Павлодар қ.

Биыл қазақтың ортақ мақтанышына айналған халқымыздың ұлы перзенті, ақын, философ, ғұлама Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толып отыр.

Абай туралы сөз айту, не болмаса сөз жазу бір жағынан оңай да, сонымен бірге, екінші жағынан өте қиын. Абайды оқуға кімнің болса да ынтасы зор және одан әркім өзінше нәр алып, оны өзінше қабылдайды. Абай кімнің болса да жүрегіне еніп, оған өшпес із қалдырады. Абай туралы әркімнің өз түсінігі бар, сондықтан, әркімнің өз Абайы бар. Абай әлемі жатқан бір тұтас дүние. Ол – бүкіл әлем болмысын қамтиды. Сондықтан, Абай шығармаларынан бүкіл әлемнің сырын түсініп, керемет құпиясын көре аламыз. Ол үшін оны көретін жүрек көзі болу керек. Абай туралы ой айтудың, не болмаса сөз жазудың қиындығы осында жатыр деп ойлаймын. Абай тұлғасының ұлылығын, асқақтығын сезіну үшін оның руханы әлемін тұтас қамтыған тұста ғана ақынның шалқар жан дүниесінің ұлылығына көзімізді шын жеткізе аламыз. Абайдың асқар тұлғасының қалыптасуы мен оның адамзатқа қалдырған рухани мұрасы кездейсоқ көрініс емес, әлем заңдылықтарымен тығыз байланысып жатқан құбылыс екені даусыз. Абай болмысы арқылы біз де жан дүниемізді еселеп, биік дәрежеге жеткізу мүмкіндігіне ие боламыз.

Адамзат қамы үшін өмір сүрген Абай – халықтың Абайы, бүкіл адамзаттың Абайы.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,

– деп ақын өзінің ең ардақты мақсаты адамның жан дүниесі, арлы болмысы болғанын, тілеулі арманы өз сөзін әр адамның жүрегіне жеткізу екенін анық ұқтырған жоқ па? Ақын Абайдың осы асыл арманының іске асуына арналып оның мұрасын адам өмірінің бастаушысы, жетекшісі, жарық шамшырағы ретінде көруге болады.

Абай мұрасына зер сала қарайтын болсақ, ойшылдың рухани мұрасынан әлем заңдылықтарын көріп, өзіміздің күнделікті өмірде де, мемлекетіміздің өркениетінің қарқынды даму жолында да пайдаланатын өте көп құндылықтарды таба аламыз [1, 3 б.].

Бүгінгі таңда ұлы ақын, кемеңгер ойшылдың рухани мол мұрасына өткен атеистік заман тудырған біржақты саяз көзқарастан арылып, енді жаңаша оймен, оның тереңіне үңіле білу керек. Сонда ғана ұлы Абай мұрасын жеке адамдар, өз халқымыздың ғана емес, тіпті бүкіл адамзаттың игілігіне айналдыруға болады. Бұл – келешегі зор, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлғая беретін қасиетті парыз, үлкен міндет [1, 7 б.]. Рухани білім былғанған жүректі тазартып, басқан шелді біртіндер сылиды. Осылай көкірек көзі ашылғаннан кейін ұйқыдағы жан оянып, салауатты өмір сүруге мүмкіндік алады. Білім алуға Абай өте үлкен көңіл бөлген. Ол халықтың рухани ұстазы ретінде білімнің маңызы мен оны меңгерудің сыр-сипатын анықтап береді. «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» – деп білімнің маңызын түсінген адамның қасиетін көрсетеді.

Адамның бір қызығы – бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

(«Жасымда ғылым бар дер ескермедім». 1882 ж.)

Ойшыл бұл өлеңінде білім алудың бағытын көрсетеді. Білім алудың мақсаты – қызмет қылып шен алудан әлде қайда жоғары болу керек. Білім алу – Абай көрсеткен төменгі саты «жарым адамнан» көтеріліп, келесі «адам» сатысына көтерілу үшін керек бірінші қадам. Бірінші қадам болмаса екінші қадамның болмайтыны тәрізді, білім болмаса жетілу де жоқ [1, 196 б.].

Абай шығармалары Қазақстанда қазақ халқының рухани мұрасы ретінде қоғамдық ой-санада өрісті де өскелең орын алуына сай дәрежеде танылу міндеті алға қойылды. Қалам қайраткерлерінің көпшілігі Абай мұрасын зерттеу, бағалау ісіне әрқайсысы өз шама-шарқына қарай ат салысты. Бірде адасып, бірде табысты боп зерттеу процесі үздіксіз жүріп жатты.

20-жылдардың басында Абай мұрасын зерттеу саласында талантты көркем шығармаларымен, әдебиет тарихын зерттеудегі еңбектерімен үздік таныла бастаған М. О. Әуезовтің араласуы абайтануға үлкен зерттеушінің келіп қосылғанын бірден аңғартты [2, 5 б.]. Әсіресе осы жылдардан бастап ақын жайлы деректерді ел

аузынан жинастырғанда алдымен Абай өмірін зерттеуді тарихшы ретінде бастағанын ескертеді. Жас ғалымның мәселені әуелі тікелей тарихшы ретінде Абайдың өмірбаянын зерттеуден бастауы да жай нәрсе емес-ті. Өйткені тұңғыш ерт жазылған Абай өмірбаяны – абайтану мен «Абай жолы» эпопеясының да тарихи желісінің ірге тасына айналғаны жұртшылыққа танымал нәрсе [2, 7 б.].

Жалпы алғанда Абайдың қазақ әдебиетіне XIX ғасырда және XX ғасырда еткен әсері аса мол. Абайдың өзін көрмей сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасында арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар. Әсіресе, бұлардың саны, Абай шығармалары қазақ сахарасына жайыла бастаған сайын молая түскен.

Өзге ақындар «шәкірт» деп аталған соң, Абай әрине, олардың басшысы – ұстаз ақын болмаққа керек. Әрбір әдебиеттік мектеп осындай аға ақын мен іні ақындардың екі буынынан құралатын болса, ең алдымен сол әдебиеттік мектепте басшы ақынның бағыты, стилі, өзгеше идеялары, өз халқының әдебиет тарихына кіргізген анық тарихтық көркемдік жаңалықтары – қысқасынан атқанда, барлық қасиеттері әралуан түрде бой көрсететін болады. Абай шәкірттерінің дәл осы жөніндегі табыс нәтижелерін айтқанда, олардың бірде бірі Абайдың ағартушылық, әлеуметтік, идеялық, көркемдік кең масштабы оларда болған жоқ дейміз [3, 107 б.].

Абай шығармалары ұлтымыздың тұрмыс тіршілігін, мінезі мен дүниетанымын, ділі мен дінін түгел қамтиды. Сондықтан ұлттық жаңғыру ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып ұтымды пайдалану қажет, себебі ақын көтерген мәселелер бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос», деп Абай әрбір қазақ баласын өз елінің парасатты және ұлтжанды азаматы болуға шақырды. Кемеңгер ойшыл «атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, өмірдің мәні мен мақсатын Адам болу деп таныды. Біз жастардың тәрбиесін, ұлтты Абайша сүйуден, елдікті, мемлекетті қадірлеуден бастауымыз керек.

Ақын жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына баса назар аударды, жас ұрпаққа үміт артты, олардың жүрек сезімін оятып, өзінің көкейкесті мақсат-мұраттарына жұмылдыруға ұмтылды. Жастардың еңбек етіп, ғылым мен білімге ден қоюы, алда тұрған мақсаттарына жету жолында табандылық көрсетуі қажеттігі сияқты асыл қасиеттерді уағыздау – Абайдың бүкіл ақындық қызметінің негізгі де үзілмейтін идеялық–тақырыптық желілерінің

бірі. Абай мектепте оқып жүрген қазақ балаларына үміттеніп қарап, елдің болашағы осылар деп қуанды. Елдің мешеулігін, халықтың қараңғылығын, надандықты әшкерелеп, жаңа өмірге бастар жол оқу-ағарту, адамның рухани жағынан азат болуы деп түсінді. «Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе: «Дүние де өзі, малда өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», – деген тұжырым ұсынады.

Бүкіл адамзатқа ортақ ұждандық өсу талабы – жастарды адам болуға баулу, адамшылдықтың негізгі принциптеріне үйрету. Ал адам болудың жолдары әр халықтың, ұлттың дәстүріне, салтына, тарихына, діліне, дініне, рухани болмысына байланысты. Қазақтың өмір салтында адам болу жолдары үлкенді сыйлаумен, ата жолын, ана жолын қуумен, ар-намысты, ұятты бетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке ұмтылумен анықталады. Абайдың өз басында осы қасиеттердің бәрі де болды. Сондықтан да ұлт ұстазы болуға, неден қашық болып, неге асық болып, немен дос болуға шақырып жөн, көрсетуге моральдық құқығы болды.

Ұлттық тәрбие ісіне уақыт өз талаптарын, өз өзгерістерін енгізді. Абай заманында тәлім-тәрбие ісін ең қарапайым элементарлық нәрселерден бастауға тура келеді. Себебі, адамдар жас баладай аңқау, аңғал, тек біреудің жетегінде жүруге бейім болды. Жөн білетін дана азаматтар оларға ақ пен қараның, адал мен арамның, жақсы мен жаманның не екенін айтып көрсетуге борышты болды. Абай солардың асқар шыны. «Халық ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысана, жаңылыстырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген. Өйткені ақыл табылмай тұрып ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып ар-намыс шындалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі, өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл». Абай поэзиясының көкейкесті мәселесі 1885 жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде анық көрінеді. Бұл – санаға ойтүрткі салар нақыл, өсиет, тағылым айту тақырыбындағы тұңғыш шығармасы болуымен қатар ақынның сөз өнері жолындағы жаңа ізденісін де танытады. Абай мұнда, ең алдымен, жаңа үлгідегі ақынға керек ғылым жайын сөз етеді.

Ғылым– білімді кезінде зерттей алмағанына өкініш білдіреді. Өз қателігін балаларын оқытумен түзеуге бет алғанын айтады.

1886 жылы Абай «Ғылым таппай мақтанба!», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдер жазды. Мұның алғашқысы ұстаз ақынның кейінгі ұрпаққа өсиеті түрінде жазылған.

Бүкіл өлең бойына Абай «Ғылым» деген сөзді қайталап айта отырып, адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғалым болу керектігін түсіндіреді. Білімнің адам үшін таусылмас кені, бақытқа бөлер дәуірдің ұл-қыздарына сенім мен үміт қоса ұн тастайды [1, 197 б.].

Қорыта келгенде, Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп, өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алады. «Соқтықпалы, соқпақсыз» заманда өскен, «Атаның баласы емес, адамның баласы болуды» уағыздайтын ғұлама хәкім «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп толғанады. Оның ойынша, адамзатты, әділетті сүю – толық тұлғаға тән басты кісілік қасиет екенін түсіндіреді. Адамды сүйіп, құрметтеуге үндеген кеменгер ақын поэзиясы түпкі негізі– адам, Толық адам. Абай арманындағы Толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайраттығы, ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек. Ал махаббатпен сүю, адамды сүю, Алланы сүю, әділетті сүю– Абай шығармаларының биік мұраты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы. Алматы, «Ел-Шежіре» – 2007 ж.
- 2 Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы, «Санат» – 1997 ж.
- 3 Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. Алматы, «Санат» – 1997 ж.

**РОЛЬ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ  
В ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩИХ ПОКОЛЕНИЙ,  
ПОСВЯЩЕННЫХ ДУХОВНОМУ ВОСПИТАНИЮ,  
ПРИВИВАНИЮ НОВЫХ ЦЕННОСТЕЙ,  
КОТОРЫЕ ДОЛЖНЫ БЫЛИ КАРДИНАЛЬНО  
ИЗМЕНИТЬ МЫШЛЕНИЕ ВСЕГО НАРОДА**

СМАГУЛ Д. С.  
магистрант, Факультет естественных наук,  
Торайгыров университет, г. Павлодар

Выдающийся казахский поэт и демократ, просветитель XIX века Абай Кунанбаев оставил нам своё многогранное наследие. Он сумел познать специфику складывающейся веками духовной культуры казахского народа и прежде всего – его фольклора. Абай считал одним из главных средств воспитания – труд. Он подчеркивал важность овладения знаниями, что духовное совершенствование личности во многом зависит от просвещения. Заслуга Абая Кунанбаева состояла в том, что он искал пути обновления человека, старался поднять его духовность, усовершенствовать его нравственные качества. Его призыв к утверждению идеалов общечеловеческой справедливости «Адам бол!» («Стань человеком!») сохранил свою актуальность и в наше время. Абай придавал особое значение приобретению положительных нравственных качеств людей и подчеркивал особую роль личной заинтересованности каждого отдельного индивида в достижении уровня «совершенного человека». Путь к ней лежит через знание, через нравственное и духовное совершенствование. Жизнь и борьба за правду должны стать основой жизненного пути, который ведет к знанию. Только просвещенный человек старается добыть хлеб свой насущный честным трудом, стремится к справедливости и не делает зла другим, вырабатывает в себе нравственные качества, противостоящие порокам. Абай – наставник и учитель, выдвигает гуманистическую концепцию нравственного воспитания, цель которого сделать из ребенка труженика, патриота, разносторонне развитого, высоконравственного человека, живущего интересами, мыслями и чаяниями родного народа. Труд и просвещение народа, по мнению Абая, – это средства достижения нравственного идеала. Абай упорно стремился утвердить идеал нового человека – деятеля разума и просвещения, поборника труда и науки, заступника слабых и угнетенных.

Абай Кунанбаев затрагивал и многие другие темы. Он размышляет также о достоинстве человека, о вере и неверии, о воспитании молодежи, об отношении к людям других национальностей, о необходимости культуры и просвещения. В огромном наследии Абая важное место занимают «Слова назидания» – плод его многолетних раздумий – представляющие собой философско-моралистические, психолого-педагогические высказывания поэта. Главная мысль в «Словах назиданиях» – утверждение красоты человеческого духа, неисчерпаемых возможностей личности. «Качества духовные – вот что главное в человеческой жизни», – утверждал Абай [1].

Не для забавы я слагаю стих,  
Не выдумками наполняю стих,  
Для чутких слухом, сердцем и душой  
Для молодых я свой рождаю стих,  
– так сам Абай определил предмет своего творчества [2].

Да, именно к молодёжи – к будущему своего народа, а в его светлое будущее, несмотря ни на какие сложности своего времени, великий мыслитель, поэт просветитель-демократ не терял своей веры, утверждая: «Кто не испытывал зла? Теряет надежду лишь безвольный... Ведь истина, что в мире нет ничего постоянного, значит, и зло не вечно... Разве после суровой многоснежной зимы не приходит весна цветущая, многоводная, прекрасная?!». Одно из «Слов» он заканчивает мыслью «И думаю, что может быть, и хорошо жить так, устремляя взор надежды на будущее» [2].

Если обратиться к педагогическим взглядам Абая, сформировавшимся в прошлом столетии, то в них отражены основополагающие общечеловеческие проблемы педагогической теории и практики.

Вот некоторые из них: «Лишь знаньем жив человек, Лишь знаньем движется век, Лишь знанье светоч сердец...» [2].

Хотя Абай не писал специальных философских и педагогических трудов, но почти все без исключения произведения пламенного наставника молодёжи пронизаны нравственно-этическими назиданиями, опирающимися на интересы, нравственные идеалы и мудрость трудового народа, на творчество казахской народной интеллигенции – акынов и композиторов, на достижения общественной мысли народов Востока и Запада.

Актуальны сегодня мысли Абая о формировании нравственных принципов и нравственных ценностей в процессе самой жизни в противовес религиозному учению о «божественной предопределённости» морали. По мнению Абая, человек не

рождается с какими-то готовыми качествами личности. Все понятия о добродетели, все правила поведения приобретаются в процессе его жизни и деятельности [3].

Анализ идей Абая об умственном воспитании подрастающих поколений позволяет сделать следующие выводы:

1 Абай, страстный поборник прогресса, понимал, что без образованности народа, особенно молодежи, которой принадлежит будущее, он (прогресс) невозможен. Поэтому его призыв к овладению знаниями, приобщению к науке, передовой культуре следует понимать как заботу о социальном прогрессе общества. В этом он видит цель обучения.

2 Давая сравнительную характеристику религиозно-схоластического и светского образования, Абай без колебания занимает сторону последнего, как развивающего ум на основе реальных знаний о реальном мире.

3 Если французы и англичане сегодня, в 80-х годах XX столетия, споря о возможности телесных наказаний детей в школах своих стран, ставят этот вопрос даже на правительственном уровне, то Абай свыше 100 лет назад решительно отвергал этот способ воздействия на воспитуемых, как противоречащий принципам элементарной человечности, унижающий человеческое достоинство, наносящий непоправимый ущерб нравственному и духовному развитию личности.

4 В системе средств умственного воспитания видное место Абай отводит принципам обучения. В их отборе чувствуется влияние Ушинского. Однако в трактовке этих принципов Абай сохраняет самобытность и самостоятельность.

5 Особое место в умственном воспитании Абай отводит родному языку, в котором отражаются национальная самобытность, история, душа, характер народа. Однако при этом не исключается необходимость и важность изучения других языков, позволяющих приобщиться к культуре других народов, расширить умственный кругозор молодого человека. В связи с этим Абай ставит вопрос патриотического и интернационального воспитания.

6 Главным методом эффективного обучения Абай считал пробуждение и развитие у ученика интереса к науке, потребности постигать тайны природы и общества.

7 Великий просветитель и педагог раскрывает связь умственного воспитания с эстетическим развитием и нравственным становлением личности молодого человека. Само приобщение к науке, говорит

он, должно быть бескорыстным, а признание и слава на поприще науки – результатом упорного труда [3].

Подчеркивая трудность овладения знаниями, Абай говорил, что дело это еще не превратилось среди казахского народа в традицию, отсутствует стремление людей к знаниям, и виноваты в этом экономические, социальные условия.

Поэт не скрывает суровую правду о том, что отсутствие знаний, невежество делают человека неполноценным. Духовное совершенствование личности во многом зависит от приобретения знаний, просвещения. «Знание человека, – писал Абай, – это мерило человечности».

Поэт-просветитель призывает молодежь учиться не ради сиюминутных интересов, а ради служения светлому будущему своего народа, ради исполнения своего долга перед своей совестью.

Молодость – самая благотворная пора познания, считает Абай. Не упустить это драгоценное время редко кому удастся. Красота и сила, непосредственность и порыв молодости даются человеку не для того, чтобы ими щеголять и тратить на мелочи жизни, учит Абай. Красота и ум – синонимы, и потому красивым делает человека труд, а молодость быстротечна. «Человеку к лицу чистая и ладная одежда, – пишет Абай, – но человек не должен увлекаться щегольством, чтобы не потерять свой облик. Красивым и сильным делают человека его ум, образованность, честь. Больше ничего. Глуп тот, кто хочет возвыситься иным путем».

Абай считает, что учиться можно и нужно у всех, кто знает то, чего ты не знаешь. Подобно тому, как человек с каждым определенным отрезком времени незаметно взрослеет, точно так же растет и множится человеческое знание, познавательный ряд. Чтобы успевать за растущими знаниями человеческого общества, необходимо учиться, пополнять свои знания каждый час. Тот, кто однажды скажет, что он все уже знает, все уже познал тот конченный человек. «Если кто-либо уверовал, что он познал смысл религии и жизни и перестал учиться, то пусть знает – благочестие его ненастоящее» [4].

Говоря о методах и средствах нравственного воспитания, Абай подчеркивает необходимость такта, терпения, внимания и родительской любви к детям. По мнению Абая, самый вредный и опасный метод – это крикливость, гнев, нервозность. «От родителя, – писал он, – который вначале показывает не ум, а гнев, дети не могут брать пример. Они тоже прибегнут к гневу». В ряде своих

произведений он указывал: нравы и поведение детей портятся из-за неправильного воспитания их родителями, наставниками. Дети портятся также в результате пагубного влияния сверстников, друзей и товарищей. Так, родители связывают воспитание детей с расчетливой целью. Во-первых, в лице своих детей они видят лишь своих наследников; во-вторых, духовных жрецов, богомольцев после смерти; в-третьих, кормильцев на старости лет. Абай выступал против всех этих точек зрения на цели воспитания детей. По его мнению, все указанные цели являются эгоистическими, унижающими достоинство будущего гражданина: «Сын твоего отца – недруг народу, сын народа – твой друг», – гневно писал Абай о «концепциях» отдельных родителей на цели воспитания.

Многие мысли Абая о нравственном воспитании молодежи не утратили своей актуальности и в наши дни: нравственно пенные качества закаляются и закрепляются в процессе преодоления трудностей; к вопросам нравственного воспитания нельзя подходить с корыстных или узко эгоистических позиций: они социально обусловлены; подлинная красота человека – в его трудолюбии; лень порождает упрямство, лживость, трусость и др. [5].

Таким образом, беспощадно бичуя невежество, духовную нищету вершителей судеб народа, Абай в то же время впервые в истории казахской общественной мысли сказал свое новое слово, наполненное гуманистическими идеями, высказал свое отношение к семье, к родительскому долгу в воспитании детей, воспел женщину-мать как опору семьи, показал ее мудрость и стойкость в дружбе и любви.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Мамырбекова А. Нравственный оптимизм Философских воззрений Абая. // Мысль. 2007. № 8. – с. 55.
- 2 Кунанбаев Абай (Ибрагим). Полное собрание сочинений. В 2-х т. (на каз. языке) – Алма-Ата : Гылым, 1977.
- 3 Тажибаев Т. Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Куиапбаева. – Алма-Ата : Казгосиздат, 1957.
- 4 Маргулан Э. Жизнь, пройденная трудом (на каз. языке). – Жулдыз, 1980, № 1.
- 5 Жарикбаев К. Б. Казахские просветители о воспитании молодежи. – Алма-Ата : Знание, 1985.

## ХАКІМ АБАЙ – ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ

СОЛТАНАЛИНА К. К.

биология пәнінің оқытушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастуз қ.

*«Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркендеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы».*

*Зәки Ахметов*

Абайда тарихты зерттеген, халық болмысының өрісіндегі рухани құндылықтарды жан-жақты зерделеген, оны игерудің бағыт бағдары мен өлшемдерін халыққа кеңінен түсіндірген. Ойшыл ұғымының ерекшелігі халық пен ұлттық мүдде ұғымын біріктіріп, адамның өз мінін түзеуге және мінездің түзулігімен халық игілігіне қызмет етуге бағыттайтын тарихи айна болып қалуында.

Абайдың феноменін, рухани тұлғасын зерделеу үшін, оның шығармашылық әлеміне алдымен ойшылдың өсиетін ұғыну арқылы ғана енеміз. Бұл Абай тұлғасын даралап, рухани терендігін сақтап тұрған басты қасиет. Абай философиясы өзінің рухы мен рухани терендігін қасиеті арқылы жоймайтын дүние. «Не нәрсе жайынан жазса да – дейді А. Байтұрсынов, – Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Абайдың оқушысы ұрпақ, адамзат. Түрлі әлеуметтік мәселелер ұрпақ өмірінде орын алып отыра берсін, оның себебі, түп тамыры ойшыл заманында. Осы себептен ойшыл ұғымы халыққа сыни білімі жағынан құнды, мағынасымен өз қасиетін сақтап тұр.

Абай психологиядан арнайы еңбек жазбаса да оның көптеген өлеңдері мен қарасөздерінен осы ғылымның сан алуан мәселелеріне байланысты көңіл аударарлық түрлі ой-пікірлерді табу қиын емес. Абайдың түсінігінде адам өзін қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, ақыл мен сананың еңбек барысында қалыптасатындығы туралы өз өлеңдерінде терең ғылыми тұрғыда түсіндіреді. Адамның ішкі жан дүниесінің ақыл, сезім және қайрат секілді қуаттарын біртұтас етіп алады.

Абай табиғатты аса жоғары көркемдікпен, өте нәзік сезіммен, шынайы да шебер бейнелеп айта білген сезімтал лирик-ақын. Табиғат көріністерін, әсіресе жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерінде ақын поэзияда кездеспейтін табиғаттың таңқаларлық

ғажайып сұлулығын, шынайы көрінісін адамның жан сезімінің сұлулығымен ұштастырады. Бұл өскелең ұрпақты табиғатты қорғауға және оның әсемдігін сезінуге баулитыны сөзсіз.

Абай Құнанбаев шығармаларының ішінде аса терең зерттелмеген бір қыры – ол оның әлемнің біртұтастығын шебер түсіндіруі. Әлемнің небір аузын айға білеген мемелекеттері мен ғалымдарының әлемнің жаратылысы, оның біртұтастығын зерттеген физикалық көзқарасын Абай Құнанбаев жиырма жетінші қара сөзінде әлеуметтік–пәлсапалық деңгейде былай деп түсіндіреді.

«...Бұл ғаламды көзбен көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты законмен жаратылып. оның ешбірінің бұзылмайтынын көресің. Бұлардың бәріне ғажайып қаласың, һәм ақылың жетпейді, осының бәрі кез кегендікпенен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі өлшеусіз ақыл ма? Ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір керекке бола жаратылған һәм бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законға қаратылып жаратылды», дейді ойшыл. Бұл Абай танымының көкжиегінің кеңдігімен, тереңдігін аңғартады. Бұл тұжырым Абайдың жаратылыстану төңірегіндегі толғаныстарының жиынтығы. Әлемнің біртұтастығын өзінің қара сөздерімен өлеңдерінде терең суреттеген жалғыз қазақ ақыны.

Уақыты келе ғылым, адамзаттық мәдениеттің түрлері дами түскен сайын құндылықтар бағдарының да өзгеретіні анық. Адамзат философияға, даналыққа үміт артпай, ғылымның, техниканың озық жетістіктеріне арқа сүйеп, рухани негіздерден алшақтай түсері анық, бұл адамзатқа ортақ бүгінгі жағдай. Тарихи зерде, тарихи сана, тарихилық ұстаным, шешендік, тілге қамқорлық, дінге тазалық, игі істерге табандылық, ділге адалдық, білімге сауаттылық, ғылымға қабілеттілік бұның барлығы мемлекеттің дамуына әлеуметтік деңгейде күш беретін құндылықтар. Зиялылар философиясы ұлттық мүддеге қызмет етуде оның жолын, бағыт-бағдарын, тәжірибесін, қажеттілігін айқындап, көрсетіп отырады. Бұған дейін де мәлім болып отырғандай Абайдың әр бір қара сөзі ұлттық рухтың бастамалары, ұлттық идеяның негіздері. Рухани жаңару, ақыл мінсіздігі, сенім түзулігі, сауаттылық, кісілік, адамгершілік, тектілік және т.б. Бұлар Абай философиясында талқыланған феномендік қасиетке ие ұғымдар. Ұғымның түбі бір, рухани негізі әлеуметке ортақ. Абай зерделеген мәселелер адамның рухани әлемінде орын алып, оның рухани мүмкіндіктері арқылы өрістеніп отыратын сипатқа ие.

Тарихта ұлтымыздың көрген қыйындығы аз емес, осы қыйындықта халқымыздың арман тілегіне орай дүниеге келген қасиетті перзенттері де аз емес. Тұлғаның халық алдындағы перзенттік борышы жанашырлығында, сол жанашырлықпен келген идеялары, сыны, ақылы мен өсиеті, өнегесі халықтың тарихын, руханиятын тоздырмайды. Демек ойшылдың ойшылдық қасиеті халыққа ой беретін, халықтың руханиятына рухани күш беретін, кейінгі уақытта ұлттық болмысына зиянын тигізетін нәрселерді білімінің рухы арқылы жойып отыратын қасиетімен ерекше. Абайдың тұлғасындағы, даналығындағы ерекшелік сыншылдығында. Абай өз заманында тек қана халқын сынаған жоқ, сол қиыншылығы мол қоғамда өмір сүріп жатқан халқын сынаған болып көрінгенімен, Абайдың сыны бүгінгі біздің қоғамға, бізден кейінгі буынға да арналған. Абай сияқты ойшыл мың жылда дүниеге келеді, сол адам мыңдадаған ұлттың өмір сүру тарихының ортасында дүниеге келсе де, оның идеясы жүз жылды артқа тастап, мыңдаған жылдарға жалғасатын ұлттың өміріндегі мәселелерге бағыттталып, ұрпақтың ойлауына ықпал етіп отырады. Ойшылдың сыны сақталған, дәріптелген, тыңдалған ортада ұрпақ ақиқатқа адал, шындыққа жақын өседі. Бұны Абайдың өсиеті дәлелдейді:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,  
Қолымды дөп сермесем, өстерме едім?  
Адамның бір қызығы – бала деген,  
Баланы оқытуды жек көрмедім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

Абайдың бұл өлеңінде уақытқа, қоғам өміріндегі психологияға мағынамен қарайтын ой бар. Ғылым мәдениет, адамның ұзақ уақыт бойғы еңбегімен өнетін, қабілетімен, білуімен келетін, елдігімен өнетін дүние. Ғалым қабілетті, білімді, мақсаты халықтың мүддесіне жалғасатын адам. Ғалым болатын адам ғылымның пайдасын халқының тағдырымен ұштастырып зерделейді. Мақсатсыз алынған білім адамды ғылым мәртебесіне жеткізбесі анық, Абайдың ғалымға қояр талабы, ғылымның игілігін халыққа ұсыну, халықтың қолын ғылымның игілігіне жеткізу ғалымның мақсаты.



Абай ғылымның мәнін діни тұрғыда, тарихтың шеңберінде, уақыттың талабы негізінде зерделеген. Абайдың ұғымында ғылым дегеніміз Алла Тағаланың адамзат баласына берген мүмкіндігі, табиғаттың, рухтың байлығын игеріп, игілікке пайдаланып, қорғап отыру үшін қажет дүние. Ұлттың жаратылысынан бастап қалыптасып отырған рухының байлығы, табиғат байлығы, ұлттың тарихындағы тәжірибелердің құндылыққа айналуы келер уақыттан ғылымды талап етеді. Адамзаттың игілігіне бағыттталып, ұлттың қазынасына айналып, одан кейін ұрпаққа ұлттың рухани дүниесі деңгейіндегі жететін ғылымның негізінде ғылымның тәжірибелері мен қатар ғалымның қасиеті сақталады. Қабілетпен келіп, адамның қасиетімен өнетін ғылымның құндылықтары ұрпақтан биік мақсатты, терең ойды, жауапкершілік пен ынсапты, еңбекқорлықты қажет етпек. Абайдың ұғымында ғалымды қалыптастыратын да, тәрбиелейтін де өмір. Сондықтанда адамның бойындағы болашаққа деген түсінік, мақсат ғылыммен ұштасу қажет, ғылым туралы адамның санасы, білімі бала кезден жетілуі тиіс. Баланы өмірге тәрбиелейтін ата – ана, орта, баланы өмірге бағыттауда үйрететіні ақыл, еңбек, адамгершілік.

Ұлттық құндылықтар туралы ойшылдың негізі идеясы бұл – ұлттық мінез. Ұлттық мінез жеке адамның, халықтың тұлғалануының, әлеуметтік тұтастықтың, әлеуметтік мәдени дамудың белгісі. «Бұрынғы біздің ата бабаларымыз – деген Абай, отыз тоғызыншы «Қара сөзде» – бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен.

Абай шығармаларында өз ұлтының санасын, әдет ғұрыпын, тілін, дінін сақтауға, өскелең ұрпақты тазалыққа, шыншылдыққа рухани жаңғыруға аса кемеңгерлікпен тәрбиелеген. Адам бойындағы жағымсыз қасиеттер: рушылдық, жікке бөліну, еріншектік пен жалқаулыққа түбегейлі қарсы екенін өз өлеңдерінде анық жырлайды. Байды да, кедейді де еңбек етуге шақырады.

Абай елдің өткеніне де, өзі өмір сүріп отырған уақыттағы қоғамының өміріне, елдің болашағына даналықтың рухымен қараған адам. Абай даналығының рухы неде?. Қазақтың руханиятында, даналығында, өнері мен өнегесі, яғни поэзиясында елге жанашырлық, шындық идеясы, туралық, сыншылдық, сезімталдық, рухани деңгей қашаннан бар. Абай жыраулардың, билер мен шешендердің көреген мәселесін жауапсыз қалдырмай, соны жаңа уақыт орамындағы орын алған мәселелерге сай күшейткен адам.

Қазақтың баласының мақсаты да, міндеті де ар-намыс болуы қажет. Қазақтың жерін мекендеп отырған, қазақтың қоғамына билік жүргізіп отырған патша өкіметінің адамдары пайда ойлай берсін, қазақ баласы елін заманынан қалдырмауы үшін артық білуге, білімді болуға ұмтылуы қажет. Абай заманындағы қазақтың жастары ойшыл даналығының рухымен болашақтың табалдырығын аттағандығы анық. Бұл дәстүр қай күндеде жалғасады, тек Абайдың даналығы тегістей ұрпақтың танымында орын алуы керек.

Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге.  
Военный қызмет іздеме,  
Оқалы киім киюге.  
Бос мақтанға салынып,  
Бекер көкірек керуге.  
Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге.

Атақ құмарлық пен мақтаншақтың қазақтың қоғамына сырттан келген мінез. Жақсылардың қатары орын алған қазақтың қоғамында мақтаншақтық, атаққұмарлық ерсі мінез, әлсіздіктің деңгейі болып танылды. Адамның адами қалпы, адамшылық мінезі елдікпен өлшенді.

Ойшылдардың даналығының рухы жақсылардың қатарын сақтап, дәстүрін жалғап отыруында, өмірдің талабына ақылмен мән беруді үйрететін жолды халыққа ұсынады. Даналықтың дәстүрі шектеліп, ойшыл адамдардың қатары сиреген уақытта ұрпақтың алданып қалуы, адам мінезінің әсершілдікке бет алуы таңқалатын мәселе емес. Абайдың тарих пен келер ұрпақ алдындағы, халқының алдындағы жауапкершілігінің ауырлығы сол, ол жалғыз өзі жастардың ойлауын тәрбиелеп, тағдырына ара түскен. Абайдың халқына, ұрпағына айтқан өсиеті, рухани өмірінен жетіп отырған өнегесі адам өмірінің басында болашағына мағына мен қарап, сол мағынаны кейінгі буынға қалдыру

Абай жастарға, білім мен қызмет жолында жүретін адамдарға асыл қасиеттердің мәнін жан-жақты түсіндіреді. Бір жұрттың, халықтың, ұрпақтың өміріне қиянат жасайтын адам әлсіз адам, адамның күштілігі ақылдылықта, қаруы табандылық. Жер бетінде мәңгі өмір сүретін халық, ел, ұлт, оның тағдыры ұрпақтың санасында болуы тиіс. Сондықтанда адамның рухын сақтайтын адамгершілік, адамгершілігі мол ұрпақтың рухы, еткен ісі, өнегесі халықтың ойында, ел тарихының бойында қалады.

Абай поэзиясы – халық таңдауы, ол мәңгі жасайды, өлмейді, өшпейді. Заманымыздағы жайттарды өлеңмен өрген, суретін сөзбен салған – Абайдай асылдың қайталанбас туындылары – байлығымыз, баға жетпес мұрамыз болатыны хақ. Әлемге әйгілі болған Абай халқының жанашыры бола білді. Абай сөзі – халық сөзі. Жай сөз емес, әсерлі, өткір, әшекейлі сөз. Бірде өлең, бірде әңгіме, бірде қара сөз болған шынайы сөз. Табиғатпен де тілдескен, махаббатты да бейжай қалдырмаған, сегіз қырлы, бір сырлы Абай, «Хакім Абай» деп аталуы тегін емес. Қазақ халқын тану үшін Абайды білу керек. Абай арқылы өзгелерге болмысымызды білгіздік, тұрмыс-тіршілігімізді таныттық. Дана болсаң, ақын болсаң, кемеңгер болсаң ұлы Абайдай болу керек. Қара сөздеріңіздің құдіретін әр қазақтың баласы қанына, бойына сіңіріп оқыса, ол адам әлем адамзатына үлгі болары сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақ» газеті/ Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
- 2 Ә. Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы : Өнер, 1994. – 383 б.
- 3 Н. Нұрғалиев. Абай энциклопедиясы. Атамұра.

### ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСİNДЕГІ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ ҺӘМ ӨЗЕКТІЛІГІ

ТЛЕУЛИНОВА А. Ж.  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,  
Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжі,  
Жезқазған қ.

*«Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы.  
Адамның өзін-өзі тануы әсәне үнемі дамып отыруы,  
ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі»*  
**Қасым-Жомарт Тоқаев**  
**ҚР Президенті**

Қазақтың бас ақыны, ой дарабозы, ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармаларын оқу, білу, ондағы айтылған сөз жауһарын ұғыну, тереңінен түйсіне білуге талпыну – әр қазақ баласына артылған жауапкершілік, міндет. Себебі, өз алыбымыздың сол дәуірде айтылған әр өнеге насихатын бүгінгі ғасырда оқып-ақ,

өзектілігін, мағынасын ұғынуға болады деп білемін. Өйткені, Абай атамыздың шығармалары ұлтымыздың тұрмыс тіршілігін, мінезі мен дүниетанымын, ділі мен дінін түгел қамтиды. Сондықтан ұлттық жаңғыру ісінде ақынның еңбектерін басшылыққа алып ұтымды пайдалану қажет, себебі ақын көтерген мәселелер бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» [1, 16 б.], – деп Абай атамыз әрбір қазақ баласын өз елінің парасатты және ұлтжанды азаматы болуға шақырды. Кемеңгер ойшыл «атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, өмірдің мәні мен мақсатын Адам болу деп таныды.

Хакім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқын білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздеді. Яғни, Абай шығармалары елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін нығайтатын, мемлекетті сыйлаудың, билік жүргізетіндерге қойылатын талап-шарттардың мән-маңызын түсіндіретін темірқазық болуы тиіс. «Бас басына би болған өңшен қиқым, мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын» деп ашына айтқан кемеңгер тұлға, мемлекетті билеу формасының озық үлгісі ретінде меритократиялық құрылымға ерекше мән береді.

Бәрімізге мектеп бағдарламасынан бастап танымал төмендегі өлеңінің өзінде жас ұрпаққа үлгі боларлық қаншама тағылым мен тәрбие жатыр.

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ,  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терен ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой,  
Бес асыл іс көнсеңіз» [2, 65 б.]

Абайдың бұл сөздерінің мәні күні бүгінге дейін зор. Дәл қазіргі заманда айтылып отырған сөз деп ұғуға болады. Ақын айтқан «өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, орынсыз мал шашу» сияқты теріс әдеттерге біз күні бүгіннің өзінде де аяусыз күрес ашып, өз бойымыздағы осы әдеттермен күресіп келеміз. Ал өлеңде айтылып отырған «талап, еңбек, ғылым, қанағат, рахымы» да қазіргі тәрбиеге дәл келеді. «Талап ет, еңбек ет, ойлы бол, бір нәрсені өз бетіңмен іздеуге тырыс, досқа қайырымды бол» деп жас ұрпаққа үйретеміз, өзіміз де әдет қылуға тырысамыз. Абай айтқан бұл пікірлердің бәрі де бүгінгі тілекпен түгел қабысады. Сан ғасырлық Абай поэзиясы, ел қамын жақтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес.

Абай халықтың әл-ауқатының деңгейі, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірбандығы мен парасаттылығы, ұлттың ерекшелігі, салт-дәстүрінің дамуы – сол халықтың еңбек сүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін даналықпен болжады.

Абай поэзиясының ең басты ерекшелігі тәрбиелік тағылымы мол асыл мұрасы – ол өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты барынша толық бейнелеп берді. Бірақ, ақын шығармашылығы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, білім-ғылым түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыры әрі де жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы – ағартушылық көзқарасы қоғамның дамуындағы бір елеулі кезенді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді [3, 37 б.].

Мысалға алар болсақ, «Ескендір» поэмасы – Абай атамның ең үлкен күрделі шығармаларының бірі. Поэма Шығыста «Ескендір Зұлқарнайын» деген атпен белгілі, Еуропада Александр Македонский аталатын ежелгі грек қолбасшысының өмірі жайындағы аңызға құрылған. Сонымен қатар, ақын поэмаға ұлы ұстаз, дана, философ Аристотельді қосқан.

Аристотель Ескендір патшаның ақылына ақыл қосып, өзінің кеменгерлігін көрсетіп отырған. Ақын Ескендірдің өмірбаяндық деректерін дәл келтіреді де, оның дүние жүзін жаулап алмақ болған шапқыншылық саясатын сынауға ауысады. Поэмада жауыздыққа жетелейтін тойымсыздық екенін көрсете келіп, әділдік, даналықты соған қарсы қояды. Мұндай асыл қасиеттер Аристотель ұстаздың бойынан табылады.

Абай бабамыз шығармада Ескендірді сипаттау арқылы адам баласына жағымсыз мінездерге тоқталып өткен. Мысалы, Ескендір патшаның сонша жерді жаулап алып, қаншама елдің қанын төгіп, ақыры бір шөл далада адасып қалғанында алдынан шыққан бұлақтан су ішіп, кейін сол бұлақтың басын жауламақ болған ниетін сынға алады. Себебі даланың бұлағы да, тауы да, тасы да, барша адамзат баласына ортақ. Бұл патшаның тойымсыздығын көрсетеді. Тағы бір ақын суреттеген мінезі – ол патшаның даңқсүйгіштігі, мақтаншақтығы. Оны қақпа алдына барғанда, күзетші қақпаны ашпаған тұста «мен Ескендірмін» деп кеудесін соққандығы дәлел бола алады. Оған жауапты күзетшінің тілімен беретін болсақ:

Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!  
Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,  
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең [4, 79 б.].

Сонымен қатар, шығарманың ең көркем тұсы – ол адам баласының көз сүйегінің тойымсыздығы, бір уыс топырақпен теңесетінін сипаттау.

Шығарманың да айтар ойы – қанағатсыздық, тойымсыздық, ашкөздік, мақтаншақтық ешкімді алға жетелемейтін қасиеттер екендігін ұғындыру. Барға қанағат ете білу, бар жетістікке адал еңбекпен жетуді үндеуде деп ойлаймын. Бұл қазіргі ХХІ ғасырдың жастарының бойынан да кездесетін теріс қылықтар десек артық емес. Өнер-білімге емес, дүниеге құмарлық, тәкәппарлық, мақтаншақтық адамзат баласын ешқашан көкке көтермейді.

Сонымен қатар, ақынның философиялық ой-тұжырымдарын тек жырларынан ғана емес, ұрпаққа аманатталған қара сөздерінен аңғаруға болады. Ұлы ойшыл өзінің қара сөз жазудағы мақсатын түсіндіре кетіп, сөз басында «ғылым бағу» ісімен айналысқанды жөн көргенін ұғындырып өтеді.

«Ел бағу? Мал бағу? Ғылым бағу? Софылық қылып дін бағу? Балаларды бағу?» Осындай бес түрлі қоғамдық, экономикалық, ғылыми, діни маңызы бар және бала тәрбиелеу ісіне қалған өмірін жұмсаудан бас тартқан Абай «... ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде кім ішінен керекті сөз тапса жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», – деп ойын тұжырымдайды. [5, 3 б.]

Өмірден түйген тәмсілдері мен насихаттары жазылған қара сөздері қазіргі ғасырда оқысаң да еш өзектілігін жояр емес. Мысалы, Абай айтқан қулық сауу, көз сүзу, тілену, адам сауу (адам қанау) – өнерсіз иттің ісі. Ал мұндай теріс мінезден арылу үшін Абай қандай кеңес береді – еңбегінді сау дейді. Ал еңбекті сауу үшін бос күлкіден, жарамсыз қылықтан, мақтан-шықтан арылғанда ғана өнерсіз иттіктен кетесің дейді. Абай өнерге үйрену мәселесі адамның өміріндегі ең бағалы да қажетті іс екеніне көзімізді жеткізді. Бүгінгі өмірдің тауқыметі базар, нарық экономикасының ауыртпалығына тіреліп отырған халқы-мыздың мән-жайы, одан туындап отырған кеселдер сол Абай заманында да, бүгін де белең алып отыр. Ол Абай айтқан «Қулық саумақ көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» – дегендей қулық, көз сүзу, тілену, адам

адамның еңбек ақысын жеу арқылы өзінің мал мүлкін молайту, жастарымыздың, қала берді үлкенде-ріміздің де ісі, бүгінгі таңның ең бір жағымсыз қылықтарының бірі екеніне бәріміз де куәгерміз.

Ендеше, осы өткен дәуірде Абай бабамыз айтқан адам бойындағы теріс қылықтар, қыңыр мінез қазіргі ХХІ ғасыр жастарының бойынан да кездесіп жататынын мойындау қажет.

Әрине, тәрбиелі, иманды, ұлтын сүйгіш, жанашыр, бауырмал жастарымыз да жоқ емес. Алайда, кезінде өз заманының мұнын жырлаған ұлы ойшылымыздың көңілін күпті қылған кесір мінездер бүгінгі таңда да жоқ емес. Дәл сол өлең жолдарында бейнеленгендей, өз пайдасы үшін өзегіңнен тебетін ағайын, кез келген қалтарыста сатуға дайын жолдас, ақшаны арынан биік қойған аруларымыз бар, өкінішке орай... Отбасын асырау, ұл-қыздарына қорған болу–ер-азаматтан гөрі әйелдің мойнына артылған жауапкершілікке айналып келеді. «Ел аралап, ас ішіп, құр үйінде жатады» деп қазіргі замандағы ел жағдайын суреттегендей.

Қайтпек керек?! Бізге түзу жол сілтеп, «міне, осы кесірліктен сақтаныңдар» деп Абай атамыз болашақ жастарға насихат жолдады.

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атак, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсау керек деп санады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі

Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», – деген тұжырым ұсынды.

Ендеше, бойынды сабырсыздық, арысыздық, еріншектіктен сақтағын келсе, ерінбей білім ізден, сабырлылық танытып ғылым жолын зертте, өз ұрпағына үлгі болар арлы еңбек ете білу керек! Сол кезде ұлы бабамыздың да арманы орындалады!

Абайға деген бетбұрыс жаңа жаңғырып келе жатқан кезең халқымыз тәуелсіздік алған заманға тұспа-тұс келіп отыр. Дүние жүзі халықтары Абайды тану арқылы оны туып, өсірген халқын, елін тани бастады.

Абай ұлы ғұлама ақын, моралист – ойшыл, қазақ елінің, бүкіл түркі тектес халықтарының ортасынан шыққан әлемдік тұлға. Абайдың өмірі, істеген ісі, жазған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің айнасындай болып жатыр.

Абай шығармасының сая бағында өсу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының алдағы тұрған міндеттерінің бірі.

Абай – құбылыс, ғасырларда біртуар ғұлама. Оқуды өмірден алған. Оқуға зерек, ұғымға ұшқыр, талант, мектебі орта болған. Сондықтан да оның түрлі айтыстар мен даулардағы, мәжілістер мен кеңестегі айтқан пікірлері – дара өнеге, нақыл. Абай дүниеге өз көзімен қарап, көргені мен сезгенін жалтақтамай айтқан. Құдай берген даналық оны даралық жолына, данышпандық шыңына бастады. Өмір мен қоғамды барлап, болашақты болжап жазған әр шығармасы – осы шыңға, кейінгі мықжылдыққа жеткізер жолындағы баспалдақ [6, 13 б.].

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толған тойын республика көлемінде атап өтіп, оған атсалысу, сол арқылы ақынның өлеңдері мен қара сөздерін жаттап, оймен зерделеп, оны өмірлік азығына айналдыру – әр қазақтың міндеті. Бірер күн бұрын сондай ақ, ақынның туған күні 10 тамыз – ресми түрде «Абай күні» болып жарияланды. Өкінішке орай, еліміздегі төтенше жағдайларға байланысты кейбір ірі шаралар көлемді түрде өткізілмеді. Дегенмен, Абайды дәріптеуді, шығармасының тереңіне үңілуді өзімізден бастауымыз қажет. Ол шығармалар қай ғасырда өз маңызын жоғалтпасы хақ.

«Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан, Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет» [7], – деген ел Президентінің сөзін басшылыққа ала отырып, ақынның өзін әрі шығармаларын дәріптеу биылғы Абай жылында ғана емес, жас ұрпақ тәрбиесі жолында жүрген ұстаздардың үнемі жадында жүруі тиіс деп білемін. Абай бабамыз сенім артқан жастар болуға ұмтылайық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. Қызылорда, 1933, 17-б.
- 2 Жұмалиев К. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960.
- 3 Келімбетов Н. Қазақ әдебиет бастаулары. – А. 2001.
- 4 Исаев С. Қазақ әдеби тілі тарихы. – А. 1996.
- 5 Абайдың қара сөздері. – Алматы, 1998.

6 XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана, 2000.

7 <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>

## АБАЙ-ДАНА, АБАЙ-ДАРА ҚАЗАҚТА

ХИВАТДОЛДА А.

биология пәнінің мұғалімі, № 18 мектебі,  
Павлодар облысы, Екібастұз қ.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Абай поэзиясы – халық таңдауы, ол мәңгі жасайды, өлмейді, өшпейді. Заманымыздағы жайттарды өлеңмен өрген, суретін сөзбен салған-Абайдай асылдың қайталанбас туындылары – байлығымыз, баға жетпес мұрамыз деп білемін. Әлемге әйгілі болған Абай халқының жанашыры бола білді. Абай сөзі – халық сөзі. Жай сөз емес, әсерлі, өткір, әшекейлі сөз. Бірде өлең, бірде әңгіме, бірде қара сөз болған шынайы сөз. Табиғатпен де тілдескен, махаббатты да бейжай қалдырмаған, сегіз қырлы, бір сырлы Абай – менің пірім, «Хакім Абай» деген сөздің нағыз иесі. Абай халық қорғаны. Оған қарап халық бой түзеді. Қазақ халқын тану үшін Абайды білу керек. Сіз арқылы өзгелерге болмысымызды білгіздік, тұрмыс-тіршілігімізді таныттық. Дана болсаң, ақын болсаң, кеменгер болсаң ұлы Абайдай бол. Қара сөздеріңіздің құдіретін қаныма, бойыма сіңіре оқимын, от аламын, үлгі аламын. Хакім Абайды көктен іздеймін, жұлдыздардың жанынан жарқыратамын, асқақ тұлғаны жердегі пендеден биік қоямын. Құдіретті қаламын сиқыршы таяғындай бағалаймын. Қазақтың маңдайына біткен дара тұлға – Абайым, бағымыздың бес елі екенін сіз арқылы тағы бір мақтана айтамын. Ұлылардың ұлысы Алаш елінің тынысы болған данам осындай күш-қуатты қайдан алдыңыз?! Сізді өмірге әкелген анаңызға бас ием, ананың ғана емес, халықтың баласы болған. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі [12].

XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін.

Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн. Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді [20].

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған. Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнамайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады [43].

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Ол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламада және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім. «Педагог мәртебесі

туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы кез келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек. Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор. Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз. Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет. Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында. Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі [21].

Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге

шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі. Мемлекет ісінің мүдделесі Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек. Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал. Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамам дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды. Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі. Үкімет мүшелері, соның ішінде министрлер мен әкімдер мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар мәселелерге қатысты шешім қабылдаған кезде азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін ескеруі керек. Мұны Абай меңзеген әділетті қоғам қалыптастырудың бірден-бір шарты деп білемін. Ұлы ақын «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды» дегенді бекер айтқан жоқ. Елге билік жүргізетіндерге жұрттың көңілі толмайтынын да аңғартады. «Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ» замандастарымыз көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн. Мемлекет пен қоғам өкілдері түйткілді мәселелерді бірге талқылап, шешімін табу мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім

кенесін құрдық. Кенес формальды сипат алып кетпеуі үшін оның мүшелерімен арнайы кездесіп, жұмысын жіті қадағалап отырмын. Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген. Қазір Қазақстанда саяси жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Елбасының қолдауымен билікке басшылардың жаңа буыны келе бастады. Соған қарамастан, елімізде түбегейлі саяси өзгеріс керек деген ойлар да жиі айтылып жатады. Бірақ бұл мәселе бойынша ұлттық мәмілеге келудің, мемлекет мүмкіндіктерін шынайы бағалаудың және жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор. Өзгеріс деп байбалам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жай ғана популистік идеяларға табан тірейді. Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипат алды. Әлемнің түкпір-түкпірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткісі келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазаға құмар адамдар туралы Абай: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып», – дейді. Расында, бұл – кез келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс. Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай білуіміз қажет. Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал.

Болашақ ақын ел анасы атанған Зере әжесінің таусылмайтын аңыз-ертегілерін естіп, сөзге шебер Ұлжан анасының тәрбиесін көріп өсті. Абай алдымен әкесінің өз туыстарының балаларын оқытамын деп, «Ескітам» деген қоныста салдыртқан медреседе сауат ашты. Одан кейін ауылдағы Ғабитхан молдадан білім алды. Ал 10 жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқыды. Сол жерде араб пен парсы тілдерін меңгеріп шыққан. Абай дін оқуымен ғана шектелмей, білімін өз бетінше жетілдіруге тырысады. Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұламалардың шығармаларымен танысады. Орысша сауат ашады.

Қара жер сыз болмай ма?» сияқты өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық [8].

Абай мысал өлеңдерін шебер жаза білді. Ақын осы жанр арқылы қазақ халқының сол кездегі өмірін, адамдардың мінезі мен

іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелермен көркем жеткізді. Абай поэма жанрын да меңгерген. Оған «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» сияқты шығармалар дәлел.

Батыстың өркениеті мен философиясы, ғылымы мен мәдениеті Абайдың рухани жағынан өсуіне айтарлықтай әсер етті. Ол Батыс пен Шығыс мәдениеттерін шебер ұштастыра білді. Абайдың негізгі зерттеу объектісі – адам.

Абайдың іргелі еңбектерінің бірі әрі бірегейі – қара сөздер. Осы сөздердің бірнешеуі алғаш рет 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Артынан Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз және тағы басқа әлемнің көптеген тіліне аударылды [7].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай энциклопедия. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы. – ISBN 5-7667-2949-9
- 2 Есім Ф. Абай және Пушкин // Солтүстік Қазақстан. – 2006. – 9 тамыз. – 4 б.
- 3 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б. ISBN 9965-822-10-7
- 4 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл. ISBN 978-601-282-175-8
- 5 Бейсенбаев М. Мүрсейіт Бікіұлының әдебиеттегі орны // Абай. – 1994. № 4.
- 6 Сармурзин Ф. Өнеге. – Алматы: Жазушы, – 1975.
- 7 Жағыпарова И. Санамда жаңғырады бейнелерің // Жұлдыз. – 1999. – № 7 – Б. 164–181. 62 4. Анаш Д. Пұлылық қолтаңбасы // Алматы ақшамы. – 2011. – 29 қараша.
- 8 Мекайыл Абайұлы // Абай. Энциклопедия. – Алматы : Атамұра, 1995. – 720 б. 6. Әуезов А. Бала Мұхтар. – Алматы : Жазушы, 1967.
- 9 Мекайыл Абайұлы // Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Астана : «Руханият» орталығы, 2011. – 300 б.
- 10 Мұқанов С. Абай Құнанбаев. Монография // Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Он алтыншы том. – Алматы : Жазушы, 1980. – 169–391 б.

## МАЗМҰНЫ

### Пленарлық отырыс Пленарное заседание

<b>Мингазова Л. И.</b>	
Общие корни, общая духовность: литературные взаимосвязи татарской и казахской литератур в аспекте диалога культур (на примере творчества Абая Кунанбаева) .....	3
<b>Салқынбай А. Б.</b>	
Абай өлеңдеріндегі ой жүйесі мен мән гармониясы .....	6
<b>Ержанова С. Б.</b>	
Әл-Фараби мен Абай шығармаларындағы типологиялық түйісулер .....	15
<b>Абитова Ж. С., Сүлейменова Ж. Н.</b>	
«Толық адам» ілімі – интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы .....	24
<b>Шабажанова С. Қ.</b>	
Қайырлы күн, құрметті Әбілқайыр Бактыбайұлы, кадрменді конференция қатысушылары! .....	32
<b>Зейнулина А. Ф., Ибраева А. Т.</b>	
Абай шығармашылығындағы адамтану сөз табиғатының көркемдігі .....	34
<b>Абишев Д. Ж.</b>	
Абайдың рухани жан дүниесінің құлдырауы мен қайта жаңғыруы .....	41
<b>Ахат Н. А.</b>	
Абай және ұлттық рух .....	47
<b>Байсеитова С. Х.</b>	
Абай шығармашылығын оқыту әдістемесі .....	53
<b>Бакраденова А. Б.</b>	
Абай мен Шәкәрім жастар тәрбиесі туралы .....	60
<b>Бексултанова А. Б.</b>	
Абай Кунанбаев о проблеме нравственного воспитания .....	67
<b>Дубовая Т. В.</b>	
Чтоб человеком ты был... ..	72
<b>Дубовицкая О. Б., Дурманов Т. С.</b>	
Судебное и законотворческое наследие Абая Кунанбаева .....	77
<b>Елюбаева Н. Т.</b>	
Абай Кунанбаев о проблеме нравственного воспитания .....	84
<b>Жүсіпов Н. Қ., Шахажанова Г. К.</b>	
Қазақ эпостану мәселелері және С. Қасқабасов .....	90
<b>Калиева Д. А.</b>	
Өскелең ұрпаққа рухани тәрбие беруде, бүкіл халықтың ой-өрісін түбегейлі өзгертуі тиіс жаңа құндылықтарды қалыптастырудағы оның шығармаларының рөлі .....	99

**Смагул Д. С.**

Роль произведений Абая в воспитании подрастающих поколений, посвященных духовному воспитанию, прививанию новых ценностей, которые должны были кардинально изменить мышление всего народа .....

104

**Солтаналина К. К.**

Хакім Абай – әлемдік өркениет феномені .....

109

**Тлеулинова А. Ж.**

Жас ұрпақ тәрбиесіндегі Абай шығармаларының рөлі  
һәм өзектілігі .....

114

**Хиватдолда А.**

Абай-дана, Абай-дара қазақта .....

120



**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ХАКІМ АБАЙ-ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева  
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Компьютерде беттеген: Елемескызы А.  
Басуға 17.08.2020 ж.  
Әріп түрі Times.  
Пішім  $29,7 \times 42 \frac{1}{4}$ . Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 7,3. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 3647

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.